С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА



Әміреев Сәкен Әміреұлы

(1940-2021)

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Әміреев Сәкен Әміреұлы

Библиографиялық көрсеткіш

Алматы 2026 ж.

Алғыс сөз

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессоры, өзім сонау студенттік шақтан күні кешеге дейін жақсы білетін, көрген сайын жанындағы адамның жанын нұрға бөлеп жүретін марқұм Сәкен Әміреұлы Әміреев туралы жазу үшін қолыма қалам алған сәтте, жуырда ғана оқып бітірген, жүрегімді көп ойға тоқтатқан белгілі дінтанушы ғалым Қайрат Жолдыбайдың «Кемел адам» деген кітабындағы «кемел адам» деген сауалға берілген анықтамалар ойыма оралды. Онда кемел адам - жүрегі мейірім мен махаббатқа, ар мен ұятқа, әділет пен ынсапқа толған, көңіл айнасын, жүрек тазалығын барынша сақтай білген кірпияз кісі. Әділдікті хақ жолы деп біледі. Қандай қысымға ұшыраса да ақиқаттан айнып, әділеттен таймайды. Оның сөзі мен ісі, мінезі мен күллі өмірі әділеттен құралған. Өз ісінің шебері, нәпақасын адал жолмен, маңдай терімен табады. Айналасына үнемі қуаныш сыйлайтын көркем мінез иесі, елі мен жеріне қауіп төнсе, атойлап дұшпанға қарсы шабар батыр тұлға. Ол қасиетті құндылықтарын қорғау жолында жан беруді артық көретін, жұрт мүддесін жеке бас қамынан биік қоя білетін заңғар адам делінген. Міне, осы айтылған анықтамалардың барлығы өзім қатты сыйлап, құрмет тұтатын, өте мәдениетті, адамгершілігі зор, ұстаз ретінде ұлағаты мол, өзінен кейінгілерге үлгі-өнеге бола білген Сәкен ағамыздың бойынан табылатын асыл қасиеттер еді. Ол кісіні жоғарыда айтып өткенімдей, жастайымнан, нақты айтқанда осы университеттің студенті, оқытушысы, кафедра меңгерушісі одан осы ректоратта қызмет атқарған кездерден жақсы білетінмін. Студенттік кезде адам алдыңғы ағаларға қарап бой түзеп, осы кісідей болсам дейтін арман - мақсаты болады емес пе, Сәкен аға жалғыз менің ғана емес, мен сияқты талай жасқа өзінің барлық болмысы, жүріс-тұрысымен өнеге бола білген жан. Сәкен ағамыздың адамдармен, өзінің шәкірттерімен ара қарым қатынасы,олармен сөйлесу мәнері мен мәдениеті, беретін тәлім - тәрбиесі де айырықша еді. Ол кісіні көрген сайын қуанатынмын. Жүзінен нұр төгіліп, адамды өзіне тартып тұратын. Ал ғалым ағамыздың өзінің замандастары ғана емес, мүдделері ортақ универсиетіміздің белгілі тұлғалары Байзолданов Т.Б., Шортанбаев Ә.Ә. достық қарым-қатынастары да өздерінен кейінгі жастар, бізге үлкен тәрбие мектебі бола білді. Сонау алыс ауылда өсіп, асқақ арманға қол созған болашақ ғалым сол уақыттағы жұрты үшін айықпас дерт саналған бруцеллез дертін жеңудің жолын іздеп, ғылымға деген үлкен ықылысы мен талабы арқылы жеңіп, Қазақстан Республикасы ғана емес, өзге жұрттың да осы дертпен сырқаттануының алдын алатын, мүгедектіктен сақтайтын жолын тапты. Ал ол жолды табу жас ғалымға оңай соқты деп айта алмаймыз. Ол үшін ғалым қаншама қиындықтардан өтті десеңізші. Тапқан жаңалықты тәжірибеге ендіру жолында қаншама терін төкті. Тек бруцеллез емес, сіреспе, қызамық, қызылша деген қатерлі дерттердің алдын алуға, сауықтыруға болатын жалғыз жол - екпе (вакцина) екенін ғылыми дәлелдеп, екпе егуді Денсаулық сақтау министрлігінің күн тізбесінен ендірген бірегей ғалым Сәкен Әміреұлы Әміреев болғанын айырықша атап етуіміз керек. Ғалым ағамыз қаншама том-том кітаптар жазды. Ал ол кітаптарды жазу үшін қаншама ізденіс, еңбек қажет. Бұл да ғалымның

еңбекқорлығының бір дәлелі. Бүгінде ағаның маңдай тері мен мол ізденістерінің нәтижесінде жарық көрген сол оқулықтары тек Қазақстандағы медициналық оқу орындары ғана емес, алыс жақын шетелдегі медициналық оқу орындары пайдаланып отырған өте жоғары сұранысқа ие оқу құралдары болып табылады. Бұл оқулықтар ешқашан өз құнын жоғалтпайтынына сенімдімін. Кеше ғана елімізге ауыр дерт болып келген COVID-ке қарсы күресте эпидемиолог ғалым Сәкен ағамыз алғы шепте болды.

Медицина ғылымының эпидемиология саласының саңлағы, вакцина мектебінің негізін қалаушы медицина ғылымының докторы, профессор Сәкен Әміреұлы Әміреевтің біздің медицина саласына сіңірген еңбегі бір төбе болса, ол кісінің ұстаз деген ұлық жолдағы еңбегі бір төбе. Бүгінде халқымыздың денсаулық қауіпсіздігінің бас мамандары - эпидемиолог дәрігерлердің бас ұстазы Сәкен аға Әміреев дегенді нық сеніммен және мақтанышпен айтамыз.

Сәкен Әміреұлының кәсіби қызметі барысында практикалық дәрігерлерге арналған көптеген ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар ұйымдастырылып, төрт монография және төрт ғылыми еңбектер жинағы жарық көрді. Оның ғылыми жетекшілігімен жиырма бір докторлық, жиырма жеті кандидаттық және он жеті магистрлік диссертация қорғалды. Сонымен қатар жеті жүзден астам ғылыми еңбегі, алты томдық ғылыми шолуы, төрт базалық оқулығы және жиырма бес оқу-әдістемелік құралы жарияланды.

Эпидемиология саласы бойынша қазақ тілінде жазылған оқулықтардың да алғашқы авторы Әміреев екенін де мақтанышпен айырықша атап өтуіміз керек. Ғалымның еліміздің медицина саласына сіңірген ұшан-теңіз еңбегін азын-аулақ сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, ғалымның осы салаға сіңірген еңбегін шәкірттері мен ізін басып келе жатқан әріптестері жалғап, дамыта береді. Ғалымның хаты өлмейді, жақсы адамның жағып кеткен жарығы сөнбейді демей ме, тірі болғанда биыл сексен беске толатын Сәкен Әміреұлының соңына тастап кеткен мұрасы мәңгілік. Оған ғалымның сексен бес жылдық мерейтойына орай құрастырылып отырған осы кітап толық қуа болатынына сенімдімін. Ағаның ғылыми кітаптарын университетіміздің кітапханасына қабылдау бағытында атқарылмай келген шаруалар болып жатса, ол енді ғалымның еңбегін бағалау мақсатында жүзеге асырылатын іс-шаралардың бір бағыты болады деп айта аламын. Қолдан келгенше көмектесуге, қолдауға дайынбыз. Бұл ретте Сәкен ағамыздың қолдаушысы болып келген жұбайы Тұраш апамызбен тығыз қарым-қатынастамыз және ғалымның еңбектері ұмыт қалмасын деп осындай кітап құрастырып, оны кейінгі ұрпаққа рухани қазына ретінде қалуына үлес қосып жатқан университетіміздің кітапханасына алғысым шексіз. Сәкен ағамыздың екінші өмірі - ғылымға жағып кеткен шырағын сөндірмейтін ізбасар шәкірттері мен ол кісі іргесін қалап кеткен кафедра қызметкерлерінің еншісінде деп білемін. Сәкен ағамыздың жатқан жері жәннатта, төрі пейіште болып, отбасын, соңында қалған ұрпағы мен шәкірттерін рухымен қолдап жүргей.

Датхаев Убайдилла Махамбетұлы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Әлеуметтік даму және цифрландыру жөніндегі проректор

Ғалымның хаты өлмейді

Құрастырушы: С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Ғылыми кітапханаңың ақпараттық-әдістемілік бөлімінің меңгерушісі Салтанат Ахмедуллақызы Елеукенова.

Әміреев Сакен Әміреұлы: Библиографиялық көрсеткіш. /Құраст. С.А. Елеукенова.- Алматы, 2026.- 179 бет.

Бұл кітап библиографиялық көрсеткіш болғанмен, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессоры, эпидемиолог-вакцинолог, медицина ғылымдарының докторы Әміреев Сәкен Әміреұлының өнегелі өмірі мен медицина ғылымына сіңірген ерен еңбектерімен, профессор туралы естеліктер қамтылған.

Кітап жалпы оқырманға, медициналық оқу орындарының студенттерімен, эпидемиология саласына маманданған дәрігерлерге арналады.



Нағыз ғылым эпидемиолог пен тәжірибелік дәрігердің міндеті барлық болып жатқан оқиғаларға күдікпен қарап, және «осы немесе басқа да өзгерістер қайда, қашан, қалай, неліктен байқалады»? деген сұрақтарға жауап іздеу арқылы нақты шешілу жолдарын іздестіруді ұсыну (не істеу керек?). Жұмыстың мақсаты осы болуы тиіс

Б.Л.Черкасский

Ғұмырын медицина ғылымына арнаған ғалым

Сәкен Әміреұлы Әміреевтің, ғылымы, педагогикалық өмір жолынан қысқаша деректер



Сәкен Әміреев 1940 жылы 5 қаңтарда Алматы облысы Қабанбай (бұрынғы Андреев) ауданы Мұқай ауылында дүниеге келген, 1957 жылы Екпінді орта мектебін тамамдады. 1958-1964 жылдары Алматы мемлекеттік медицина институтында оқып, дәрігер - эпидемиолог маманы дәрежесін алды. 1964 жылы КССР Денсаулық сақтау министрлігінің Микробиология, эпидемиология және гигиена ғылыми-зерттеу институтына кіші ғылыми қызметкер болып қабылданды. 1967-1970 жылдары Алматы мемлекеттік медицина институтының (АММИ) аспиранты болды. 1970 жылы медицина ғылымдарының кандидаты дәрежесін иеленді. Ғылыми тақырыбы «Сочетанное течение токсоплазмоза и бруцеллёза» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 1970 жылы Мәскеу қаласында Жоғарғы аттестациялық комиссияда (ЖАК) қорғалып, КСРО академигі П. В. Петрищеваның пікіріне сәйкес ең үздік ғылыми еңбек ретінде бағаланды.

ҚССР ДС министрлігі жанындағы ғылыми Комитеттің тапсырмасы бойынша Әміреев Сәкенге Қазақстанда токсоплазмоз инвазиясының балалар арасында әртүрлі кемтарлықтар туындауына байланысты арнаулы бағдарламасын жасап, ғылыми - тәжрибелік зерттеу жүргізу тапсырылды.

Осы бағдарлама бойынша Қазақстандағы мүгедек балаларға арналған 17 мекемеде 3127 балаға зерттеу жүргізіліп, олардың 12-17 пайызында токсоплазмоздың салдарынан мүгедек болғандары анықталды. Олардың 12,7 пайызында көру қабылетінің нашарлауы, 16-17 пайызында олигифрения, дауна және басқа да нерв жүйесінің жарақаттануы анықталды. Зерттеу барысында бірнеше баланың жұлын сұйығынан токсоплазма паразиті бөлініп алынды. Токсоплазмозға серологиялық диагноз қою үшін арнаулы тест-жүйелер (РСК, ИФА) жасалып, оларды күнделікті тәжірибеде пайдалануға ұсынылды. Токсоплазмозға серологиялық диагноз қою үшін арнайы тест-жүйелер (РСК, ИФА) әзірленіп, оларды күнделікті тәжірибеде қолдануға ұсынылды. Халықты токсоплазмозға тексеру басқа қауіпті топтарда да жалғасын тапты. 1970–1975 жылдары Қазақстанның әртүрлі аймақтарында шамамен 18 мың адам тексеріліп, олардың 12,7 пайызында осы індетке шалдыққаны анықталды. Олардың арасында офтальмологиялық кемшіліктері бар, әртүрлі ішкі ағзалары зақымданған науқастар тіркеліп, оларға арнайы спецификалық ем-шаралар ұсынылды.

Әміреев Сәкен 1989 жылы Мәскеу қаласында «Научные и организационные основы эпиднадзора за бруцеллезам» тақырыбында медицина ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғады. 1992 жылы ЖАК шешімімен профессор ғылыми атағы берілді. С. Әміреев 1975–1995 жылдары Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтында бруцеллез бөлімін және зертханасын, кейіннен бөлімін басқарды. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің арнаулы тапсырмасы бойынша «Бруцеллез инфекциясының даму себептері мен оның алдын алу шаралары» атты Бүкілодақтық ғылыми-тәжірибелік бағдарламаны орындауға қатысты.

Нәтижелері:

- осы инфекцияның алдын алу мақсатында көп жылдар бойы жасалып келген (1957 жылдан бері) адамдарға бруцеллездің тірі вакцинасын қолданудың клиникалық-эпидемиологиялық және әлеуметтік тиімсіздігі оның халық денсаулығына зиянды екені дәлелденді. Осы бағытта Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы ұсынған «Рандиминизированное контролируемое исследование» атты дәлелді медицина әдістемесі қолданылды.

Алынған деректер ҚССР орындалғандықтан ДС министрлігінің арнаулы бұйрығы бойынша 2002 жылы тірі бруцеллез вакцинасын қолданыстан алып тастау туралы шешім қабылданды.

- 1985 жылы бруцеллез проблемасы сол кездегі Үкімет басшысы (Ұ.Караманов) отырысында қаралды. Осы мәселе бойынша қажет материалдарды дайындау С. Әміреевке тапсырылды. Қажетті шешім қабылданып, «Ветеринарлық-санитарлық қадағалау және емдеу-алдын алу жұмысын күшейту» туралы көптеген іс-шаралар атқарылды. Нәтижесінде осы инфекциямен науқастану деңгейі төмендеді. Емдеу, алдын алу шаралары жақсара бастады.

- ҚР ДСҰ (Дүниежүзілік сауда ұйымы) кіру үшін мал өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған ұсыныстар жасалды.

Профессор С. Әміреевтің бруцеллез проблемаларының әртүрлі салалары бойынша 2 монографиясы, 4 ғылыми жинағы, 6 томды ғылыми-әдебиеттерге

шолулары жарық көрді, 5 докторлық, 12-кандидаттық диссертация қорғалды (ғылыми-жетекші, ғылыми-кеңесші болды). 1978-1988 жылдары «Зоонозды инфекцияларға тиімді қадағалаудың ғылыми негіздері» атты Бүкілодақтық ғылыми бағдарламаны орындауға қатысты (жетекшісі академик Б.Л. Черкасский, Қазақстан Республикасы бойынша С. Әміреев).

Осы бағдарламаны орындау барысындағы жетістіктер:

Эпидемиялық процестің әлеуметтік-экологиялық концепциясы жасалды. Бұл қазіргі кездегі эпидемиология ғылымындағы ерекше маңызға ие болған теория деп есептеледі. С.Әміреев осы концепцияның қосымша авторы.

Зооонозды инфекцияларға қадағалау жүргізуге арналған «Карты эпизотолого-эпидемиологического обследования очага зоонозного заболевания» и «Вкладной лист к Карте» дайындалды. Бұл құжаттар күнделікті эпидемиологиялық тәжірибеге және жоғарғы медициналық оқу орындарының тәжірибелік сабақтарында қолданысқа енгізілді. Бұл құжат ССРО, ТМД елдерінде қазіргі күнге дейін пайдаланылады.

Қазақстанда осы бағдарлама аясында бірнеше ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар өткізілді. Тәжірбиелік дәрігерлерге арналған әртүрлі ғылыми жинақтар, әдеби шолулар ұсынылып баспадан шығарылды.

Олардың негізгілері:

«Эпидемиологический надзор за зоонозами», Алматы, 1988, монография, «Эпидемиология и эпизоотология бруцеллеза», Алматы, 1986, монография. Осы ғылыми еңбектер ҚР ДСМ «Әл-Фараби» медалімен марапатталды.

Профессор С.Ә.Әміреев 1995-2012 жылдары Қазақ Ұлттық Медицина Университеті эпидемиология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Бұл кафедра (бұрын курс болған) 1995 жылы С. Әміреевтің басшылығымен ұйымдастырды. Қазіргі кезде кафедрада негізінен С. Әміреевтің шәкірттері ұстаздық пен ғылыми жұмысты қатар атқаруда. Кафедрада 5 медицина ғылымдарының докторы (эпидемиолония мамандығы бойынша), 4 доцент, 4 аға оқытушы, 5 оқытушы-медицина магистры атағы бар мамандар қызмет атқарады.

Ғылыми жұмыстардың бағыты:

«Вакцинация мектебі» ТМД елдерінде алғаш рет ашылды.

Бағыты: мамандарды дайындау, ғылыми жұмыс, ҚР ДС және ӘД министрлігінде құрылған «Иммунизация бойынша кеңес беру Комитеті» жұмысын атқару (төраға орынбасары.).

Қызылша және қызамық инфекцияларына қарсы вакцинацияны толыққанды атқару және қадағалау арқылы ДДҰ осы инфекцияларды Еуропа құрлығында элиминациялау (сырқаттанушылықты болдырмау) туралы ҚР ДС ӘД министрлігі жанындағы жұмыс тобы мүшесі.

ҚР-да жаңа вакциналарды тәжірибеге енгізу: 2010 жылы пневмококктық пневмония инфекциясына қарсы вакцина тәжірибеге енгізілді. Қазіргі кезде жас балалар арасында осы инфекциямен сырқаттанушылық 50 пайызға, өлім-жітімділік 30 пайызға төмендеді. 2012 жылдан бастап жатыр мойыны обырынан туындайтын папиломавирусына қарсы 11-15 жас аралығындағы қыз балаларға екпе жүргізу іске асырылуда. Бұл 2012-2016 жылдары ҚР қабылдаған «Онкологиялық ауруларға көмек көрсетуді дамыту» бағдарламасы аясында С.Әміреевтің ұсынысы бойынша атқарылды жатыр, 1998 жылдан бастап

вирусты В гепатитке қарсы екпе іске асырылды. Осы екпені қабылдаған балалар арасында гепатиттің В түрі қазіргі кезде тіркелмейді. Бұл болашақта бауырдың қатерлі ісігін болдырмауға үлкен әсер етеді.

Халықты вакцинапрофилактика туралы ақпараттандыру және вакцинацияға қарсы халық арасындағы кейбір топтарға түсініктеме беру. Осы бағытта жылына 5-7 рет әртүрлі телеканалдарда, радиода, газет-журналдарда сұхбаттар беру, екпенің ғылыми-тәжірибелік қажеттілігін дәлелдейтін ақпараттармен қамтамасыз ету және т.б. жұмыстар атқарылды.

Педагогикалық жұмыс

1970-1995 жылдары дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында жұқпалы аурулар эпидемиологиясы, алдын алу шаралары мен эпидқадағалау принциптері тақырыптары бойынша әртүрлі инфекциялар туралы дәріс оқып, тәжірибелік сабақтар өткізді.

1995-2015 жылдары эпидемиология кафедрасында С. Әміреевтің арнаулы авторлық элективтік курстары ашылып, (әртүрлі өзекті тақырыптар бойынша) студенттерді оқыту іске асырылды.

Студенттерге, оқытушыларға арналған негізгі (базалық) оқулықтар жазылып оқу үрдісіне енгізілді, Олар:

1) Эпидемиология (жалпы эпидемиология)-1 том, 2002,2012

2) Эпидемиология (жеке эпидемиология)-2 том, 2004,2012

3) Медициналық паразитология,2005

4) «Жұқпалы және паразитарлық аурулардың стандартты анықтамалары және іс-шаралар алгоритмдері», тәжірибелік нұсқаулық 2007, 2008, 2009, 2011. 1-2 том (қазақ және орыс тілінде).

5) Осы тәжірибелік нұсқаулық оқырмандардың ұсынысы бойынша толықтырылып, 2-басым түрі баспадан қайта шықты (орысша және қазақша), екі томдық, 2014,2015ж.

6) «Жұқпалы ауруларға қатысты терминдердің түсіндірме сөздігі», Алматы, 2010

7) «Иммунизация на практике», Национальное руководство Алматы 2014

Аталған оқулықтар мен тәжірибелік нұсқаулықтар және 10 оқу құралдары ҚР Жоғарғы Медициналық Университеттерінде пайдаланылады және Қырғыз, Өзбек, Тәжік мемлекеттерінде күнделікті жұмыста, оқу бағдарламаларына енгізілді.

С. Әміреевтің қаламынан шыққан оқулықтар, тәжірибелік нұсқаулықтар, оқу құралдары саны-23 том, монографиялар, әдеби шолулар - 10 том. Ғылыми мақалалар - 547, соның ішінде 35 алыс шетелдерде жарияланған.

2010 жылы ҚР үздік оқытушы, 2012 жылы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің үздік оқытушысы атағымен марапатталды.

Жоғары мамандандырылған кадрлар даярлау:

→10 докторлық диссертация иелерінің ғылыми кеңесшісі.

→24 кандидаттық диссертация иелерінің ғылыми жетекшісі.

→1-Ph D диссертация иесінің ғылыми кеңесшісі.

→12 медицина магистрі атағын алғандардың ғылыми жетекшісі.

ҚР тек соңғы 15 жылда 10 Республикалық ғылыми-тәжірибелік (шет ел мамандарының қатысуымен) конференция, 2 халықаралық конгресс өткізілді.

Тәжірибелік семинарлар саны-27. Әр семинарда 67-95 тәжірибелік дәрігер өз білімдерін, дағдыларын жетілдіріп, оларға сертификат берілді.

Ғылыми-педагогикалық жұмыстардың нәтижелері АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Түркия, Израиль, Малайзия және Тайланд сияқты алыс шетелдерде өткен конгрестер мен конференцияларда баяндама түрінде таныстырылды.

ҒАЛЫМ – ҰСТАЗДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ эпидемиология кафедрасы – қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің бірі. Кафедра 1946 жылы санитарлық-гигиеналық факультетінде ұйымдастырылып, 1964 жылға дейін жұмыс істеді. Санитарлық-гигиеналық факультеттің (1964 ж.) Қарағандыға ауысуына байланысты кафедра жұқпалы аурулар кафедрасында эпидемиология курсына айналды. Ұйымдастырушы және алғашқы жетекшісі И.К.Карақұлов болды. Санитарлық-гигиеналық факультет қайта ашылғаннан кейін (1989ж.) 1995 жылы курс дербес эпидемиология бөліміне айналды. Оны 18 жылдан астам уақыт медицина ғылымдарының докторы, профессор С.А. Әміреев басқарды.



Кафедра қызметкерлері

Кафедра бүгінде эпидемиология саласындағы жетекші шетелдік мамандармен тығыз қарым-қатынаста ынтымақтастықпен жемісті қызмет атқарып келеді. 2011 жылдан бастап келуші профессорлар бағдарламасына сәйкес, кафедра корреспондент мүшелерімен оқу бағдарламалары мен шеберлік сыныптарын өткізді. РМҒА, профессор Н.И. Брико Эпидемиология және МГМУ Сеченов атындағы дәлелді медицина кафедрасының меңгерушісі; осы кафедраның доценттері - медицина ғылымдарының кандидаты Н. В. Торчинский және Р. В. Полибин; Е. Н. Колосовская - медицина ғылымдарының докторы, Санкт-Петербург мемлекеттік медицина университетінің инфекциялық аурулар, эпидемиология және иммунология кафедрасының профессоры; Марко Салеми (Marco Salemi), PhD - Флорида штаты (АҚШ), патология, иммунология және зертханалық медицина кафедрасының ассистенті.

2019-2020 оқу жылында ректордың бұйрығымен кафедра жалпы гигиена және экология кафедрасымен және қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау

кафедрасымен біріктірілді. Ол кезеңде кафедраны медицина ғылымдарының кандидаты, доцент С.М. Зикриярова уақытша басқарды. 2020 жылдың қыркүйегінен бастап эпидемиология кафедрасы АҚТҚ-жұқпасы курсы бар дербес кафедра болып құрылып, кафедра меңгерушісі болып медицина ғылымдарының кандидаты Г.А. Мергенова тағайындалды.



ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комитетін құру туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 27 ақпандағы № 116 бұйрығы

(2013.22.05. берілген өзгерістермен)

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 22 маусымдағы №436 бұйрығымен күші жойылды

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 23) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комитет құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған:
1) Иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комитеттің құрамы;
2) Иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комитет туралы ереже;
3) Иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комитеттің жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжүнісовке жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр С. Қайырбекова.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2013.22.05. № 301 бұйрығымен құрам жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2012 жылғы 27 ақпандағы
№ 116 бұйрығымен
бекітілген

Иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комитетінің құрамы

Ералиева Ләззат Тасболатқызы	-	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» (бұдан әрі - ҚазҰМУ) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - ШЖҚ РМК) инфекциялық балалар аурулары кафедрасының доценті, медицина ғылымдарының докторы - Иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комитетінің (бұдан әрі - ИҰКК) төрайымы;
Әміреев Сәкен Әміреұлы	-	ҚазҰМУ эпидемиология кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор - ИҰКК төрайымының орынбасары.

Педагогикалық жұмыс

1970-1995 жылдары Дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында жұқпалы аурулар эпидемиологиясы, алдын алу шаралары мен эпидқадақағалау принциптері тақырыптары бойынша әртүрлі инфекциялар туралы дәріс оқып, тәжірибелік сабақтар өткізілді.

1995-2015 жылдары эпидемиология кафедрасында С.Әміреевтің арнаулы авторлық элективтік курстары ашылып (әртүрлі өзекті тақырыптар бойынша) студенттерді оқыту іске асырылды.

Студенттерге, оқытушыларға арналған негізгі (базалық) оқулықтар жазылып, оқу үрдісіне енгізілді, Олар:

1) Эпидемиология (жалпы эпидемиология)-1 том, 2002,2012

2) Эпидемиология (жеке эпидемиология)-2 том, 2004,2012

3) Медициналық паразитология,2005

4) «Жұқпалы және паразитарлық аурулардың стандартты анықтамалары және іс-шаралар алгоритмдері»: тәжірибелік нұсқаулық 2007, 2008, 2009, 2011. 1-2 том (қазақ және орыс тілдерінде).

5) Осы практикалық нұсқаулық оқырмандарының ұсынысы бойынша толықтырылған, 2-басым түріне баспадан шықты (орысша және қазақша), екі томдық, 2014,2015ж.

6) «Жұқпалы ауруларға қатысты терминдердің түсіндірме сөздігі», Алматы, 2010 ж.

7) Иммунизация на практике», Национальное руководство Алматы 2014

Аталған оқулықтар мен тәжірибелік нұсқаулықтар, сондай-ақ 10 оқу құралы Қазақстан Республикасының жоғары медициналық университеттерінде пайдаланылады және Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мемлекеттерінде күнделікті жұмыста қолданылып, оқу бағдарламаларына енгізілген.

С. Әміреевтің қаламынан шыққан оқулықтар, тәжірибелік нұсқаулықтар, оқу құралдары саны - 23 том, монографиялар, әдеби шолулар - 10 том. Ғылыми мақалалар - ғылыми жұмыстар 547, соның ішінде 35 алыс шетелдерде жарияланған.





Бірінші курс студенті АГМИ



Студенттік шақ



Досы Ұзақпен Германияда Рейн өзенінде саяхатта



Сыныптастарымен бірге



Студенттік шақ



АГМИ: курстастардың жиырма жылдық кездесуі



Студенттік шақ

Жастықтың таңы атқан сол бір кездер,
Арманға толы еді әрбір мезгілдер.
Студенттік шақ — бал күндердей,
Жүректе мәңгі қалған іздер.

Түнгі әңгіме, ыстық күлкі,
Емтихан, үміт, жүрек дүрсілі.
Сол сәттер көзден кетсе де,
Жанымда сақтар жылу күші.

Бірге оқыдық, бірге өстік,
Арман қуып алға түстік.
Уақыт бізді алшақтатса да,
Достықпен қайта табыстық.


Қалалар бөлек, тағдыр басқа,
Бірақ сезім сол қалпында.
Студент күннің бір шумағы
Жүрек төрінде жарқырап тұр әрқашанда.



Бруцеллез мәселесі бойынша бүкілодақтық конференция. Алматы қаласы. Солдан оңға қарай: Т.Ш. Шарманов, П.А. Вершилова, С.Ә. Әміреев.



Ғылыми еңбек жазу оңай емес...





АГМИ-дің 1984 жылғы түлектерінің жирма жылдық кездесуі.







Ғалымдармен бірге



Ғылыми әріптестерімен кездескен бір сәт

Қандай жақсы достарыңмен бір жүрген...
Арасан моншасындағы достарымен кездесу











Дөңгелек шексіз ғалам бар,
Өтсе де қанша замандар,
Достық құшағын ашады
Біріне бірі адамдар.
Достарым – ай күнім,
Арайлы айдыным.
Сендерсің сарқылмас
Береке, байлығым.
Жетсе де жылжып жыл басқа,
Достардың жөні бір басқа.
Сағынысып көргенде,
Құшағын жайып тұрмас па?
Достарым, біргеміз,
Бөлінбес іргеміз
Арманмен, қиялмен
Қол создық күнге біз.

Абдрахман Асылбек



Ғылыми жетекшісі Б.Л. Черкасскиймен



Ғылыми кеңесте



Ташкенттен келген қонақтармен



Өткеннің бір парағы

Брико Н.И. Ресей Ғылым академиясының профессоры, медицина ғылымының докторы







Кафедра қызметкерлерімен



Бірлесіп көтерген жүк жеңіл – дейді қызметтестер



Бүгінгі студент, ертеңгі әріптестер



Халықаралық конференция сәті



Кафедрадағы кездесу



Мақсаты мен міндеттері тоғысқан әріптестер



Кездесуден естелік



Досы Құлахмет Құдайбергенұлы



Ойлар мен мақсаттар тоғысқанда




Әр тараптан ортақ мақсатпен келгендер





Малайзияда конференциядан кейін

«Қолданыстағы иммунизация» атты кітабының тұсаукесер рәсімі







Ғылыми еңбектің жарық көруі ерекше қуаныш







Ғылыми конференцияда





Ісіңді қолдар, ізіңді жалғар әріптестер





Ғалымның мерейін арттырған мерейтойлар

Глубокоуважаемый Сакен Амиреевич

05.01.2015



Администрация Университета, профсоюзный комитет и коллектив кафедры эпидемиологии поздравляет Вас с юбилеем - 75 летием! Вы наш Учитель и наставник и мы гордимся Вашими успехами и достижениями, основные из которых:

заведующий кафедрой эпидемиологии КазНМУ в течение многих лет;

Почетный профессор КазНМУ;

Член совета Старейшин КазНМУ;

Лучший преподаватель МОН РК и КазНМУ;

обладатель золотой медали «Санлак автор», присуждаемый Ассоциацией ВУЗов РК;

Автор учебников, Национального руководства, практических руководств, монографий и учебно-методических пособий и более 300 научных публикаций;

Член Международной общественной организации «Евро-Азиатское общество по инфекционным болезням»;

Зам. председателя Национального Консультативного Комитета по иммунизации МЗ РК;

Член рабочей группы по элиминации кори и краснухи МЗ РК;

Научный руководитель докторов и кандидатов медицинских наук, магистрантов и PhD докторантов;

Директор «Школы вакцинологии».

В этот праздничный день желаем Вам отменного здоровья, профессиональных успехов, новых возможностей и блестящих побед, оптимизма, стойкости в любых жизненных ситуациях, благополучия, добра и взаимопонимания.

Желаем всегда быть победителем и добиваться поставленных целей!

ЕҢБЕК ПЕН МҰРАТ

9

www.iskrazhetysu.kz / e-mail: iskra-jetisu.2012@mail.ru / тел.: 8(7282) 24-15-73 №01 (171) / 9 Қаңтар 2015 жыл



Медицина ғылымының докторы, профессор
СӘКЕН ӘМІРЕЕВ
75 жаста

Әріптестер лебізі:

Құттықтаймыз!!!

Құрметті Сәкен Әміреұлы! Кафедра ұжымы болашақ білікті дәрігерлер дайындаудағы кәсіби еңбегіңізді құрметтей отырып, Сізді адам өмірінің айтулы белесі - 75 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет Сізді болашақ дәрігерлерді дайындауда белгілі де, беделді маман, іскер, «мәртебелі профессор» деңгейіне көтерді.

Осындай еңбек пен жеке басыңыздың талапшылдығы отбасыңыз үшін ғана емес, өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де мақтаныш, абырой, жас урпақ үшін үлгі екендігі даусыз.

Сізге осындай мерейлі сәтте шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Қоғамымыздың игілігі, адамдардың салауатты өмірі жолындағы қажырлы қызметіңізде бұдан былай да абырой биігінен көріне беріңіз деген тілек білдіреміз!

АБЫРОЙЫ АСҚАҚ АЗАМАТ

Сәкен Әміреев Алматы облысы, Алакөл ауданы, Екпінді ауылында туып өскен. Бұл күнде медицина ғылымының докторы, профессор. 1958-1964 жылдары Әміреев Сәкен Алматы мемлекеттік медицина институтында оқып, дәрігер- эпидемиолог мамандығын алған. 1964 жылы КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, 1967-1970 жылдары АММИ аспиранты. 1970 жылы медицина ғылымдарының кандидаты атағын қорғады. Ғылыми жұмысы Мәскеудегі ЖАК-та жоғарғы аттестациялық комиссия шешімімен 1970 жылы қорғалған ең жетік ғылыми еңбек деп бағаланды. 1975–1995 жылы осы институттың бруцеллезді зерттеу бөлімін басқарды. 1995 жылдан Қазақ ұлттық медицина университетінде кафедра меңгерушісі болып қызмет етті. Ахмет Байтұрсынов атындағы сыйлықтың лауреаты.



Оңнан солға қарай: Әміреқызы Бижамал, Әміреұлы Тәңірберген, Әміреұлы Алдаберген, Әміреұлы Құдайберген, Әміреұлы Сәкен – 09.08.97 ж.

ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР НӘТИЖЕСІ

Сәкен Әміреев Қазақстанда бруцеллездің, малдан жұғатын, тағы басқа аурулардың таралу заңдылықтарын ашып, олардың алдын алу қызметін анықтады. 230-дан аса ғылыми еңбек, оның ішінде 2 монография жарияланған. ҚСРО ДС министрлігі жанындағы ғылыми Комитетінің тапсырмасы бойынша Әміреев Сәкен Қазақстанда токсоплазмоз инвазиясының балалар арасында әртүрлі кемтарлықтар туындауына байланысты арнаулы бағдарламасын жасап, ғылыми- тәжірибелік зерттеу жасаған. Осы бағдарлама бойынша еліміздегі мүгедек балаларға арналған 17 мекемелеріндегі 3127 балаларға зерттеу жүргізіліп, олардың 12-17%-да токсоплазмоздың салдарынан мүгедек болғандары анықталды. Олардың 12,7% көру қабілетінің нашарлауы, 16-17% олигофрения, Даун және басқа да жүйке жүйесінің жарақаттануы екендігі анықталды.

Зерттеу барысында бірнеше баланың (5 Даун симптомы бар) жұлын сұйығынан токсоплазма паразиті бөлініп алынды. Токсоплазмозға серологиялық диагноз қою үшін арнаулы тест- жүйелер (РСК, иммунофлюренттік реакция) жасалып, оларды күнделікті тәжірибеге пайдалануға ұсынылды. Токсоплазмозға халықтық тексеру басқа да қауіп топтарында жалғасын тапты.

1970-1975 жылдары Қазақстанның көптеген аумақтарында 18 000 адам тексеріліп, жалпы мөлшері 12,7% да осы індетке шалдыққандары анықталды. Олардың ішінде офтальмологиялық кемшіліктері бар науқастар, әртүрлі ішкі ағзалары жарақаттанғандар табылды. Оларға арнаулы спецификалық ем-шаралар ұсынылды.

Әміреев Сәкен 1988 жылы Мәскеу қаласында медицина ғылымдарының докторы атағын қорғады. 1992 жылы профессор атағын алды. 1975-1995 жылдары эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтында бруцеллез инфекциясының эпидемиология зертханасы ашылып, оны С. Әміреев басқарды. Денсаулық сақтау министрлігінің арнаулы тапсырысы бойынша



Сәкен ӘМІРЕЕВ туыстары: Бижамал әпкесімен, Шериздат жиенімен, ақын-ұстаз Алдаберген ағасымен

"Бруцеллез инфекциясының даму себептері мен оның алдын алу шаралары" атты Бүкілодақтық ғылыми-тәжірибелік бағдарламаны орындауға қатысып, осы инфекцияның алдын алу мақсатында көп жылдар бойы жасалып келген адамдарға бруцеллездің тірі вакцинасын қолданудың клиникалық-эпидемиологиялық және әлеуметтік тиімсіздігі мен халық денсаулығына зиянды екені дәлелденді.

Профессор С.Ә. Әміреев бруцеллез проблемаларының әртүрлі салалары бойынша 2 монография, 4 ғылыми жинақтар, 6 томды ғылыми-әдебиеттерге шолулар жазды. 5 докторлық, 12-кандидаттық диссертациялар қорғап, 1978-1988 жылдары «Зооноздық инфекцияларға тиімді қадағалаудың ғылыми негіздері» атты Бүкілодақтық ғылыми бағдарламаны орындауға қатысты. Эпидемиялық процесстің әлеуметтік-экономикалық концепциясы жасалды. Бұл қазіргі кездегі эпидемиология ғылымындағы ерекше маңызға ие болған теория деп есептеледі.

ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ - ДАРА ЖОЛ

Профессор С. Әміреев 1995-2012 жылдары Қазақ ұлттық Медицина Университеті эпидемиология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Қазіргі кезде кафедрада ол ұстаздық және ғылыми жұмысты қатар атқаруда. Сондай-ақ, Сәкен Әміреев ҚР-да жаңа вакциналарды тәжірибеге енгізу, 2012 жылдан бастап жатыр мойыны обырынан туындайтын папилломавирусқа қарсы 11-15 жас аралығындағы қыз балаларға екпе жүргізу секілді ұсыныстары ҚР қабылдаған "2012-2016 жылдары Онкологиялық ауруларға көмек көрсетуді дамыту" бағдарлама аясында атқарылып жатыр.

Ғылыммен айналыса жүріп, дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында жұқпалы аурулар эпидемиологиясы, алдын алу шараларымен эпидқадағалау принциптері тақырыптары бойынша әртүрлі инфекциялар туралы дәріс оқып, тәжірибелік сабақтар өткізді. С.Әміреевтің қаламынан шыққан оқулықтар, практикалық нұсқаулықтар, оқу құралдары, монографиялар, әдеби шолулары, ғылыми мақалалары шет елдерде де жарияланған.

Сонымен қатар, 10 докторлық диссертациялар иелерінің ғылыми кеңесшісі, 24 кандидаттық диссертациялар иелерінің ғылыми жетекшісі, 1-PhD диссертация иесінің ғылыми кеңесшісі, 12 медицина магистрі атағын алғандардың ғылыми жетекшісі. 2010 жылы «ҚР үздік оқытушысы», 2012 жылы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің «Үздік оқытушысы» атағымен марапатталды.

Бүкіл саналы ғұмырын ғылымға арнаған Сәкен ағамыз, ағайын мен туыстар арасында да сыйлы азамат екендігін мақтан тұтамыз.

Сәкен Әміреев отбасында асқар тау әке, ардақты ата, қадірлі жар. Тұраш атты аяулы жары екеуі Асқар Әлия есімді балаларынан 4 немере сүйіп отырған, өнегелі отбасы. Өзінің туған ағасы Алдаберген Әміреұлының «Ұрпағыма арнаймын» атты екінші кітабындағы мына жолдар сол ғалым нағашымызға деген, ағалық іліпатпен туған үзік ойлар екені даусыз.

Қыркыншы жыл қыста туды
Сәкенім,
Үш айдан соң қайтыс болды
әкеміз,
Келді біреу, кетті біреу - түгелміз,
Айырмапты жақсы-жаман
не екенін.

Өсіргенбіз, титтейінен мәпелеп,
Ол түсінді бауырларын «әке» деп,
Бұған сіңген азды-көпті еңбектер,
Текке кетпей қайтып жатыр
есепке.

Мінеки, Сәкен бауыр -жарық
жұлдыз,
Мұндай жұлдыз көп болса
төлеңдей жұз,
Қайдауылдан бірінші ғалым
шығып,
Риза болып тәңірге енді тұрмыз.

Еңбегінің пайдасы көп халыққа,
Тиді міне, шарапатың жалпыға,
Ғалым біткен сырын ашып
ғылымның,
Мұра етіп, қалдырған гой артына.

Табиғат жақсылығын берсе екен,
Таланты жас соңынан ерсе екен,
Бала-шаға аман боп,
бақытты боп,
Еңбегінің қызығын көрсе екен.

Осы айтылғандарға қосымша, әке орнында жүрген нағашым - Сәкен Әміреұлының 75 жылдық мерейлі тойында, яғни бүгінгі өмір белесінде, шынында да, мерейі үстем, абыройлы азаматтардың қатарында жүргенін мақтан тұтамын.

Қадірлі нағашымды мерейлі тойымен құттықтап, деніне саулық, шаңырақ шаттығы мен баянды бақыт тілеймін.

Шериздат ҚҰРМАНҒАЛИҰЛЫ

Сәкен нағашыма АРНАУ

Білімдіге қиянат – дәріс бермеу,
Жарты ғасыр жүргіздің ғылыми
зерттеу,
Ғылымға көмегі көп жетекшісің,
Ақталды терген еткен еңбегіңіз.

Өмір деген тұрады гой күрестен,
Сәкен ага еңбектенін күн кешкен,
Ғылым шыңын бағындырған
ағамыз,
Көрінді көп биіктерден, белестен.

Инемен құдық қазған еңбегіңіз,
Сонда да бір шаршадым демедіңіз,
Ерен еңбек еттіңіз еш шаршамай,
Халқыңа пайда әкелдің
ұшан-теңіз.

Әр белеске шыққан сайын,
әр уақытта,
Қарап артқа, туған-туыс,
жегжатқа,
Жанашыр боп бәріне Сіз жүресіз,
Көмек қолын ұсынып
сырқаттарга.

Еңбектері үлкендердің ақталды,
Білім-ғалым жолы гана
жақталды,
Саналы өмір сарп етіліп – 50 жыл,
Құрандағы жәннат жолы
сақталды.

Шериздат САПАРҒАЛИЕВ
Экология академиясының мүше-корреспонденті, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты

Мерейтойлық конференциядағы ғалымдардың лебіздері



















Жақсы көретін ініге ағалық ізгі тілекпен сыйлаймын!
Бауырдай қауыштырған қолтаңба

Аса қадірлі Сәкен Әміреұлы!

Қазақстан медицина ғылымының жарқын жұлдызының бірі және бірегейі ҚР оқыту ісінің нағыз майталманы, жастарды ғылым-білімге баулудың шаң жуытпас тарланы Сәкен Әміреұлының дүние есігін ашқанына үстіміздегі доңыз жылының 5 қаңтарында аттай 80 жыл толып отыр.

Бір ғажабы бала Сәкен бойында табиғи тылсым күш болғанын мойындауға тура келеді, неге десеңіз малды ауылда өскен жас өз алдына биік мақсат – адам (қоғам) денсаулығын «қалайша жақсартам» деген талап қойды. «Талапты ерге нұр жауар» дегендей, Алматы медицина институтын бітірісімен қиындығы ұшан теңіз, болашағы мұнарлы эпидемиология мамандығын игеруге бар күш-жігерін жұмсады. Ол сонау аспиранттық кезеңнен бастап ғылым құндылығын тереңдете қазумен қатар, оқытушылық тауқыметін бірге атқаруға машықтанды.

Үздіксіз ізденістер мен тәжірибелер барысында ұйқысыз өткізілген түндер көп ұзамай медицина ғылымдарының кандидаты (1970), докторы (1989) ғылыми дәрежелерін алуға қол жеткізді.

Сәкен Әміреұлы медицинамен қатар ветеринария саласына қомақты үлес қосқан әмбебап ғалым, оған токсоплазмоз бен бруцеллезге қатысты ғылыми еңбектері мен басылымдары дәлел.

Сәкен Әміреұлы – жігерлі, табанды, тайсалмас басшы. Ол КИЭМ-де бруцеллез зертханасын, ҚазҰМУ-де эпидемиология кафедрасын, Әспетов атындағы вакцинология мектебін, сондай-ақ Астанада Екпелер жөніндегі консультативтік комиссияны ұйымдастырып, осы ұйымдар мен ұжымдардың жұмысын абыроймен атқарды. Бұл – оның жаңашылдыққа бейімділігінің айқын дәлелі.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Сәкен Әміреұлының ғылыми-педагогикалық жетістіктері жаңа бағытқа бет бұрды. Соңғы онжылдықта осы бағыттағы ондаған томдар қазақ, орыс тілдерінде баспадан шықты, бұдан біз Сәкен Әміреұлын қазақ тілінің жанашыры екендігін, ҚР-да қос тілділік саясатының толық сақталғандығын көреміз.

Сәкен Әміреұлы – өте кең пейілді, мейірбан қаламгер. Оның әріптес авторларының қатарында кафедра қызметкерлерімен қатар қазақстандық ғалымдар мен тәжірибелі дәрігерлер, сондай-ақ Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да елдерден келген мамандар бар. Жалпы әріптес авторларының саны 50-ден асады.

Сәкен Әміреұлы - ұлағатты ұстаз, оның ғылыми жетекшілігімен 27 ғылым кандидаты мен 11 ғылым докторы, 17 магистрант мен PhD-докторлары өз еңбектерін қорғап, тиісті дипломдарын алды.

Сәкен Әміреұлының медицина ғылымы мен тәжірбиесіне қосқан жаңашыл үлесі орасан зор:

- мал шаруашылығы мамандарын бруцеллезге қарсы иммунизациялау тиімсіздігі дәлелденіп, ол тоқтатылды, нәтижесінде айтарлықтай экономикалық шығын үнемделді;
- жұқпалы және паразитарлық аурулардың стандартты анықтамалары мен іс-шаралар алгоритмдерін әзірлеп, оларды күнделікті эпидемиологиялық

қадағалау тәжірибесіне енгізу жүзеге асырылды. Бұл тәжірибе ТМД елдерінде алғаш рет қолданылып, оның экономикалық тиімділігі жоғары екені дәлелденді.

- ТМД елдерінде Ресейден кейін алғашқы болып Сәкен Әміреұлы «Қолданыстағы иммунизация» Ұлттық нұсқаулығын тәжірибеге енгізді. Бұл шара вакциналармен реттелетін бірқатар жұқпалы ауруларды азайтуға және кейбірін элиминациялауға мүмкіндік берді.
- Сәкен Әміреұлының еселі еңбегі жоғары бағаланып, оған ҚР «Үздік оқытушы» атағы берілді. Сондай-ақ ол Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанып, ондаған мақтау қағаздары мен сертификаттарға ие болды.
- Сәкен Әміреұлы «аларымды алдым, берерімді бердім» деп қарап отырған жоқ. Бүгін де ол ғылыми-педагогикалық қызметін белсенді түрде жалғастыруда.
- Кафедра ұжымы Сәкен Әміреұлына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қоғамға кіршіксіз қызмет етуін тілейді және «пайдаңды жақсы білсең, көпке тигіз» қағидасын әрқашан ұстануын қадағалайды.

СЕКСЕН ДЕГЕН СЕҢГІР ЖАС





Сексен жылдық мерей тойдан естеліктер









ҚазҰМУ проректоры Датхаев Убайдилла Махамбетұлы Сәкен Әміреұлының 80 жылдық мерейтойына орай алтын медальмен марапаттады.



Өзің туралы шәкіртіңнің жақсы сөзін есту бір ғанибет



Сыйлағанға сыйлы сөз айтудың өзі үлкен кісілік



Ғалым туралы пікірлер тоғысқан басқосу





Өзі жақсыға қашанда бір кісілік орын бар





80 жылдық мерейтой достарымен

80
лет

Уважаемый
Сакен Амиреевич!

Примите наши искренние поздравления по случаю Вашего 80-летия со Дня рождения!

Ваш огромный профессиональный опыт, умение трудиться с полной отдачей, увлеченность наукой снискали высокий авторитет и уважение в научных кругах страны и за рубежом.

Принимая участие в разработке ряда ключевых программ развития эпидемиологии, Вы предложили много эффективных инновационных решений, основанных на глубоком анализе передового мирового опыта и новейших достижений науки.

Мы благодарны Вам за бесценные и профессиональные знания, которыми Вы делитесь с подрастающим поколением. Ваш талант ученого и педагога служит примером для студентов и молодых ученых.

На протяжении многих лет Вы вырастили огромную плеяду ученых для нашего суверенного Казахстана.

В этот знаменательный день по случаю Вашего Юбилея примите наши сердечные пожелания доброго здоровья, счастья, неиссякаемой энергии, творческих сил, благополучия, оптимизма и успехов во всех Ваших делах! Пусть накопленный жизненный опыт и мудрость помогут Вам достичь новых высот!

С глубоким уважением –
Коллектив кафедры эпидемиологии
и общественного здоровья с курсом ВИЧ инфекции
НАО «Казахский национальный медицинский
университет им. С.Д. Асфендиярова



Құрметті Сакен Әміреұлы, мерей тойыңыз құтты болсын!

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Сексен жастың құтты болсын белесі!

Танытып еңбекпен сан қырыңды,
Жақсыға шашу еткен жан нұрыңды.
Бөленіп құрметіне қалың жұрттың,
Арнаған өз еліңе тағдырыңды.

Ақ айдынға салып бақыт кемесін,
Жарқын жүзбен қуанышпен келесіз,
Бәйтерексіз жапырағы жайқалған,
Барша жұртқа жақсылығы байқалған.

Қадірлі Сакен Әміреұлы, сізді адам өмірінің айтулы белесі 80 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Құрметті **Сакен Әміреұлы** – сіз, медицина саласына қосқан үлесіңіз бойынша тек өз отанымызда ғана емес, шет мемлекеттерде де отандық эпидемиология мектебін құрушы, тамаша педагог, дарынды Денсаулық сақтау ұйымдастырушысы ретінде танымалсыз. Медицина ғылымдарының докторы, профессор ретінде эпидемиология және вакцинологияның түрлі салаларындағы қомақты ғылыми еңбектеріңізді және жемісті практикалық қызметіңізді, осыған орай жеткен нәтижелері мен жетістіктеріңіз, ие болған құрметтеріңізді еліміздің және өзге мемлекеттердің медициналық қоғамдастығының кең ауқымы мойындайды.

Қазіргі таңда, сіздің қаламыңыздан шыққан оқулықтар, практикалық нұсқаулықтар, оқу құралдарының барлық саны – 23 том, монографиялар, әдеби шолулар – 10 том, ғылыми мақалалар – 547, соның ішінде 35 алыс шет елдерде жарияланған екен.

Сакен Әміреұлы, сіздің студенттерге және оқытушыларға арналған, медицина саласына арналған оқулықтар: «Эпидемиология (жалпы эпидемиология)», «Эпидемиология (жеке эпидемиология)», «Медициналық паразитология», «Жұқпалы және паразитарлық аурулардың стандартты анықтамалары және іс-шаралар алгоритмдері», «Жұқпалы ауруларға қатысты терминдердің түсіндірме сөздігі», «Практикадағы иммунизация» және т.б. көптеген маңызы зор жұмыстарыңыз еліміздің, және де Қырғыз, Өзбек, Тәжік мемлекеттерінің медициналық университеттерінде оқу бағдарламаларына енгізілген және медицина мамандарының күнделікті жұмыстарында қолданыс табуда. Осы ғылыми еңбектеріңіз бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігінің «Аль-Фараби» медалімен марапатталғаныңыз мәлім.

Атап өтетін жайт, сіздің ғылыми-педагогикалық жұмыстарыңыздың нәтижелері көптеген алыс шетелдеріндегі конгрестерде, конференцияларда баяндама түрінде таныстырылған. Сіз 2010 жылы ҚР үздік оқытушы, 2012 жылы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің үздік оқытушысы атағымен марапатталғансыз. Жалпы адамзаттың патологиялық тақырыбы ретінде сіз бруцеллез проблемаларының әртүрлі салалары бойынша 2 монография, 4 ғылыми жинақтар, 6 томды ғылыми-әдебиеттерге шолулар дайындап, жарыққа шығардыңыз. Сіздің жетекшілігіңізбен ғылыми 5 докторлық, 12-кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әркилы. Сіздің терең біліміңіз, берік ұстанымыңыз, іскерлік қабілетіңіз ерекше бағалы.

Құрметті Сакен Әміреұлы Сіздің ерекшелігіңіз: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға, дана ұстаз, абыройлы аға және іскер әрі мәртебелі профессорсыз. Қоғамымыздың игілігі, халықтардың ден-саулығы және салауатты өмірі жолындағы қажырлы қызметіңізде дәлелдедіңіз. Өзінің өнегелі өмір сокпағында ұстаздық пен ғылыми қызметкер ұлағатын ұлықтап, әлемдік деңгейде ұлттың мерейін үстем еттіңіз!

Құрметті Сакен Әміреұлы, мерей тойыңыз құтты болсын, сізге әрқашанда зор денсаулық, ұзақ жас, өмірдің, ұрпақтың қызығын көре беруді тілейміз!

Ізгі ниетпен М. Айқымбаев атын. аса қауіпті инфекциялар Ұлттық ғылыми орталығының ұжымының атынан, бас директор, медицина ғылымдарының докторы, профессор **Т.К. Ерубаев**



Дорогой мой друг и соратник Сакен Амиреевич!

Примите мою искренную радость за Вашу великолепную дату - 80-летие со дня рождения!
Я всегда рассказываю своим студентам о Вас, как о крупном ученом, настоящем эпидемиологе и чрезвычайно отзывчивом человеке. Я благодарен Вам за то, что являюсь соавтором изданной Вами великолепной книги «Стандартные определения случаев и алгоритмы мероприятий при инфекционных (паразитарных) болезнях» в 2-х томах. Я уверен, что у Вас есть еще много сил и опыта для продуктивной работы и обогащения современной эпидемиологической науки и практики.

Николай Иванович Брико



Уважаемый Сакен Амиреевич!

Я с огромным уважением отношусь к Вам как к ученому-эпидемиологу и труженику на поприще выбранной Вами профилактической медицины, вершиной которой я считаю «Эпидемиология». Мое восхищение Вашему трудолюбию и продуктивности в данной стези абсолютно искренно! Конечно же я Вам желаю еще много лет жизни, полной радости, благополучия и здоровья. Также я знаю Вашу искренность своим друзьям, к которым отношу и себя! Удачи Вам во всем, а оно приходит только к тем, кто любит свою профессию и отдает все силы для осуществления своих научных замыслов.

Ваш друг и соратник по совместной подготовке интересных и оригинальных Руководств.

Владимир Петрович Сергиев

Глубокоуважаемый Сакен Амиреевич!



Вас поздравляю с Юбилеем!
С особой датой, важным днем,
Ведь Вы для целых поколений
Учитель и пример во всем.
От всей души спасибо Вам!
За благородство мыслей Ваших!
За мир Ваш светлый и большой!
За то, что став немножко старше,
Вы молодеете душой!
За то, что в жизненных вопросах
Вы — наша совесть, ум и честь!
Желаю Вам здоровья, да покрепче.
Всегда быть в обществе родных для Вас людей,
Чтоб счастье было бесконечным,
Чтоб наслаждаться жизни каждым днём.
Желаю Вам Здоровья и тепла,
И чтоб, не зная зла и бед,
Жизнь, как широкая река текла.
Большого счастья, долгих лет,
И новых жизненных побед!
Сегодня 80 - не мало
И много пройдено в пути,
но сколько же еще свершений
Вас ожидает впереди!
Желаю бодрости и силы духа,
Желаю всем мечтам осуществиться,
все беды пусть обходят стороной,
В душе всегда господствует покой!

Елена Николаевна



Елі елеген еңбектеріне берілген марапаттары








Ресей ғылым Академиясының академигі Б.Л. Черкасский

КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ – COVID-19

Бұқаралық ақпарат құралдарында



Эпидемиолог ғалымға жеті сұрақ

Сәкен Әміреев С.Ж. Аспендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті эпидемиология кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі белгілі эпидемиолог - галым, эпидемиология пәнінің 6 томдық оқулығының, көптеген оқу - әдістемелік нұсқаулардың, 270 ғылыми мақалалардың авторы, эпидемиология мамандығы бойынша 5 ғылым докторы, 22 ғылым кандидатын дайындаған, 2008 жылы ҚР Ғылым және білім министрлігінің «Қазақстанның үздік оқытушысы» атағының жеңімпазы, 2009 жылы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің «Алтын қоры» номинациясының жүлдегері

«Эпидемиология» ұғымың анықтап берсеңіз?

Жауап: «Эпидемиология» термині гректің үш сөзінен тұрады: epi - ел іші + **demos** - халық + **logos** - ғылым, яғни халық арасындағы қандайда көп таралған құбылысты зерттейтін ғылым деген түсінікті білдіреді. Басында бұл түсінік көп таралған қауіпті жұқпалы аурулардың, мысалы обаның, тырысқақтың, сүзектің, қара шешектің және т.б. таралуын зерттеу деген мағынада пайдаланылған.

Шын мәнісінде эпидемиология - медицинаның бір тармағы ретінде адамдардың арасындағы (қоғамдағы) жұқпалы аурулардың пайда болуын, таралуын, тоқталуын зерттейтін және алдын - алу шараларын қарастыратын ғылым.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының берген тұжырымдамасында (1960) ***«Эпидемиология - медицина ғылымының дербес тармағы болып саналады және адам қоғамындағы жұқпалы аурулардың пайда болуы мен таралу себептерін зерттейді. Бұл бағытта жинақталған білімді осы аурулармен күресуге, алдын-алуға, тіпті, біржола жоюға жұмсайды», - делінген.***

Қазіргі кезде «эпидемиология» терминін кең мағынада пайдаланатын болды, яғни халық арасында көп таралған жұқпалы емес аурулардың пайда болуын зерттейтін ұғым ретінде де пайдаланылады. Мысалы, қатерлі ісіктің, қан қысымы жоғарылауының (гипертония) және жүрек-қан тамырлары ауруларының және т.б. жұқпалы емес аурулардың эпидемиологиясы деген де ұғым қалыптасты.

Осыған орай «жұқпалы емес» және «жұқпалы аурулар» эпидемиологиясы деген түсініктердің басын ашып, олардың басты ерекшеліктері мен ұқсастығына тоқталсаңыз?

Жауап: Бұл жерде осы екі ұғымға нақты тұжырым жасалуы керек. Алдымен «қандай да бір себепсіз ешқандай құбылыс (ауру) болмайды» деген философиялық қағиданы еске алайық. Бірақ себептік деп тек ауруды тудыратын факторды айту керек. Мысалы, зақым келтіретін затсыз - жарақат, химиялық агентсіз - химиялық улану болмайды. Осы сияқты патогенді микроорганизмдерсіз, сыртқы ортаның жағдайы қандай да қолайсыз болғанымен, организмнің қабылдағыштың қасиеті болмаса, ешқандай жұқпалы ауру пайда болмайды. Осыған орай әрбір ғылым тармағының өзіне тән зерттеу

объектісі болады. Жұқпалы аурулардың зерттеу объектісі - «эпидемиялық процесс», ал бұл процесс қоздырғыш микробсыз, қабылдағыш организмсіз, берілу механизмінсіз пайда болмайды. Бұл үшеуі эпидемиялық процестің қажетті үш шарты (элементі) болып саналады. Жұқпалы аурулар эпидемиологиясы жеке ғылым болып қалыптасуының себебі - ол әрбір жұқпаның өзіндік қоздырғышы (микробтар, вирустар, құрттар, қарапайымдылар) болуымен сипатталады. Бұл негізгі шарт, яғни жұқпалы аурулардың қандай түрі («нозологиялық түрі») болса да олар этиологиялық факторлардьщ (бұл жерде микроорганизмдер деп ұғыну керек) әрекетімен, науқастың патогенезімен (даму механизмімен, өтуімен, аяқталуымен), клиникалық - анатомиялық белгілерімен және т.б. қасиеттерімен сипатталады. Әр жұқпалы аурудың тек өзіне тән қоздырғыппы, басты клиникалық белгілері бар. Сондықтан ол жеке нозологиялық түр бола алады. Осы ерекшелік іш сүзегінің белгілерін тырысқақтан, дифтерияны қызылшадан, безгекті бөртпе сүзектен және т.с.с. айырады.

Жұқпалы аурудьщ пайда болуының тағы бір басты ерекшелігі - қоздырғыпптың (микроорганизмнің) паразиттік (паразитизм) феномені. Бұл эпидемиялық процесті анықтайтын екінші басты қасиет, яғни жұқпалы аурулар эпидемиологиясыньщ дербес пән (ғылым) екенін дәлелдейтін қасиет. Паразитизм феноменіне аздап тоқталайық. «Паразитизм» - әр түрлі екі тұлғаның (микроб және макроорганизм), яғни адам, хайуанат, өсімдік) өзара қарым-қатынасын сипаттайды. Мұнда бірі - паразит (микроб), екіншісін (иені) өніп-өсу үшін пайдаланады, сонда мекендейді, дегенмен өзара қайшылықтың салдарынан ауру, яғни инфекциялық процесс пайда болады («инфекциялық процесс» эпидемиялық процестің бір бөлігі ғана). Бұл қайшылық паразит жағынан залал келтірушілік болып саналса, ал иесінің (макроорганизмнің - адам, хайуан) қимылы - қорғаныштық қызмет атқарады.

Биологияда, соның ішінде медицинада «патогендік» (грек, **pathos** - зардап шегу, ауру + **gennao** - жасау, өндіру, ауру тудыру) термині тек қана микробтарға, вирустарға, яғни қоздырғыштарға ғана байланысты ұғым емес. Сондықтан оған ауру тудыратын (мысалы, химиялық затқа, механикалық әсер етуге және т.б.) мүмкіндігі бар кез-келген факторды жатқызуға болады. Осыған байланысты кез-келген паразит патогендік фактор болып табылады, бірақ кез-келген патогендік фактор паразит бола алмайды. Осы жерден «жұқпалы» және «жұқпалы емес» аурулардың ерекшелігін байқауға болады. Сонымен осы екі ұғымды ажырату үшін, пайда болған жұқпалы аурудың жұқпалы емес сырқаттардан клиникалық белгілері жағынан да кейбір ерекшеліктерге ие екенін ескеру керек. Мысалы, көпшілік жұқпалы аурулар белгілі бір ретпен дамиды (патогенезі), яғни пайда болады, күшейіп дамиды және бірте-бірте бәсеңдейді; ауру процесі айқын клиникалық белгісіз, жасырын («сау») тасымалдаушы түрінде өтуі мүмкін; көбінесе бір ауру (жұқпа) екінші рет қайталанбайды, себебі науқастанған адамда осы қоздырғышқа қарсы күресуге қасиет (иммунитет) пайда болады, ал кейбір жағдайда мұндай сақтанушы қасиеттің күші шамалы болғандықтан, қайталап жұқтыруы да мүмкін. Аталған ерекшеліктер «жұқпалы емес» ауруларда болмайды. Олардың басқаша ерекшеліктері бар, олар: көптеген кең таралған науқастардың нақты этиологиясы белгісіз, ал белгілі болса да олардың рөлі жете

дәлелденбеген (қан тамырының қатаюы, қан қысымының жоғарылауы, қатерлі ісіктер, жүйке аурулары - шизофрения және т.б.); бір этиологиялыгқ фактор көп жағдайда клиникалық - морфологиялық сипаттамасы жағынан әртүрлі аурулар туғызады. Мысалы, шылым шегу жүрек қан жүйесіне қатерлі болуымен қатар, өкпедегі қатерлі ісікке себепкер болады және т.б., керісінше бірнеше этиологиялық факторлардың әсерінен клиникалық - анатомиялық белгілері ұқсас бір ауру пайда болуы ғажап емес. Мысалы, қатерлі ісіктің пайда болуына иондаушы сәулелер, химиялық заттар, вирустар себеп болуы ықтимал.

Қорыта келгенде «жұқпалы емес» аурулардьщ өздеріне тән этиологиялық себептері жоқ немесе олардың жалпылама белгілері толық анықталмаған, олармен күресу, алдын-алу шараларында көптеген қиындықтар кездеседі, яғни олармен күресудің теориялық негіздері жеткіліксіз.

Енді осы екі ұғымның ұқсас жақтарын қарастырайық.. «Жұқпалы» және «жұқпалы емес» аурулар эпидемиологиясьшың зерттеу мақсаттары, міндеттері, әдістері ортақ. Яғни, біз осы «ауру неге пайда болды, қашан, қайда, қандай халық топтарында көп таралады?» деген сұрақтарға жауап іздейміз. Сонымен қатар не істейміз, қандай әрекеттер тиімді немесе тиімсіз деген сауалдар да ортақ. Бірақ, әрбір ғылымның, білімнің дербес саласы ретінде жоғарыда аталған сапалық даралығы мен оқшаулығын ұмытпаған жөн.

Бұл жерде осы екі ұғымда да қолданылатын көптеген әдістердің ортақтығьш айтуға болады. Яғни, «жұқпалы емес» аурулардың эпидемиологиясы дегенде, ғасырлар бойы қальштасқан «жұқпалы аурулар» эпидемиологиясында қолданылатьш әдістерді пайдаланып «жұқпалы емес» ауруларьщ туу себептерін зерттеу деп түсінген дұрыс. Осы әдістерді тиімді пайдаланудың арқасьшда «жұқпалы емес» аурулардың көптеген белгісіз жақтары ашыльш та жатыр. Сондықтан да қазіргі кезде бұл ұғым мамандар арасында кең және тиімді пайдаланылуда.

3. Сіздің әңгімеңіздің төркіні «клиникалық эпидемиология», «дәлелденген медицина» деген терминдерге келіп тірелген сияқты. Осы түсініктерге де аздап тоқтала кетсеңіз?

Жауап: Жалпы ғылымның дамуьшда интеграциялық процесс қатар жүретіні белгілі. Бұл жерде медицинада, әсіресе «қоғамдық денсаулық» деген түсініктер қатар пайдаланылады. Оның себебі халықтың денсулығьш сақтау, зерттеу, жақсарту, аурулардың алдын алу сияқты бағыттарды дамыту үшін әртүрлі ғылымдардағы соңғы жетістіктерді пайдалану арқылы жалпы қоғамдық денсаулық саласын дамьггу. Мысалы жұқпалы аурулармен күресу және олардың алдын алып, болдырмау үшін, генетиканың, молекулярлық, биологиялық, биотехнологиялық, компьютерлік және т.б. техниканьщ жетістіктерін пайдаланамыз. Жалпы медицинадағы дәлелденген ғана әдісті, ғылыми талданған, тиімділігі айқын, науқасты анықтау және т.б. қолданьш (диагноз қою), емдеу жолдарын қолдану қазіргі уақыттың басты талабы. Бұл талап медицинаньщ клиникалық түрлерінде де, теориялық түрлерінде де, әрине, эпидемиологияда да қолданылуы тиіс және тиімді пайдаланылып келеді. Бір нақты мысал келтірейін: АИВ/ЖИТС науқасын зерттеу, диагнозын қою, емдеу және осы инфекцияньщ қоздырғыш вирусын анықтау, оның әртүрлі қасиеттерін білу арқылы ғана тиімді күресуге болады. Науқасты анықтауда жетістік: мол, ал

емдеу, әсіресе алдын - алу (вакцинациялау) мәселесі әлі шешілген жоқ, өйткені вирустың тез өзгеріп кетуі вакцина жасауда кедергі болып отыр. Екінші мысал, вирусты гепатиттің В түрімен күресу, алдын - алу мәселесі шешілді десе де болады, өйткені гендік инженерлік вакцина жасальш, нәрестелер босану үйінде егілу арқылы қорғалады, яғни күресудің тиімді ғылыми дәлелденген әдісі жасалды. Медицинадағы осы бағытты «клиникалық эпидемиология» деп атайды. Бұл жерде тек қана жұқпалы аурулармен күресу, емдеу, алдын алу ғана емес, басқа да толып жатқан кең таралған, әлеуметтік маңызы зор дерттерді зерттеуде де кең қолданылады. Басты бағыт: ауруды және әсер етуші қауіпті факторды анықтау, аурудың алдын алу, емдеу әдістері, медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру, соңғы жетістіктерге негізделген ғылыми - әдістемелік әдебиеттермен жабдықтау, маңызды ақпаратты дер кезінде мамандарға ұсыну. Аталған және басқа да бағыттарға қоятын талаптар: олардың қауіпсіздігі, клиникалық тиімділігі, көмектің бағасы және «баға - тиімділік» ара қатысы, этикалық, әлеуметтік маңызы. Осы аталған ұғымдардьщ жиынтығын «денсаулық сақтаудың технологиясын бағалау» (ДТБ) деп атайды. Бұл медицина салалары арасындағы жаңа және бұрыннан белгілі әдістерді жүйелі ғылыми талдауды практикалық медицинада пайдалану арқылы халыққа көмек көрсетуді жетілдіру болып саналады. Яғни, «клиникалық эпидемиология», «дәлелді медицина» ұғымдары бір - бірімен ұштасып жатқан түсініктер. Оларды бір-бірінсіз қарау дұрыс емес.

Сонымен, «жұқпалы емес» аурулар эпидемиологиясы, «клиникалық эпидемиология», «дәлелді медицина» түсініктері бүгінгі күннің талабы, бұл бағыт дамып та келеді және дәрігерді дайындау жағын да осы бағытпен атқарған дұрыс деп санаймын. Қорытьш айтсақ, эпидемиологияны меңгеру, осы ілімді ары қарай қазіргі жағдайға сәйкестендіру деңгейіне көтеру деп ұғыну керек. Сонымен қатар жұқпалы және жұқпалы емес аурулар эпидемиологиясының қажеттілігіне сай жинақталған білімді интеграциялау тенденциясыньщ берері мол бағыт деп қарауды дұрыс деп санаймьш. Осы екі ұғымды қарастырғанда сөз екі ғылыми пәндер туралы емес, керісінше бір ғылыми пән (жұқпалы аурулар эпидемиологиясы) және медицинаның әртүрлі салаларындағы (жұқпалы емес аурулардағы) көптеген міндеттерді шешу үшін қолданылатын әдістемелік амалдарды қолдану деген ұғым екенін ескерткім келеді. Осы тұрғыдан қарағанда белгілі бір жүйеге келтірілген әдістерді қолдану арқылы жұқпалы емес аурулардың кейбір белгісіз жақтарын анықтауға, түсінуге үлкен көмек беретіні сөзсіз.

4. Осы айтқан әңгімеңіздің төңірегінде сіздің атқаратын, немесе істелген ғылыми- прақтикалық жұмыстарыңыз бар ма?

Жауап: Бұл сауалыңыздың орынды екенін ескере отырып, айтатыным мыналар: Қазақстан Республикасының Президенті, Үкімет, Денсаулық сақтау, Оқу және білім министрліктері медицина саласын дамытуда дүниежүзілік жаңа технологияларды пайдалану, ғылыми ізденістерді атқару, олардың нәтижесін практикалық медицинаға тез енгізіп, пайдалану сияқты мақсаттарды қойып отыр. Біздің Ұлттық медицина университетінде осы бағыттарда атқарылған жұмыстар аз емес. Әрине, алда көптеген жұмыстар да жеткілікті. 2007-2008жж. «Стандарты и алгоритмы мероприятий при инфекционных (паразитарных)

болезнях» (115 ауру бойьшша) атты 2 томдық практикалық нұсқаулық жарық көрді. Бұл нұсқаулық жаңа технологияны пайдалану арқылы жұқпалы аурулар оқиғаларыньщ стандарттарьш, атқарылатьш шаралардың алгоритмдерін халықаралық деңгейге сай етуін қамтамасыз етеді. Басты мақсат - атқарылатын барлық шаралар (диагноз қою, емдеу, алдын алу және т.б.) тек қана «дәлелді медицина» принципіне сай болуы тиіс. Бұл кітап барлық Жоғары медициналық оқу орындарына және көптеген ауруханалар мен емханаларға, зертханаларға таратылды, оқыту бағдарламасына да енгізілді, әртүрлі семинар, жаттығулар өткізіліп жатыр. Осы жылдың қазан айында осы нұсқаулықтың 1-томы қазақ тілінде басылымнан шығады. Келер жылы 2-ші томын да оқырмандарға ұсынамыз деген үміттеміз. Алдағы мақсат - осы принципті практикалық дәрігер-мамандарға жеткізу, оларды оқыту, үйрету деп санаймын. Келесі мақсат - «жұқпалы емес аурулар эпидемиологиясы», «клиникалық эпидемиология және медицинада қолданылатын биостатистикалық әдістер» атты практикалық құрал дайындау. Тағы бір айтатын жай - ол болашақ дәрігер-мамандарды дайындауда, оларды ғылымның соңғы жетістіктерімен қаруландыру, яғни білікті маман дәрежесіне көтеріп дайындау. Аталған кітап және жоспарланған құралдар да айтқан мақсатқа жету үшін жасалған және атқарылатын іс- әрекет деп ойлаймын.

5. Инфекциямен күресу шараларының ішінде егу (вакцинация) үрдісінің пайдасы мен зияны қалай деп ойлайсыз?

Жауап: Әлемде жылына 500 млн. адам жұқпалы аурулармен сырқаттанса, олардьщ 400 миллионы вакцинацияланбағандар, яғни әлі көптеген жұқпалы аурулардан сақтануда вакцина табылмаған немесе кең көлемде қолданылмайды. Тағы бір мысал - жер шарында жыл сайын 52 млн. адам аурудан өледі, солардың 1/3 бөлігі (17 млн.) жұқпалы аурулардан қайтыс болады. Егер тарихқа үңілсек - бұрыш шешектен миллиондаған адам қырылған, ал қазір бұл ауру Дүниежүзінде біржола жойылған (тіпті оның қоздырғыш вирусы да табиғатта кездеспейді). Бұл нәтиже адамзат тарихындағы тек қана жалғыз мысал. Осы өте қауіпті жұқпа тек алдын ала егу (вакцинация) арқылы жойылды. Қазір көптеген елдерде (Қазақстанда да) полиомиелит (сал) ауруы да жойьшды. Бұл да вакцинациялаудьщ нәтижесі. Дәл осындай бағдарлама Қазақстан Республикасында қызылша, қызамық инфекциялары бойынша да атқарылып жатыр. ҚазҰМУ эпидемиология кафедрасы да осы бағдарламаға өз үлестерін тиімді қосуда (ғылыми-дәлелдік жақтарын зерттеу бойынша).

Келесі мысал: құтыру індеті пайда болса, жұқтырғандардың бәрі (адам, хайуанат) 100 %-ы өледі (егер оларға егу жасамаса). XX ғасырдың ортасында қызылшамен ауырған балалар саны бірнеше миллиондап саналған, ал егуді тәжірибеге енгізгеннен бері бұл жұқпаның тек біренсараны ғана тіркеледі. Болашақта осы инфекцияны да біржола жою жоспары іске асырылуда. Гепатиттің В түрімен әлемде миллиондаған адамдар науқастанады, ал XX ғасырдьщ аяғында вакцина жасалып, егу басталғаннан бері бұл дерт те күрт азаюда. Мысалы Қазақстанда 1998 жылдан бері барлық жас балалар (дүниеге келе сала) босану үйінде, сосын тағы да 3-6 айдан кейін екі рет егіледі, сөйтіп олар өмір бойы ауырмайтын, мызғымас, өте мықты иммунитетке (қарсытұрушылыққа) ие болады.

Әрине, қандай да вакцинаның аздап болса да тиімсіз жақтары болуы мүмкін (1-3 %), ал екпеген жағдайда, індет үдеп кең таралады, тіпті өлім - жітімге әкеліп соғады. Сондықтан таразының басына салсақ, егудің пайдасы зиянынан әлдеқайда мол екенін ерекше айтқым келеді.

Бұл жерде егу үрдісін дұрыс атқару, егілетін адамның (әсіресе балалардың) денсаулық деңгейін анықтау, егу техникасын (қауіпті инъекция проблемасын шешу) және басқа да жағдайларды мұқият қадағалау дәрігерлердің, соның ішінде эпидемиолог мамандардьщ басты міндеті болып саналады.

6. Эпидемиология ғылымының келешек көкжиегін осы бүгін сипаттауға болар ма екен?

Жауап: Қазіргі кезде дүние жүзінде 400-ге жуық жұқпалы аурулар кездеседі, олардың 200-ге тарта түрлері кең таралған індеттер. Біздің елде (Денсаулық сақтау Министрлігінде) 80-ге жуығы тіркеліп есепке алынады. Әрине, көптеген індеттер жан - жақты зерттелген, олармен күресу, алдын алу шаралары жетілдірілген, ал біраз инфекциялар бүгінгі күнде өзінің маңыздылығын жоймақ түгіл, тіпті ерекше қасиеттерге ие болуы арқылы халық арасында кең таралып, маңызды проблемаға айналуда. Оған мысал - туберкулез, безгек, гепатиттердің жаңа түрлері.

Сіздің сұрағыңыздың төркініне келер болсақ, болашақта бізді қандай аурулар күтіп тұр, қандай қиындықтар болуы мүмкін, эпидемиология ғылымының рөлі қандай болмақ? - деген мәселелер ғалымдарды әлемнің барлық түкпірлерінде алаңдатуда. Мысалы, туберкулезді айтайық. Бұл індет «қайта жасарып» немесе «қайта оралып» отыр. Бұл үрдістің басты себептері неде, осы инфекцияньщ қандай жаңа «қасиеттері», қиьш проблемалар туындатып отыр?

Міне осы сұрақтар барлық мамандарды, соның ішінде эпидемиологтарды қатты ойландырады. Енді осы «қиындықтар» туралы біраз фактілер келтірейік. Осы ауруды тудыратын микобактерия - туберкулез таяқшасы емдеуге қолданылатын бір немесе бірнеше дәрілерге төзімділік қасиетін жасап алған. Кейбір мамандардың деректері бойынша тіпті туберкулезге қолданьш келген барлық дәрілерге төзімділік пайда бола бастапты. Бұл орасан зор қауіп. Егер осындай қасиеті бар туберкулез таяқшасы халық арасына кең таралып кетсе, эпидемиологиялық жағдай күрт асқьшуы ықтимал.

Дүниежүзінде осы инфекциядан жыл сайын 3 млн-ға жуық адам қайтыс болады, ал жоғарыда айтылған «төзімділік» қалыптасса жағдай тіпті қиындай түсуі сөзсіз.

Екінші мысал: АИВ/ЖИТС - инфекциясы бүкіл әлемдік (ғаламдық) проблема екені бәрімізге белгілі. Осы індет туралы соңғы 20-25 жыл ішінде көптеген жаңалықтар ашылды, қоздырғыш вирустың, оның даму патогенезінің, иммунологиясының құпиялары белгілі болды. Бірақ осы індет ғаламдық проблема болып қала беруде. Ең бастысы - арнаулы алдын алу мәселесі, яғни вакцинамен сақтандыру жолы әлі де шешуін тапқан жоқ. Осы бағытта дүниежүзінің белгілі ғылым орталықтары ізденісте. Емдеу мәселесі де толық шешімін тапқан жоқ, осы күнге дейін осы індеттен біржола айыққан адам тіркелмеген. Қазіргі кезде емдеу тек қана науқастьщ жағдайын уақытша жақсарту үшін ғана әсер етеді, яғни науқасты өмір-бойы емдеуге тура келеді.

Соңғы 30-40 жылда жаңа белгілі болған әр түрлі індеттердің тізімі үлкеюде. Мысалы, тыныс алу жолдарының жедел инфекциялары тобына жататын өкпенің жедел атипті қабынуы, әртүрлі вирусты қызбалар, Лайм боррелиозы, Бернет лимфомасы, Капоши саркомасы, тырысқақтың Эль-Тор түрі, ішек ауруларының жаңа түрі және т.б. Осы топқа құс грипі, Калифорния Н^і грипі (доңыз грипі), АИВ/ЖИТС-те кіреді. Тіпті бұрыш «жұқпалы емес» аурулар қатарындағы, мысалы асқазан, тоқ ішек жарасы жұқпалы больш саналды, оньщ қоздырғышы хеликобактер Пиллори екені анықталды. Міне, осы аталған мысалдар эпидемиология ғылымыньщ болашағы әлі де қоғамға қажеттілік тудыратыны сөзсіз. Философиялық тұрғыдан қарағанда қандай да ғылым сарқылмайды, тек қана алға қарай дами түсуі тиіс. Әрине, эпидемиология ғылымының жетістіктері мол, сонымен қатар атқарылатын шаралар да, ашылмаған құпиялар да жетерлік. Жоғарыда айтқандай, бұл ілім медицинаның басқа да салаларымен тіркесіп (интеграцияланьш) ғылыми ізденісте, тәжірибеде көптеген пайда тигізуде және бұл бағытта даму бола бермек.

7. Ғаламдану үрдісіндегі эпидемиология ғылымының алар орны қандай болмақ және ғаламданудың эпидемиологияға әсері бар ма?

Жауап*. Ғаламдану түсінігі біздерге өте жақын және эпидемиология мамандығының өзі де осы үрдістің төңірегінде жұмыс атқарады. Олай дейтінім, жұқпалы аурулар қоздырғыштарының көпшілігі әлемнің барлық түкпірінде кездеседі. Бір жерде (аумақта, мемлекетте) пайда болған жұқпалар, берілу механизміне байланысты, басқа жерлерге де таралады. Әрине, инфекцияның тез және кең таралуына халықаралық қатынастардың ерекшеліктері, табиғат жағдайы, халықтың ұлттық ерекшеліктері және т.б. себептер әсер етеді. Мысалы, «құс грипі» табиғи құстар және ұй құстары арасында байқалатындықтан тез таралады. Басқа құрлықты мекендеген құстар басқа елдерге қарай ұшып келеді де, сол жердегі құстарға, сосын адамға жұқтырып жатқанын көпшілік естіп те, көріп те жүр. Шын мәнінде бұл ғаламдану үрдісінің жұқпалы аурулардың таралуына әсері. Ғаламдану басқа да жұқпаларға тән қасиет. Мысалы, АИВ/ЖИТС инфекциясының тіркелмеген мемелекеті жоқ десек қателеспейміз. Бұл бүкіл әлемдік проблемаға айналғанын барлық мемлекеттер сезініп отыр және осы инфекциямен тек қана біріге отырып күресу керектігін Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) қолдауда. Тіпті БҰҰ-ң құрамында осы індетпен күресуді ұйымдастыратын қадағалаушы орган құрылған. ДДҰ-да дәл осындай бағыттағы іс-әрекет туберкулезбен, безгекпен, нашақорлықпен және т.б. аурулармен күресу үшін де жасалған. Осы келтірілген мысалдар ғаламдану үрдісіндегі эидемиология ғылымы мен пәнінің алатын орнын көрсетеді.

Тағы бір айта кететін жай - ғылымда, соньщ ішінде медицинада ғаламдану процесі әр уақытта болатыньш естен шығармау керек, өйткені ғылымда ешқандай шекара болмауы хақ, ашылған жаңалықтар, атқарылған жетістіктер, жаңа технологиялар барлық жер жүзі халқының мүддесіне ортақ болуы тиіс. Медицинада, соның ішінде эпидемиологияда бұл қағида әбден қальштасқан десек артық емес. Мысалы, 2007 жылы қарашаның 30-нан желтоқсанның 5-не дейін (АҚШ) Чикаго қаласында дүниежүзіндегі эпидемиолог мамандар бас қосьш биоқауіпсіздік туралы ғылыми кеңес құрды. Осы үлкен конгреске мен де

өз үлесімді қостым, арнаулы баяндама жасадым, бруцеллез инфекциясы бойынша атқарыльш жатқан үш жылдық ғылыми бағдарламаның орындалу бағытын талқыладық. Осындай отырыс 2008ж. Мәскеу облысының Серпухов қаласында өтті. АҚШ, Канада, Мексика, ТМД елдері мамандары қатысып, бруцеллез мәселесін жан-жақты талқыладық. Мен де баяндама жасап жетістіктерді, болашақта атқарылуы тиіс мәселелерді ортаға салдым. АҚШ, Канада, Ресей мамандары осы індетпен күресу үшін әдістемелік орталық құру туралы ұсыныс жасап, осы орталықты Қазақстанда, Қазақ Үлттық медицина университетінде және Республикалық Санитарлық- эпидемиологиялық станцияда болуын қалады. Оны басқаруды маған тапсырды. Әрине бұл аса жауапты жұмыс және бұған көп дайындық керек екенін де түсінеміз.

Жоғарыда тоқталған туберкулез проблемасы да ғаламдық мәселеге айналғаньш айттық. Бұл жерде әр инфекцияның жергілікті ерекшеліктері және әр жұқпалы аурудьщ қоғамдағы әлеуметтік - экономикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондықтан инфекциямен күресу, алдын-алу және т.б. іс-әрекеттерді бірлесіп атқару, жалпы халықты осы іске жұмылдыру мәселелері де ғаламдық көзқарасқа сай болатынын ескерткім келеді. Осы жерде Қазақстан эпидемиолог мамандарының атқарып жатқан ғылыми, тәжірбиелік жетістіктері де аз емес. Мысалы, оба ауруы бойынша Қазақстанның карантинді және зоонозды инфекциялар ғылыми орталығы (директоры м.ғ.д., профессор Атшабар Б.Б.) ДДҰ оба туралы орталығыньщ бірі болып саналады, грипп (тұмау) бойынша да ҚР ДДҰ регион орталығы, ал Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станция (РСЭС) аумақты, шекараны аса қауіпті инфекциялардан қорғау жағынан мемлекетаралық орталық болып тағайындалды (бас дәрігер, м.ғ.д., Оспанов К.С.).

Сұхбаттасқан Сейітзада Әсембек

Сәкен Әміреев, профессор: Вирусты жоюдың ең тиімді жолы – екпе алу

Вакцинаға деген сенімсіздік – қолдан жасалған жасандылық



Вакцинаға деген сенімсіздік – қолдан жасалған жасандылық, ал вирусты жоюдың ең тиімді жолы – екпе алу. Бүгін Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде онлайн-брифинг өтті. Оған ҚР клиникалық және фундаменталды медицина академигі, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың эпидемиология кафедрасының және Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің профессоры Сәкен Әміреев қатысты.

Ғалым коронавируспен ауырып жазылған тұрғындарды коронавирусқа қарсы вакцина алуға шақырды. Себебі екпе салынбаса, олардың «иммундық әсері» әлсіз болады, деп хабарлайды *Almaty.tv*.

Профессор Сәкен Әміреевтің айтуынша, екпеден кейін адамдардың 95 пайызында иммунитет қалыптасады және ол коронавирусқа қарсы тұра алады.

«Барлық вакциналар Ресейде немесе Қазақстанда өндірілгеніне қарамастан, жақсы иммундық әсерге ие. Сондықтан біздің міндетіміз – халыққа вакцинациядан қорықпау керектігін түсіндіру. Себебі бүкіл әлем ұжымдық иммунитетті тек вакцинация арқылы қалыптастыру керек деген пікірге келді», – деді Сәкен Әміреев.

Спикердің айтуынша, өзі де вакцинаның бірінші компонентін алған және одан кейін ешқандай кері әсер байқамаған. Ал жұбайында жеңіл әлсіздік болған.

Профессордың сөзінше, әр адамның ағзасы әртүрлі болғандықтан, кейбір жанама әсерлердің пайда болуы мүмкін.

Сондай-ақ ол вакцинаның тиімділігіне сенбейтіндерге де үн қатты. Оның айтуынша, шешекке қарсы вакцина алғаш жасалған кезде де оған қарсы шыққандар болған. Алайда жаппай вакцинацияның арқасында ғана бұл ауруды жеңу мүмкін болды.

«Вакцинацияға деген сенімсіздік жасанды түрде қалыптастырылып отыр. Біз бұл мәселеге өркениетті түрде қарауымыз керек және адамзат соғыстарға

қарағанда, инфекциялық аурулардан жаппай қырылғанын ұмытпауымыз қажет. Мысалы, біз туберкулезді менингиттің алдын алу үшін БЦЖ вакцинасын қолданамыз, ол ағзаны инфекцияның өзінен емес, аурудың ауыр салдарынан қорғайды. Қазіргі таңда бізде коронавирусқа қарсы вакцинациядан өзге тиімді қорғану әдісі жоқ», – дейді Әміреев.

Сәкен Әміреевтің айтуынша, жүргізіліп жатқан вакцинация науқанына қарамастан, ұжымдық иммунитет қалыптасқанға дейін бетперде режимін және басқа да қорғану шараларын сақтау қажет.

Сонымен қатар, коронавируспен ауырып жазылған адамдар вакцина алуды кешіктірмеуі тиіс, өйткені олардың антиденелері вакцинациядан кейін қалыптасатын деңгейдей күшті болмайды.

«Шындығында, басқа аурулардан кейін адамдарда тұрақты иммунитет қалыптасады, алайда коронавирус жағдайында олай емес. COVID-19 инфекциясынан кейін толыққанды иммунитет қалыптаспайды. Көптеген қазақстандықтар аурудың ауыр түрімен ауырды, бұл клиникалық тұрғыда дәлелденген. Мұндай адамдарда қайта жұқтыру қаупі жоғары, себебі инфекциядан кейінгі қорғаныш антиденелері әлсіз болады. Жад жасушалары қалыптасқанымен, уақыт өте келе антиденелердің мөлшері азаяды. Қазіргі таңда бүкіл әлемдік қауымдастық вакцинаны екі рет енгізу қажет деген ортақ пікірге келді», – дейді Сәкен Әміреев.

Сондай-ақ профессор көктем мезгілі басталысымен Алматы қаласында кенелердің белсенділігі артатынын еске салды.

Оның айтуынша, кенелер тек орманды аймақтарда ғана емес, таулы өңірлерде, сондай-ақ қала ішіндегі саябақтарда да кездеседі. Сондықтан кенелерден қорғанудың негізгі ережелерін сақтау маңызды. Қорғанудың стандартты әдістеріне серуендеуге арналған арнайы киім кию жатады. Сонымен қатар, таулы аймақтарда тұратын адамдарға және қауіпті аймақтарда жұмыс істейтіндерге - аңшыларға, орманшыларға және басқа да мамандарға - кене энцефалитіне қарсы вакцина алу ұсынылады.

MAQALADA

Сәкен Әміреев, эпидемиолог: Биыл былтырғыдан да ауыр жыл болады

22 қаңтар,



Эпидемиолог, профессор Сәкен Әміреев Медицина журналистикасы мектебінің онлайн-лекциясында коронавирустың өршу жағдайы былтырғы жылдан да қатты болатынын айтты. Оның пікірінше, бұдан құтылатын бір ғана жол бар, ол – екпе. Тілшіміз эпидемиолог Сәкен Әміреевке хабарласты.

– Сәкен Әміруұлы, бұған дейін мамандар «коронавирустың тарауы наурыз айында шарықтау шегіне жетеді» деген еді. Ал сіз биыл вирустың өршуі былтырғы жылдан да қатты болады депсіз. Мұны неге сүйеніп айттыңыз?

– Қазір халық еркінсіп, маска режимін дұрыс сақтамайтын болды. Вирустың қайтадан көбейіп кетуіне Ұлыбританиядан, Оңтүстік Африкадан шығып, тарап жатқан жаңа штаммдар әсер етті. Бұл жаңа вирустар тез жұғады және салдары ауыр болады.

Тағы бір мәселе – коронавирусты жұқтырғандардың ішінде клиникалық белгісі білінбейтіндер көп. Олардың көрсеткіші – 70 пайыз. Олар таратушы ретінде халық арасында өріп жүр. Осының бәрі эпидемиологиялық жағдайды ушықтыра түсуде. Бұған дейін мұндай болжам айтылды. Көрмейсіз бе, тура келіп жатыр ғой.

– Сонда ғалымдар жаңа штаммдардың тарайтынын алдын ала білді ме?

– Бұл туралы бүкіл әлемде айтылды. Бірақ оның біздің елге келген-келмегенін білмедік. Қазір де бар-жоғы белгісіз. Таяу күндері 40 шақты елге тарады деп еді, қазір 50 елге тарап үлгерді. Бұл жаңа вирустың басты ерекшелігі – тез мутацияланады.

– Еліміздегі дәл қазіргі эпидемиологиялық жағдай қалай?

– Жалпы, Қазақстандағы жағдай бірқалыпты деуге болады. Бірақ вирус тез таралуда. Енді мына жаңа штаммдар бізге жетсе, бұл одан да қауіпті болуы мүмкін.

– Министрлік те, мамандар да «алдыңғы толқында жинақтаған тәжірибеміз бар» деп арқаны кеңге салып жүрген сияқты...



– Бұл вирус барлығына да ауыр тиеді. Неге десеңіз, тез жұғады, тез өзгереді. Мұны бекерден-бекер қайталап айтып отырғам жоқ. Клиникалық белгісі жоқтар да вирусты тез жұқтырады. Бір өкініштісі, оларды біле алмаймыз, анықтай алмаймыз. Дәл қазір солар қауіптірек.

– Бұл вируспен қалай күресеміз?

– Мұның бәрінен құтылатын бір жол қалды. Ол – екпе салдыру. Басқа шара жоқ. Бәріне екпе ғана қарсы тұра алады. Қазір Ресейдің екі екпесі қолданысқа еніп жатыр. Қазақстанда да дайындалуда. Шетелде де тезірек салуды қолға алды.

Карантиндік шектеулер алынып тасталмауы керек. Қазір біз мұны жеңілдетіп алдық. Әрине, өндіріс тоқтады, мұның салдары экономикаға қатты соққы боп тиді. Әлем экономикасы 7 трлн доллар жоғалтып алды. Сондықтан жұмысты да тоқтатпай, вирусты да жұқтырмауға тырысу керек.

– Демек, қатаң карантин енгізудің қажеті жоқ қой...

– Бәрін тоқтатып тастау экономикаға қиын тиеді. Өнеркәсіп, азық-түлік өндірісі тұралап қалса, халық не істейді? Жұмыссыздық белең алса, әлеуметтік жағдай күрт төмендейді. Сондықтан жұмысты істей отырып, сақтық шарасын қатаң ұстану керек. Қандай аурудан да сақтану керек. Ал мына вирустан ерекше сақтанған абзал. Кейбір мемлекеттерде комендanttық сағат енгізуге тура келді. Демократия, адам құқығы сақталатын Еуропа елдерінің халқы көшеге шығып, тыңдамай жатыр.

– Алдыңғы толқында көп адам ауырды. Қазір олар «біздің ағзамызда антидене бар, енді ауырмаймыз» деп бейқам жүр. Осы дұрыс па?

– Ауырып тұрғаннан кейін қайтадан жұқтырып алатындар бар. Иә, вируспен ауырғандарда антидене болуы керек. Бірақ антидене вируспен қатты ауырғандарда ғана көбірек болады. Ал жеңіл түріне шалдыққандарда антидене қалыптаспауы мүмкін. Десек те, антидененің сақтандырғыш қасиеті екпеге қарағанда төмен. Екпенің сақтандырғыш қасиеті – 90-95 пайыз.

Қазір АҚШ-тың Pfizer екпесін мақтап жатыр. Ресейдің Спутник-V екпесі де жаман емес. Әр елдің технологиясы әртүрлі ғой. ДДСҰ-ның рұқсатсынсыз ешқандай екпе қолданысқа енгізілмейді. Бізге сапалы екпе сатып алу керек.

– Сіздіңше, екпені жаппай салдыру керек пе? Өткенде бірлі-екілі адамға салынып, көз жұмды деген ақпарат та шықты...

– Алдымен қауіпті топтар – медицина қызметкерлері, ұстаздар мен оқытушылар, яғни қоғамда қарым-қатынасқа көп түсетін мамандарға салынуы керек делінді. Қазір мұндай принцип жақсы нәтиже бермеуі мүмкін. Екпені жаппай салдыру керек. Әрине, ешкімнің қолын байлап, зорлап салмайды ғой. Бірақ міндетті болуы тиіс. Әр адам түйсігімен сезініп, салдыруы керек.



Кейбір мемлекетте екпеден қайтыс болған дерек тіркелді. Олардың көпшілігі 80-нен асқан қарттар екен. Әлбетте, егде жастағы кісілерге екпе салып, сақтандырған дұрыс. Десек те, жанама аурулары өршіп тұрған сәтте, дене қызуы көтеріліп тұрғанда екпе егуге болмайды. Елімізде де бірен-саран жағдай тіркелді. Екпе саларда кез келген адамның денсаулығын жіті тексеру қажет. 1-2 пайыз қайғылы оқиға үшін халықтың 90-100 пайызының өміріне қауіп төндіруге болмайды. «Салдырмаймын, қарсымын» деген адамға зорлық жоқ.

– Өзіңіз екпені салдыруға дайынсыз ба?

– Әрине, салдырамын. Өйткені, жасы келген адамдар да қауіпті топқа жатады. Меніңше, министрлік 1 ақпаннан бастап Спутник-V екпесін салдыруға рұқсат беретін шығар. Қазір сынама жұмыстарының үш сатысы аяқталып қалды.

– Бізде дайындалып жатқан екпенің тиімділігі қанша уақытқа жетеді? Бұл туралы ақпарат неге жоқ?

– Мұның бәрін тексеру алдағы уақыттың еншісінде. Оның сақтандырғыш қасиеті қанша уақытқа дейін жететінін айту мүмкін емес. 6 ай, 1 жылдан кейін қандағы антиденені тексеріп қана айта алады. Бірақ екпе 18 жастан бастап салынады деген. Оған дейінгі балалар мен жасөпірімдерді не істейміз? Бұл әлі сұрақ күйінде қалып отыр. Алайда, балалар вирусты аз жұқтырып жатыр. Олар жас мөлшері бойынша тізімдегі екпені уақытында алуда. Яғни, содан иммундық жүйесі қалыптасқан болуы мүмкін.

Сәкен Әміреев вакцинация – коронавирусты жеңудің жалғыз тиімді шешімі

Вакцинация коронавирусты жеңудің жалғыз тиімді шешімі. Мұндай пікірді медицина ғылымдарының докторы, эпидемиолог Сәкен Әміреев білдірді, деп хабарлайды ҚазАқпарат.



«Жаппай вакцинациялау – бұл мәселенің бір ғана дұрыс әрі тиімді шешімі. Бұл ретте жатыр мойны обырысы және өзге де ауыруларды тудыратын табиғи шешек, полиомиелит, вирусты гепатит, қызылша, эпидпаротит, пневмококпневманиясы сынды ауыр инфекциялармен күресте жаппай вакцинациялау жоғары тиімділігін көрсеткендігін мысалға алуға болады. 1980

жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өте қауіпті инфекция саналып келген табиғи шешектің толықтай жойылғанын жариялады. Жер бетінің барлық тұрғындарын жаппай вакцинациялау аурудың алдын алумен қатар табиғи шешек түріндегі вирустың да жойылып кетуіне септігін тигізді», - деді ол коронавирустың жаңа толқынын талқылауға арналған дәріс барысында.

Сонымен қатар ол Қазақстанда коронавирус инфекциясының екінші толқыны басталып, жүріп жатқанын баса айтты.

«Ауруға шалдығудың біршама төмендеуі шектеу шараларының арқасында мүмкін болды. Дегенмен, аталған шаралар жеңілдетілгеннен кейін науқастану көрсеткіші қайта өрши бастады Бұл жайт карантин режимін жеңілдету туралы қабылданған шешімнің уақытынан бұрын орын алғандығын көрсетеді», - деді С.Әміреев.

Коронавирус кене арқылы жұға ма?



С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессоры, эпидемиолог Сәкен Әміреев кене коронавирус тасымалдамайтынын айтты, деп хабарлайды **Stan.kz** ақпарат агенттігі **«Хабар24»** арнасына сілтеме жасап.

Эпидемиологтың айтуынша, коронавирустың қан соратын жәндіктер арқылы жұғу ықтималдығы өте төмен.

«Кене ақпан айының басында шыға бастады. Әдетте бұл жәндіктің белсенділгі сәуір-мамыр айларында арта түседі. Кененің шағуы өте қауіпті. Алайда күн жылына бастағанда тірілген маса мен кене сияқты жәндіктер коронавирустық инфекция қоздырғышының таралуына қатыса алмайды. Бұл ғылыми тұрғыда дәлелденбеген», - деді Сәкен Әміреев.

Қазақстандық вакцина коронавирусқа төтеп береді



Бүгін Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн-брифингі барысында журналистердің сұрақтарына ҚР клиникалық және іргелі медицина академигі, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ эпидемиология кафедрасының профессоры, Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің профессоры Сәкен Әміреев жауап берді. Профессор қазақстандық вакцинаның сапасы бойынша әлемдік баламалардан кем еместігін атап өтті. Әміреев вакциналарды салыстыруға болмайтынын, өйткені олардың барлығы тиімді, қауіпсіз және сертификатталғанын атап өтті.

Айта кетейік, бүгін 26 сәуірде Қазақстанда халықты QazVac вакцинасымен вакцинациялау басталды. Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының базасында QazCovid-in COVID-19-ға қарсы қазақстандық вакцинаның алғашқы партиясы шығарылды.

Қазақстанда өндірілген QazVac вакцинасының бірінші партиясы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының қоймасына келіп түсті. Жалпы алғанда, 6 мың доза (1 және 2 компонент), олар ҚДСБ медициналық ұйымдары арасында бөлінген. Бұл 3000 адамды вакцинациялауға жеткілікті. Алматылықтар қалауы бойынша қазақстандық немесе ресейлік препаратты таңдай алады. Қазақстан эпидемиологиясының негізін қалаушы Сәкен Әміреевтің айтуынша, отандық вакцина инактивацияланған, оның дозасы 0,5 мл/доза және бұлшықет ішіне енгізіледі. Құрамында SARS-CoV-2 тазартылған инактивирленген тұтас вирионды штаммы бар. Мұндай вакциналар дене температурасын көтермейтін жеңіл асқынуларға ие. Sputnik-V сияқты, ол да екі компонентті және 21 күндік интервалмен енгізіледі.

Сәкен Әміреев қала тұрғындарын коронавирустан екпе алуға асығуға шақырды, өйткені әлемде бүгінгі таңда бұл инфекцияны жұқтырғандар саны 146 млн асты. «Осы кезге дейін коронавирустан шамамен 3 млн адам қайтыс болды. Егер халық әлі де күтіп, екпе салдырмаса, біздің қанша адамды жоғалтатынымыз белгісіз. Вакцина аурудың алдын алатынын есте сақтау керек. Бұл халықтың ұжымдық иммунитетін қалыптастыруы үшін қажет. Эпидемиология заңы

бойынша иммундық қабат пайда болуы үшін халықтың 60% және одан көп бөлігі вакцинациялануы қажет. Ұжымдық иммунитет осындай көрсеткіштер болған кезде қалыптасады», - деді Сәкен Әміреев.

Ол халқының 84%-дан астамы екпе алған Израиль мемлекетін мысалға келтірді. Жаппай вакцинацияның арқасында карантиндік шаралар ішінара әлсіреді.

Сәкен Әміреев антиденелерді тексерудің соңында жүріп, қаражат пен уақытты ысырап етпеуге шақырды. Профессор Алматы мен өңірлердің тұрғындарын жаппай вакцинацияға қатысуға шақырды. «Халық кейде екпе жасамау үшін себеп іздейді. Ауруды жасырудың қажеті жоқ, сонымен қатар коронавируспен ауырғандардың иммунитеті әлсіз екенін есте ұстаған жөн, сондықтан олар қалпына келгеннен соң 6 айдан кейін вакцинациялануы керек. Вакцина жалпы жақсы өтеді. Вакцинаны алғандар өздерін жақсы сезінеді. Мүмкіндікті пайдалана отырып, халыққа жүгінгім келеді: вакцинациядан қорқудың қажеті жоқ, COVID-19 вакцинациясы – алдын алудың сенімді тәсілі», - дейді Сәкен Әміреев.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің сайтында QazVac-тың коронавирустық инфекцияға қарсы инактивтендірілген вакцинасымен егілгендердің жақсы жасушалық иммундық жауабы туралы ақпарат келтірілген. Бұл вакцинацияланған адамдарға аурудан сенімді қорғауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, QazVac вакцинасы вирустың барлық мутацияланған штамдарына төтеп бере алады. Инактивтендірілген вакцина толығымен вирионнан жасалған және онда ақуыздардың барлық спектрі сақталған, сондықтан кез келген мутация кезінде QazVac вакцинасынан кейін қалыптасқан антиденелер вирусты таниды, оны залалсыздандырады және жаңа вируспен кездесу жағдайында инфекция туралы ақпаратты сақтайды.

Осылайша, қазақстандық QazVac вакцинасы жоғары сенімділікті, тиімділікті көрсетті және жаппай қолдануға ұсынылуы мүмкін.

Анықтама: клиникалық зерттеулердің бірінші кезеңіне 18-65 жас аралығындағы 44 ерікті, екінші кезеңге - 200 адам, үшінші кезеңге - 3 мың адам қатысты. Қазақстан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тізілімінде өзінің ковидке қарсы вакцинасын тіркеді.

Алматы қаласының әкімдігі

«Вакцинаға деген сенімсіздік қолдан жасалған жасандылық. Өйткені, вирусты жоюдың ең тиімді жолы - екпе алу»

Бүгін Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн-брифингіне ҚР клиникалық және фундаменталды медицина академигі, Асфендияров ат. ҚазҰМУ эпидемиология кафедрасының және Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің профессоры Сәкен Әміреев қатысты.

Ғалым коронавируспен ауырып-жазылған тұрғындарды коронавирусқа қарсы вакцина алуға шақырды, себебі екпе алмайынша олардың «иммундық әсері» әлсіз болады.

Профессор Сәкен Әміреев екпеден соң иммунитет адамдардың 95%-ында қалыптасатынын және оның коронавирусқа қарсы тұра алатынын айтты.

«Барлық вакциналар Ресейде немесе Қазақстанда қай жерде өндірілгеніне қарамастан, жақсы иммундық әсерге ие, сондықтан біздің міндетіміз – халыққа вакцинациядан қорықпау керектігін түсіндіру. Себебі бүкіл әлемде ұжымдық иммунитетті тек вакцинация арқылы қалыптастыру керек деген пікірге келді», — деді Сәкен Әміреев.

Спикер өзі де вакцинаның бірінші компонентін алғанын және одан кейін ешқандай кері әсерін байқамағанын атап өтті. Алайда оның жұбайында жеңіл әлсіздік байқалған.

Профессордың айтуынша, әр организм әр түрлі, сондықтан кейбір жанама әсерлер пайда болуы мүмкін.

Профессор вакцинаның тиімділігіне сенбейтіндерге жүгінді. Оның айтуынша, шешекке қарсы вакцина жасау кезінде де оған қарсы шыққандар болған. Алайда, жаппай вакцинацияның арқасында ғана шешек ауруын жеңу қолдан келді.

«Вакцинацияға сенімсіздік таныту жасанды түрде қолдан жасалып отыр. Біз бұл мәселеге өркениетті түрде қарауымыз керек және адамзат соғыстар кездеріне қарағанда, инфекциялардан жаппай қырылғанын ұмытпауымыз керек. Мысалы, біз туберкулезді менингитке қарсы БЦЖ вакцинасын қолданамыз, ол ағзаны инфекцияның өзінен емес, аурудың ауыр салдарынан қорғайды. Әзірге бізде вакцинациядан басқа коронавирустан қорғанудың тиімді әдісі жоқ», — дейді Әміреев.

Сәкен Әміреевтің айтуынша, жүргізіліп жатқан егу науқанына қарамастан, бетперде режимі мен қорғанудың басқа да әдістерін сақтауды ұжымдық иммунитет қалыптасқанға дейін жалғастыру керек.

Сонымен қатар, коронавируспен ауырып-жазылған адамдар вакцинация алуды кешіктірмеуі керек, өйткені олардың антиденелері вакцинация алғаннан кейінгі сияқты күшті болмайды.

«Шындығында, басқа ауруларда адамдарда иммунитет қалыптасады, бірақ коронавирус жағдайында олай емес. КВИ ауруынан кейін жақсы иммунитет қалыптаспайды. Көптеген қазақстандықтар ауыр формасымен ауырды, бұл клиникалық тұрғыдан дәлелденді. Мұндай адамдар қайтадан жұқтырулары мүмкін, олардың инфекциядан кейінгі қорғаныс антиденелері әлсіз келеді. Олар жад жасушалары қалыптасады, бірақ сонымен бірге антиденелер азаяды. Әзірге бүкіл әлемдік қауымдастық вакцинаны екі рет енгізу керек дегенге тоқтады», — дейді Сәкен Әміреев.

Профессор Алматы тұрғындарына көктем басталысымен кенелердің белсенділігі арта түсетінін еске салды.

Оның айтуынша, кенелер тек ормандарда ғана емес, тауларда да, қала ішіндегі саябақ аймақтарында да өмір сүре алады. Сондықтан кенелерден қорғаудың негізгі ережелерін сақтау маңызды. Қорғаудың стандартты әдісі серуендеуге арналған арнайы киім, сондай-ақ таулы жерлерде тұратын

адамдарға, кәсібі қауіпті аймаққа кіретін жұмысшыларға: аңшылар, орманшылар және басқалар кене энцефалитіне қарсы вакцина алулары тиіс.

Ақпарат көзі: Алматы қаласы әкімдігінің қоғаммен байланыс қызметі

Вакцинация – індеттен айықтыру жолы

Қазақстан Республикасы Ұлттық екпелер күнтізбесі

Жасы	Виды вакцинации							
	БЦЖ	ВГВ	Полио	АбКДС	Хиб	Пневмо	ККП	АДС -М
1-4 күн	+	+						
2 ай		+ (АбКДС+Хиб+ВГВ+ИПВ)				+		
3 ай			+ (АбКДС+Хиб+ИПВ)					
4 ай		+ (АбКДС+Хиб+ВГВ+ИПВ)				+		
12 -15 ай			+ (ОПВ)			+	+	
18 ай			+ (АбКДС+Хиб+ИПВ)					
6 жас (1 сынып)	+			+			+	
16 жас								+
Через каждые 10 лет								+

Моновакцины:
АДС-М – дифтерия, сіреспеге қарсы;
БЦЖ – Туберкулезге қарсы;
Пневмо – пневмококтық инфекцияға қарсы;
ВГВ – вирустық В гепатитіне қарсы;
Полио – Полиомиелитке қарсы, – оральды/инактивте

Комбинированные вакцины:
ККП – қызылшаға, қызамыққа, эпидпаротитке қарсы;
АбКДС+ВГВ+Хиб+ИПВ - көкжөтелге-жасушасыз, дифтерияға, сіреспеге, вирустық В гепатитіне, b типті гемофильдік гемофильдік инфекцияға, инактивтелген полиомилитке қарсы
АбКДС+Хиб+ИПВ – жоғарыдағыдай, тек ВГВ-сіз

Коронавирус пандемиясы уақытында вакцинациялану өте маңызды. Ал БАҚ өкілдері қазақстандықтарға вакцина туралы нақты, шынайы әрі дәлелді ақпаратты ұсынса, көп жағдай тез ретке келер еді. COVID-19-ға қарсы вакцинация қағидалары жасалды ма? Жасалса ол қандай негізге сүйенеді? Бұл тақырыптарды эпидемиолог маман қалай түсіндіреді?

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ұйымдастырып жатқан «Медициналық журналистика» курсының екінші күнінде эпидемиолог, Х. Досмұхамедов атындағы Қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің Эпидемиология кафедрасының профессооы Сәкен Әміреев «Коронавирустың адамның иммундық жүйесіне әсері және COVID–19-ға қарсы вакцинация қағидалары» атты дәрісінде осы жайттар туралы жан-жақты баяндап берді.



«Қазақстанда ата-аналардың балаларын вакцинациялаудан бас тартқанын айғақтайтын статистикалық дерек көбейе түскен сайын бұл мәселе бізде ушығып келе жатқанын байқауға болады. Әрине мәжбүрлі вакцинация мәселені шешпейді, қайта ушықтырып жібереді деп есептеймін. Бұл орайда халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізілуге тиіс. Нақты өз басымнан өткерген оқиғаны әңгімелейін. Бірде Шымкентке шақырып, екпеден бас тартқан отыздан аса адаммен кездестірді. Оларға екпенің тиімділігін дәлелдеп бердім. Нәтижесінде үш адам ғана бастапқы ойынан айнымады. Қалғандары екпеге келісті», – дейді профессор Сәкен Әміреев. Маман пікірінше, вакцинацияның басты қағидаты – мәжбүрлемеу.

Профессор бұл індет XXI ғасырдағы ең қатерлі пандемияғы ұласты деген пікірде. Оған қоса екпенің індеттердің алдын алатыны туралы ақпарат халыққа толыққанды жетпей отырғанына алаңдайды.

Сәкен Әміреев «Көптеген басқа вирустар сияқты SARS-Cov туа біткен иммундық қорғанысты кодтайтын (тежейтін) протеиндер шығарады, әсіресе IFN-1-і белсенділігін, вирусты жоюдағы белсенділігін басып тастайды. Ондай жағдай туындағанда ем-шаралар қолданудың келесі фазасына көшкен дұрыс. Ол қабыну процесін туындатады. IL-1β, IL-6, IL-33 және т.б. цитокиндердің белсенділігін тежейтін ем қолдануға дереу көшкен абзал. Бұл емдеу протоколында міндетті түрде болуға тиіс», – деп есептейді.

Эпидемиолог маман Қазақстанда салынатын вакциналардың әрқайсысын сипаттап, қандай ауруға ем екенін түсіндірді.

Я самая настоящая папина дочка, которая безмерно любит своего отца. Он для меня — пример во всём. Папа научил меня ценить каждый момент, любить, радоваться мелочам, быть полезной обществу. Он самый прекрасный и лучший отец на свете, верный друг, дядя, брат, добрый аташка, отличный коллега. Его любили все, кто его знал.

Он для меня не ушёл — он живёт в моём сердце и мыслях. Мы с папой понимали друг друга с полувзгляда. Я часто обращалась к нему за советом и всегда чувствовала его поддержку. Любая проблема или задача решалась спокойно, грамотно и рассудительно. Я очень сильно по нему скучаю — этого просто не передать словами.

Я знаю, что его душа сейчас в раю, под покровом Аллаха. Папа очень много помогал людям, никогда никому не отказывал, всегда протягивал руку помощи — советом, делом, а где-то и деньгами. Парадоксально, но при своей огромной занятости он всегда находил время для семьи. Наш аташка любил баловать внуков и правнуков.

Я часто говорила аташке, что он идеальный, а он смеялся и отвечал: «Қызым, идеальных людей не бывает». А оказывается — бывает. Мы часто с аташкой любили вечером попить чаю на кухне, поболтать по душам. Я помню, как после очередной поездки из-за границы папа привёз кучу подарков нам и детям. Там были такие красивые платья для девочек — словно для принцесс. Они показались мне очень дорогими, и я сказала: «Ой, зачем ты такие дорогие им купил, они же вырастут». А он ответил: «Балам, ничего не стоит их радости и улыбок. Эти минуты счастья незабываемы».

Он дарил нам столько счастья, любви и поддержки, что это невозможно сравнить ни с чем в этом мире. Мы были за ним как за каменной стеной. Даже сейчас мы ощущаем его незримую помощь и поддержку — наша духовная связь не прерывается.

В нашей жизни есть всё благодаря нашим родителям. Мы счастливы и безмерно благодарны им. Я хочу всю эту любовь и всё, чему учили нас родители, передать своим детям. Они для нас — пример того, как нужно жить, ставить приоритеты и цели, любить, работать и учиться. Мудрые слова моего отца живут в сердцах многих людей, а память о нём — вечный свет, который никогда не погаснет. Ты жив в каждом из нас — в наших поступках и мечтах.

Мой папа был очень целеустремлённым человеком, он всегда ставил перед собой высокие цели. Он мог писать сутками — так рождались его замечательные руководства и книги, по которым учатся и работают медики нашего любимого Казахстана.

Я безмерно тебя люблю и горжусь тобой, менің жаным, аташкам. Қатты сағынып жүрмін сені.

Дочь, Әлия Сәкенқызы

Ты был моим идеалом, папа.

Я, Амиреев Аскар Сакенович хотел бы поделиться своими воспоминаниям о своём Отце, как о человеке, которого я всегда любил и уважал как Человека с большой буквы. Папа был яркой, искромётной и харизматичной личностью. Я не буду перечислять его многочисленные научные знания и регалии, они везде написаны и опубликованы более компетентными людьми, я хотел бы вкратце рассказать о нём, как о отце, муже, дедушке. Как любой человек научного, тем более медицинского склада ума папа в первую очередь был погружен в свою сферу науки, но при этом он всегда находил время для общения с нами-детьми и принимал активное участие в наших судьбах. Папа не был честолюбивым и тщеславным человеком, он просто делал свою работу доводя практически до идеала, и это касалось как небольшой статьи или интервью для прессы до серьёзного многотомного учебного пособия или монографии. Мы, - его семья видели, как уважали и любили его ученики, диссертанты, коллеги, родственники и мы гордились, что этот человек- наш Отец, муж и аташка наших внуков и внучек. Папа был удивительным человеком, он мог разговаривать на любые темы от мировой политики до древних казахских обычай, так как обладал широким кругозором знании. У него был широкий круг друзей, он очень ценил и уважал их. Каждый кто нуждался в его помощи всегда мог рассчитывать, что отец, бросив все дела помогал им. В каждом коллективе, будь то компания друзей, коллег или свадьба детей родственников, папа был в центре внимания, благодаря своей общительности, коммуникабельности и дару общения. Я всегда этими качествами отца восхищаюсь до сих пор. Говоря о папе я часто с грустной улыбкой вспоминаю наши частые разговоры на разные темы, которых мне так сейчас не хватает. Папа был очень порядочным человеком, не был изворотливым, не умел быть льстивым, лживым, не умел идти по головам. Он просто умел и любил заниматься наукой и полностью отдавался работе, которую любил, так как был и остался Учёным с Большой буквы! Говорят, что пока мы помним, человек жив, поэтому он в сердце и в душе каждого, кто помнит нашего Отца. Про папу можно говорить бесконечно много, но у каждого кто его знал, есть свои истории, которые невозможно уместить в какие-то рамки.

Жатқан жері жайлы болсын, Иман байлығын берсін.

Бауырмалдықты бойымызға дарытқан

Сәкен ағам бес ағайынды адамдар еді. Ең үлкені менің анам, Бижамал Әміре қызы, одан кейін төрт бауыры болатын. Олар біздің қыздан туыс аз еді деп менің анамды сондай пір тұтатын.

«Ағаштың тірегі тамыры, адамның тірегі бауыры» дегендей анамда бауырларын балалары бізден де жақсы көретін, соның ішінде кенжесі Сәкен ағамды. Ол әкесінен алты айлығында қалған, бізге баламыз сияқты деп отыратын. Анамыздың олай айтатыны өзіде баланы өте кеш көріпті. Содан тұңғыш қызы мен үлкен қызы 1966 жылы мектеп бітіріп Алматыға оқуға келдім. Ол жылы екі выпуск 10 класс 11 класс бітіріп өте жоғары 10-шы және 11-шы сынып бітіруші түлектер саны көп болды. Мен институтқа түсе алмай осы Алматыда Республикалық медицина училищесіне түстім. Қазақ мектебін бітіргенмін алғашқы кезде орысша оқу маған қиын болды. 10 класс бітірсекте 3 жыл оқисың. Содан қиналып ағайыма орысша түсінбеймін деп оқығым келмеді.

Аға маған ренжіп орысша білмесең «Правда» газетін оқи бер деді. Мен газетті оқысам, ылғи саясат туралы одан сайын түк түсінбеймін. Кейін ойлаймын одан басқа оңайырақ газетті айтпай ма деп қоямын. Содан жарты жыл қиналып әрең үйрендім ғой. Оқуды бітірген соң Талдықорған қаласында қан құю станциясында фельдшер-лаборант болып 38 жыл жұмыс істеп, сол жерден зейнетке шықтым. Сәкен ағамның ағайын туыстарға көрсеткен қамқорлығына риза болып, рахметімді айтып балаларыма мақтанатынмын.

Есейе келе анамның бауырларының береке-бірлігі жарасқан тату, бір біріне деген сыйластығын көріп, осы нағашыларымның арасында өстім, оған сай сол кісілердің жарлары да өте тамаша адамдар болды, соның біреуі Сәкен ағамның жары Тұраш тәтем. Өзіміздің туған әпкеміздей бәрімізге ақылшы, қамқор болды. Анам сол келіндерін мақтанышпен аузына алып сүйсініп отыратын. Біз Талдықорған қаласында тұратынбыз, бір күні командировкаға үлкен ағайымыздың қызы Нұршат келді, амандық-саулықтан кейін анам Нұршаттан Сәкетайым қалай, Сәкетайым деп сұрады. Нұршатта өзі қалжыңқой қыз. Не Сәкетайыңыз 50 ден асқанша Сәкетайма деп күлдірді, сондағы анамның айтқаны ғой, Сәкенім бізге тұңғыш баламыз сияқты деп күліп жатыр. Анам барлық бауырының қас-қабағына қарап қиналса жұмысы туралы жаны ашып, аттарын тура атамай еркелетіп айтатын. Анамыз оқымасада, қәзір ойлаймын, «философ», болыпты ғой деп. Кейінгі бір жылы Алматыға Сәкен ағаның үйне келіп кетті. Келгесін көңіл күйі бәсең, мама не болды десем. Сәкен мен Тұраш қара нан, қара шай ішіп отыр, қонағы көп, жетіспейді деп, бірақ маған сүтті шай мен ақ нан береді деп қойады. Анам 1918 жылғы, бұрын 1930 жылғы ашаршылықты 1941-1945 жылғы соғыстың қиындығын көргендіктен қара нан мен қара шәйды сол кездегі жоқшылықтың көрнісіндей көреді. Кәзір өзіміз қара нан, қара шәй ішкенде анамның сол сөзі ойыма түсіп отырады. Біз кәзір сол ағалардың екінші ұрпағының балаларымызғой, Сәкен ағаммен, Тұраш тәтемді барлығымыз пір тұтамыз оны ауызбен айтып жеткізу қиын. Сәкен ағам жұмысынада туған туысқанға да, жолдас жораларына да, ғылыми кітаптар жазуға қалай үлгерген деп ойлаймын. Бірде бір мәселе ол кісісіз шешілмейтін, той-томалақта ол кісіні көрсек мәз болып қуанышымыз қойынымызға симай шуласып, дабырласып

қалатынбыз. Сәкен ағам мен Тұраш тәтем үйге келгенде біз үшін мейрам секілді еді. Ағаларым мен жеңгелерім тәтемді Тұратай деп атын тура айтпай, еркелетіп айтады, ал біз жастар тәтелеп тұрамыз.

Қазір ол кісіге, күш-қуатты болып, жақсылықта балалары мен немере-шөберелерінің қызығын көріп жүре берсін деп тілейміз!

Асқар таудай Сәкен ағам, ауырсақ басымызды сүйеген, қуансақ қуанышымызды бөліскен, ағайын-туыстың қамқоршысы болған ағатайым жаныңыз жәннәтта болып, иманыңыз жолдас болсын!

Жиен қарындасы Қарлығаш Сапарғалиқызы
15.04.2023

Алдаберген атаның көзі тірісінде жақсы көретін кенже бауыры Сәкенге арнаған өлең-ұйқастары

СӘКЕНІМ МЕНІҢ

Сәкенім бір дембелше орта бойлым,
Жаныққұмар ғылымға терең ойлым.
Ағайын, бауыр, жолдас, балаларға,
Әрқашан үйде-түзде тыныш, жайлы.

Көрінгенінен бастап маған сүйкімді,
Көп нәрсеге бала кезден икемді.
Ғылымға, жаңалыққа жаны құмар,
Жаратады болған тәуір көркемді.

Аумаған күндіз режим дағдысынан,
Жұмысы көп сөткенің жартысынан.
Адал, әділ талаптың арқасында,
Тыс қалған жоқ халықтың алғысынан.

Мойындайды саясатты, талапты,
Жақтырмайды ішкілікті, арақты.
Жалқау, ерке, тентекбас, өсекшілді,
Бала кезден жақсы емес деп санайды.

Жұмыстардың жек көрмейді ауырын,
Өзіменен бірдей көрер бауырын.
Бауыр тұрмақ көрші-көлең көргенді,
Ойлап жүрер ұмытпайды ауылын.

Артық айтып білемін деп аспайды,
Білмей қалса оған онша саспайды.
Шын ақиқат, шындық болса егерде,
Ақыл айтқан талабынан қайтпайды.

Жақсылық, жаңалыққа жаны құмар,
Білмегенін ізденіп, ұғып тынар.
Дер кезінде бар істі тындыруға,
Шамасы келмей жатса оған шыдар.

Жаны сүйер жақсы адамды, ақылды,
Жек көрмейді жолдас-жора, жақынды.

Әр уақытта шын жүректен жаратар,
Ғалым, білгіш, жазушы мен ақынды.

Жүріс - тұрыс, киімі үлгі өнеге,
Әруақытта жарап тұрар кәдеге.
Тегін, оңай жатса егер бір олжа,
Қызықпайды, жоламайды пәлеге.

Салады не нәрсеге барлық күшін,
Өзіне болмаса да басқа үшін.
Балаша қуанады дұрыс болса,
Ақиқат бұл айтылған сеніп, түсін.

Қайырымдылық жасауға әмсе даяр,
Көмек десе ішкен асын жерге қояр.
Алған бағыт оң болса ұясынан,
Осылай болмағанда қайда барар.

Алыс - жақын, әріптеске, жолдасқа,
Көрсететін ынтымағы бір басқа.
Ауқымды ықпалдастық қажет болса,
Істеседі қарамай кәрі-жасқа.

Болмайды табыстардан бас айналу,
Онда жоқ теріс қарап қайта ойлану.
Оң іске әрқашанда оң қарайды,
Аяқтап бітірмесе жоқ жайлану.

Ыстық қайрат, нүрлы ақыл, жылы жүрек,
Адалдықпен күш-қайрат болып тірек.
Сараң сөйлеп, көп тыңдап кей орында,
Қоя білді досына талап тілек.

Адамның қандай болса істер ісі,
Дәл сондай болуы хақ оның іші.
Бақытты, адал еңбек арқасында,
Өзіме тартқан бауыр сондай кісі.

Көңілі кіршіксіз жан күндемейді,
Ақиқат болған іске үндемейді.
Инабатты адам иттен де ұялады,
Еш кінасыз адамды кірлемейді.

Ақиқат - шындық көпке әмсе ортақ,
Шындақты ол жақтамауға әмсе шорқақ.
Ештеме істемеуден ащы азап жоқ,
Әрекетсіз өмірден сонша қорқақ.

Күшке емес адал іске сенеді,
Адамдардың қатарына енеді.
Орай келсе бола қалар өжет те,
Керек болса қарымта да береді.

Кіші адам тау басында кішкентай,

Алып адам орда тұрса ол дардай.
Кіші де емес, үлкен де емес бауырым,
Көрінеді, еленеді патшадай.

«Шындықтың шоғы дауылдан да сөнбейді,
Шындық болмай жала болса көнбейді.»
Еңбек етсең бақыт басын иеді,
Еңбекпен ол өрге қарай өрлейді.

Далбасалап отырмын өлең жазып,
Көкіректе түрғандай өнер қозып.
Алматыда Сәкеннің үйі бар ғой,

Бәрімізге сияқты алтын қазық.
Рахмет беріпті Алла ақылды,
Ешкімге де жібермейсің ақыңды.
Тірі кезде білмейміз ғой қадірді,
Сағынасың көрші менен жақынды.

Бауырымды мен өзім ардақтаймын,
Шамам келсе әрқашан қорғаштаймын.
Қаны бір, ыждаһатты қамқоршы ол,
Қалай ғана мен одан алшақтаймын.

Ұзағынан бергей Алла абырой!
Тағдыры жақсылыққа жазылса ғой.
Жаратушы жарылқап өзің жар боп,
Бере гөр құдіретті нық ақыл-ой!

Қуанамын келгеніне кемелге,
Жеткеніне ғылым деген өнерге.
Тәуба құдай әзір әйтеуір тірімін,
Не болар ем ол болмаса егерде.

ЕР БЕСІКТЕН ТАНЫЛАДЫ

Мен ғана емес, көпшілік үлгі тұтарлық осындай асыл қасиеттерімен есте қалар Сәкен ағамның өнегелі істері біраз адамға шапағат сыйлады. Өз басыма жасаған жақсылықтары да, айтқан ақыл-кеңестері де менің кәсіби жетістіктерімді түзу жолмен дамытуыма өз үлесін қосты. Оның мені өзімсініп, маған артқан сенімі әлі күнге дейін өз-өзіме деген сенімімді арттыра түседі. Қашанда жүзі де, сөзі де жылы болатын. Өз басынан кешкен әңгімелерін айтқанда, бар жан-тәнімен беріліп, күлсе де, өкінсе де, шынайы көңілмен айтатын.

Ағам 60 жасқа келгенде кәсіби суретші ретінде ағамның портретін салып бір қуантқаным есімде.

2021 жылы Сарыағашқа бірге барып демалдық. Сонда көп әңгімелесіп, өзінің алдағы жоспарларымен таныстырып еді. Дәрігер ағамның көзінің жұмылғанына екі жылдай уақыт болыпты. Ағам туралы ойларымды жазуды жоспарлағалы бір кедергі бар сияқты жаза алмайтынмын. Енді ойласам, ол кедергі Сәкен ағама деген қимастық сезімнен, ол туралы өткен шақта жазудың

қиындығынан болған екен. Өмірдің адам ырқына көнбейтін өз ағысы бар, болғанға болаттай болып, алға жылжисың. Өмірдің заңына бағынасың. Сол заңға бағына отырып, осы асыл ағам туралы естелік жазуды, ол кісінің өнегесінен алатын үлгіні жеткізу керек деп ойладым.

Ұлы дәрігер, ұстаз ағам «Менің байлығым - менің ағаларым, менің бауырларым, менің балаларым және олардың денсаулықтары, одан асқан байлық жоқ!»- дейтін.

Ол кісінің козі тірісінде маған «екі дүниеде де ризамын» деген сөзін өзімнің азды-көпті еңбегімнің бағасы, берген батасы ретінде қабыл алып, есіме түскен сайын ерекше бір қуатқа ие боламын.

«Бұл өткелі мен өтпелісі көп ғажайып өмірден абыройлы болып өткеннен артық бақыт жоқ» деген сөздерін оқып, ағамның бұл өмірде абыройлы азамат, ардақты аға болғанына шәк келтірмеймін және өмірлік ұстанымы осындай адамның інісі болып, одан тәрбие алғанымды өмір жолымда кездескен үлкен сәттіліктердің бірі деп ойлаймын.

Інісі Аблан Әміреев
Суретші-ұстаз
Талдықорған қаласы
2023 ж.

Өнегелі өмір иесі

Оқуын әне-міне бітіремін деп жүрген ауыл баласының қолына аттестат алған соң ең үлкен арманы оқуға түсу ғой. Оныншы класс оқушылары бірінші тоқсанның аяғында баяғы ертегілер еліне сапарға шығып, іштей қатты толғанып, болашақта «Кім боламын?» деген тақырыптағы армандарын ақ қағазға түсіруші еді. Бабадан қалған байтақ даланың бұйығылау бір түкпірінде, жасыл желек жамылған, аласа ғана әдемі таулар арасында тіршілік кешіп жүрген жандардың көңіл түкпірінде о, шіркін, не жоқ дейсіз! Санасына бір әдемі сәуле түскендей қиял құшағында тербеліп, оңашада тәтті сырын бөлісетін ол кездегі боз бала мен бойжеткеннің көбі ең алдымен ақ халатты дәрігер болсам дейтін. Одан кейін мұғалім, инженер, зоотехник, бухгалтер, әнші, актер, заңгер деп келеді де, ар жағын айта алмай кідіріп қалады. Өйткені ел ішінде сол дәуірде кең тараған, абырой беделі де өте биік ең қажетті мамандар осылар еді. Құдайға шүкір, ауылымыз алыста жатқанмен тарихымызға ой көзімен үңіліп, әр нәрседен хабары бар көзі ашық, көкірегі ояу, мейірбан жандардың біріне-бірі тілектес жүздерінен тек жылулық есіп тұратын. Мына өтпелі өмір көшінде жақсы жаманның бәрін де көріп, шүкірлік тәубасынан, обал сауабынан жаңылмаған жарықтық қара шалдарымыз, өсіп келе жатқан өрімдей жастардың сау-сәлемет өсуін, ел мен жердің амандығын тілеуші еді. Мен де оқу бітіріп әскерге кетерде, әке-шешем көрші-қолаң, ағайын-туыс, құда-жекжаттарды шақырып баталарын берген еді. Өзіміз де мінеки, кейінгі іні-бауыр қарындастарымызға ақыл айтар, арқа сүйер аға жасына келгенде, айларым мен жылдарыма ой жіберіп қарасам Алла Тағала қолтығымнан демеп, алдымнан ылғи да жол білетін, жөн білетін

адал пейілді аққөңілді ағаларым мен апаларым құшақ жайып қарсы алыпты. Атағы бүкіл одаққа әйгілі Алматы ауыр машина жасау заводының нөмір 12-ші шойын қою цехына енді ғана жұмысқа орналасқан кезім. Жанымда өзіммен құлынтайдай тебісіп бірге өскен досым бар. Оның да әскери теңіс флоты күштері қатарына келген беті. Екеуімізде көзімізді ашқалы көргеніміз ауызымызды ашқалы сүйгеніміз ауылдың екі қызына үйленіп енді ғана отау құрған күндеріміз болатын. Баспанамыз жоқ. Серік «Саяхат» автовокзалынан біраз төмендеу «Баянауыл» көшесінде, ал мен 12-ші линияда, иттің үйшігіндей ғана жер төледе квартирде тұрамыз. Алматы деген ару қала атағы, әйтеуір қазақтың астанасы, өзге ағайындардың асханасы, орекеңдердің басқаласы болып айдарынан жел ескен, айдауына жүргізіп, айтқанына көндіріп, демегеніңді дегізіп, жемегеніңді жегізіп, жуастып жүргізген уақыт болатын. Сенеріміз де, сүйенерімізде жоқ. Өмір сүруіміздің өзі бәсеке. Алматы қазақтар үшін мүлдем жабық болатын. Кірмелердің күйін кешкенбіз. Алланың сыйы шығар сол кездері Ассалаумағалейкүм деп алдына алғаш рет сәлем беріп барғанымда, оң қабақ тантып, жылы сөзімен жұбатқан, көңіл шуағымен жанымызға нұр құйып, біздерге даладай кең құшағын ашқан Сәкен аға мен Тұраш тәтем еді. Айтжамал екеумізге әрі сүйеу, әрі тіреу болып жүдеп жадап жүргенде жанымызға ем берді, сая болып дем берді. Шөлдеп барсақ қуықтай ғана ас үйінде көсіліп отырып, шөл қандыра шәй ішетінбіз. Бесінші шағын аудандағы сол бір бөлмелі үйден басымызға бақ қонғандай мәз болып қайтушы едік. Сәбидің санасында өзі жатқан тал бесігі ең ыстық ұя, аялы мекені, шағын әлемі болып қалады ғой. Біз үшін де, тек біздер ғана емес, бүкіл Талдықорған, Андреев ауданының ұл-қыздары үшін Әміреевтер әулетін танитын, сыйлайтын, құрметтейтін, бас иетін бар ағайын-туыс, жерлестері үшін де бұл отау қадірлі де, қастерлі еді. Қашан келсең де есігі айқара ашық. Үнемі бірі келіп, бірі кетіп жататын қонақтардан, ағайын туыстан есігін жабылғанын көрмеппіз. Анда-санда дәм бұйырып бара қалсақ алдымыздан Қорлаш тәтем мен марқұм Шәріп қайын ағам, қолтықтасып шығып келе жатады. Кері қайтуға кешігіп, сәл іркіліп, бөгеліңкіреп қалсақ, Сәкен ағам жарықтық, соның өзін қалт жібермеуші еді. Ішкі мәдениеті, сезімталдығы өте жоғары адам ғой. Талай жылдан бері көрмеген інісі алдынан шыға келгендей, не туысын көргендей құшағын ашып, бауырына басып, маңдайымыздан иіскеп үйге жетелейтін. Көңілі кең еді-ау, шіркін! Шөлдеп келгенде бұлағымыз, оңаша отырғанда әңгімелесе қалсақ, сырласар сыңарымыз еді. Қиналып барсақ тілеушіміз, қисайып барсақ тіреуішіміз бола білген, алдымыздағы асқар Алатауымыздай, жеміске толы бау бағымыздай, қолтығы да кең, бүтінін бөліп, аузындағысын жырып беруші еді. Ізінде ізгіліктің дәні толып тұратын. Сәкен ағамдай ізгі жүрек жандардың жанында жанасып жүргенде, қадірін дер кезінде алтын басын бағалай алмасақ, айып бізден. Кейін сағынып іздеген кезде жүріп өткен ізіне де зар болады екенсің. Тазалық пен адалдықтан, алдына жан салмайтын айбозым еді. Мен секілді бір ғана ауыл баласының ғана емес, ол кісі бүкіл ауданымыздың, облыстың, қала берді бүкіл Жетісу өлкесінің, жалпы Алаш баласының ақылшы ұстазы еді. Екінің бірінде кездесе бермейтін қарапайымдылық қасиеті мен жалпы ел жұртқа жаққан жақсының бірі болатын. Інісіндей қатар жанында жанасып жүрген күнімде, біреуге қабақ түйіп қарағанын, не айтқан сөзін жүре тыңдап жүгенсіздік танытқан мінезін де

көрмеппін. Қашан көрсең де, алдына қай уақытта келсең де, сол биязы, сыпайы, сырбаз да сабырлы қалпында ай маңдайын әдіптеген терең әжімдерін алақанымен сипап қойып, жүзіңе жымия қарап отырушы еді. Сол көздерден, мен, ізінен ерген іні-бауыр қарындастарына елжірей қараған Алатаудай ағаның көңілін көргендей болушы ем. Тұраш тәтем екеуі тұралап шаршап, қанша қажып-шөжіп жүрсе де кеюді білмейді ғой. Әрине, іштей қынжылатын шығар, бірақ сырт көзге сыр бермейтін. Бұл ауылдың қазақи тәрбиесін көрген, дарқан даланың кәусар ауасын еркін жұтып өскен аққөңіл, қонақжай, ұлттық мінез бен қазақы әдет-ғұрып, салт-дәстүрді берік ұстанған ерлі-зайыпты жандардың бойындағы ең асыл қасиет еді. Қазір ойлап отырсам, олар сол тұста, отыздың ортасына әлі жете қоймаған отбасы екен ғой. Оны біз сияқты үлгі тұтып келе жатқан көз көргендер ғана айта алар. Сондықтан ол күндер біздің есімізде кеңпейілділік пен дархандықтың, ұмытылмас өнегенің үлгісіндей жатталып қалды. Өзінде жоқ болса да, сол жоқтың өзін қолыңа бар ғып берген, Қасиетті Құрандағы жасыл желек жайқалған жұмақ төріне лайық жан еді ғой. Бүгінде сол биіктен, өзінің қоршаған кіл жақсылар мен жайсандардың арасынан бізге сүйіне қарап отырған да шығар! Жаның Жәннатта болсын, ардақты аға! Олар Әміре деген қара шалдан таралған Бижамал есімді көзінің ағы мен қарасындай бір қыз, Тәңірберген, Аллаберген, Құдайберген, Сәкен деген кенжесі төрт ұл екен. Ел деген әулиенің арқасында олар аштықты да, жоқтықты да, тоқтықты да сұрапыл қан майдан соғысты да бастарынан өткізіп, талай тар жол тайғақ кешулерден аман өткен жақсылардың сарқыты еді. Тәңірберген аға бар саналы ғұмырын ел мен жердің көркейіп, қанат жаюына арнаған жел жақтағы панасы, ақыл айтар ағасы, көш бастаған көсемі, жол бастаған данасындай болған жан еді. Біраз жыл колхоз басқармасы болды. Өзіне тетелес екі інісі Аллаберген мен Құдайберген де ел ішінде еңсесі биік, абыройдың ақ шапанын жамылып, жақсылардың жанынан ғана табылған, өздері өскен өлкеде ілім-білім таратып, аудандағы бар балаға тәлім-тәрбие берген үлкен жүректі, баба тілекті ұстаздар еді. Менің әкем Еңсебай осы бесік тербеткен берекелі отбасымен біте қайнасып, бүтінін бөліп жеген, қатар жүріп өзара сыйласқан, кетерінде бір-бірімен қимай қоштасатын жандар еді. Сонау жетпісінші жылдардың бас кезінде Әміре атамыздың тұңғышы Тәкіш аға, біздің ауыл Карл Маркс атындағы колхозда төраға болды. Содан бір күні екеуі жүздесіп қалғанда, әкем, екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңістің отыз жылдығына байланысты Алматыда тұратын соғыс ардагерлеріне үкімет үй береді екен, ол үшін қалада тіркеу қажеттігін айтса керек. Оңашада ой бөлісер, ақыл қосар сырласы, мына жалғандағы жақсы менен жаманның бәрін де бастарынан қатар өткізіп, бір-біріне жанашыр сүйеу болып жүретін, заманы бір қос қарияның ақжарма, адал көңілі ғой. Сол жерде Тәкіш аға әкемді кабинетіне алып барып, көзінше Сәкен ағаға телефон шалыпты. Міне, сол бір қоңырауының арқасында, әкем көп ұзамай-ақ Оңтүстік Астананың тұрғыны болып шыға келген. Оның бәрін еске алып жаза берсең, таусылмайтын естелік, бір ерекше тарих қой. Бұл жерде айтайын дегенім, Сәкен ағамның «атымтай» жомарттығы туралы. Жаңадан ғана қоныстанған үш бөлмелі пәтерден, бір кісі тіркелуге болатын орынды еш қиналмай-ақ бізге бергені жомарттық емей немене! Бар құжатты қолыма ұстатып, шамаң келсе әкейді тіркеуге тұрғызып аларсың, - деді. Ол дәуірде Алматы біздің астанамыз болғанымен жалпы қазақ үшін жабық қала

болатын. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыз саяси бюроның мүшесі болса да, Қазақстанның бар билігі Мәскеуде еді. Алдымен бір Алланың арқасы шығар, Сәкен ағам тұратын бұрынғы Ленин аудандық милициясының бастығы Сайлау Досымұлы Серіков мырзаға Қазақтың дауылпаз дауыс иесі, атақты диктор менің ұстазым Қазақстанның халық артисі Әнуарбек Байжанбаевты ертіп барып, бас-аяғы бір айдың ішінде қала тұрғыны болып шыға келгенбіз. Көп ұзамай полковник Сайлау Досымұлы Армения мен Әзірбайжан арасындағы қақтығыста, Қарабах аспанында ұшып келе жатқан вертолеттеры апатқа ұшырап, қайтыс болды. Бірақ ол кісінің әкеме рұқсат алып беруі көңілімде өшпестей із қалдырды. Сөйтіп, арада бір-екі жыл өткенде, осы ағаларымның арқасында Алматының тура ортасынан үш бөлмелі үй алдық. Бұны қалай ұмытасың? Бұл менің ұрпақтан-ұрпаққа айтып кетер алғыс аманатым болар. Қазақтың Сәкен ағадай айбозынан көрген өтелмес жақсылығым деп білемін. Оны мен ақтық демім таусылғанша ұмытпаңдар деп, ұл-қызым мен немерелеріме айтып кетемін. Алдағы күндерімізді Алла біледі ғой. Оның бәріне уақыт төреші. Бірақ жер басып жүрген екі аяқты пенденің қайсысы болсын, күндіз-түні тыным көрмей тырбанып жүріп тірлік кешеміз. Алдымыздағы бар-жоқ үшін өмір бойы ентелетіп қойған қу тіршілікте кейде, міне жеттім, ұстадым деген арман көкжиегін көз ұшында сағым болып бұлдырап, арғымақпен қусаң да жеткізбей қояды. Сәкен ағаның да басына бақыт, береке, байлық құт болып дарыса да, болашағына бағыт сілтеп ұзақ жылға дейін орасан ауыр жүк болып танылған ғылыми ізденісі, оңайға түскен жоқ. Баяғыда, бозбала кезінде, ауылдан білім іздеп алыс жолға аттанғанда, ол алдағы өмірінің алуан түрлі қызық пен қуанышқа толы, үнемі ел ішінде ұзақ жолда болатынын білген жоқ қой. Дәрігерлік оқуын бітірген соң, одан әрі ғылымды таңдап айлар бойы үй қарасын көрмей, алыстағы ауылдарда, шопандар мен малшылар арасында жүретінін, күндіз-түні зертханада көз майын тауысып, жұқпалы аурулармен күресу үшін еңбек ететінін қайдан білсін. Ел жайлауға шыққанда, не етекке түсіп келе жатқанда арқасына таудай жүкті үйіп алып, маң-маң басқан атан түйелерді көргенде: «Әй қайыспайтын қара нарым-ай! Өмір бойы осылай шайқалумен өтесіңдер ғой» деп, оларға таңдана да, аяушылықпен қараушы еді. Өзі де осы қара нар секілді, өмір бойы ғылым үшін тер төгіп, белі қайыса еңбек етті. Бірақ оның зіл батпан ауырлығына мойыған жоқ. Сол байсалды, байыпты, асығып абыржығуды білмейтін, ананың ақ сүтімен, әкесінің бел күшімен берілген қоңыр салқын мінезімен, жұрттың бәрінен озбаса да, ғылым үшін тер төккен жандардың арасында үлкен абыройға бөленді. Медицина саласында өзін мойындата білген кең жүректі, баба тілекті жанашыр аға, білікті профессор, өз ісінің нағыз білгірі атанды. Қаршадай күннен-ақ алдында жүрген Алатаудай ағаларының алдын орап, төрге озбай бабаларының көшелі ой, көсем сөзін көкірегіне хаттап өскен Сәкен ағаны, далада жүрген дархан көңіл ағайындар, сонау бір алыстағы қияннан ақжолтай хабар алып келген туысындай көріп, дастарханның төріне шығарып мәз болушы еді. Өйткені Сәкен аға да оларға сәлем-сауқатын арқалай келіп, сол төңіректе отыратын малшы-қойшылардың бала-шағасы мен бесіктегі бөбегіне дейін көңілдерін көтеріп, сырқат жандарға ақыл-кеңесін айтып аудандық, облыстық денсаулық сақтау бөліміндегі әріптестерімен бірлесе жәрдем көрсететін еді. Өйткені жұмыс сапары кезінде

атақты профессор алдымен шалғайда жатқан жандардың жағдайын сұрайтынын олар да жақсы білетін. Қазақ радиосына берген сұхбаттарының бірінде Сәкен аға ойлана отырып, мал соңында жүрген ауылдастары мен бауырластары, қарапайым еңбек адамдары туралы айта келіп, менің ғылым жолындағы азын-аулық табысым мен топ ішіндегі шабысымның барлығы, аядай ауылымнан басталған. Менің көңіліме нұр құйып жақсылық дәнін еккен осы туып өскен топырағым деп еді. Көңіл, көңілден су ішеді деген, айында-жылында бір келетін осындай сыйлы жандар есік ашқанда, қонақжай халқымыздың ұл-қыздары мен үлкен-кішісі мәз-мейрам болып көңілдері көтеріңкі жүруші еді. Міне, сонау бір түкпірдегі ел-жұрттың, ағаны алғаш рет көріп отырса да, бала кезден бірге жүрген бауырындай көріп, жатырқамай жан сырын түгел ақтаратыны да сондықтан. Сәкен аға жол сапарынан келгеннен кейін мәселеге жауапты аудандық, облыстық ауылшаруашылығы басқармаларына, денсаулық сақтау мекемелеріне, тиісті министрліктің алдына, егер қажет болған жағдайда үкімет аппаратына дейін мәселе көтеріп талап қояды екен. Адам сыйлағанның құлы ғой. Аузындағы әр сөзінен жұпар ескендей, жүзінен жылулық қана төгіліп тұратын атақты профессордың жеке басын сыйлау арқылы, ауылдағы бар ағайын оған ерекше ықылас, құрмет білдіретін. Мұндай өзара сыйласым, береке-бірлік болмаса, туған елдің жасыл желек жамылған тау тасында төрт түлігі асыр салып ойнақтап жүрмесе, қамшының сабындай ғана қысқа өмірдің сәні бола ма?! Міне, осылайша Сәкен ағаның бар ғұмыры байтақ далада ғұмыр кешкен тіршілік иелерімен, үзілмей жалғасып жатушы еді. Олардың ортасына шыжғырған шілде айында келе қалса, таза ниет көңілімен сая тауып, ақпанның азынаған ақ төтек боранында жолы түссе, шуақ төгілген мейірінен жылынып қайтушы еді. Ғылым жолында жүрген ірі оқымысты ғалым-зерттеуші болса да есте қалар жүздесу мен кездесулерін, өзі қолдарынан дәм татқан жандардың бәрін жатсынбай жақын көріп, дастархан басында айтылған әдемі тілек ұсыныс, ел ішіндегі ақсақалдарының нақылдары мен ақылдарын қойын дәптеріне түртіп алады екен. Сонау бір жылдары аға екеуіміз үйдегі дастархан басында өзара сырласып отырғанда, сізге бұл не үшін керек дегенім бар. Сонда көңіл бұйдасын қашан да ақылға байлап ұстайтын асыл ағам, менің жүзіме ойлана қарап отырып, қолда барды бағалай білгенге ештеңе жетпейді. Қай ортада жүрсем де қарапайым халықтың айтатын тілегі бәрімізге де ортақ деп білемін. Олардың ойы да, мұңы да, сыры да, талабы да, қайғысы да, қасіреті де, тіпті арманы да бізбен еншілес. Осы отырған екеуіміз де, қазақтың кішкентай ғана бір бөлшегіміз. Мына қыбырлаған тіршіліктің дауылы да бар, жауыны да бар, суығы да жетерлік. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздамай тұрмайды. Мен ел саулығын ойлаған дәрігермін ғой. Бірақ ерекше көрінгім келмейді. Осының барлығы өзім үшін керек дегенде, тілімді тістеп отырып қалып едім. Небір ескі сөздерді сақтап жүретін алтын сандығымды ақтарып осы естелікті жазып отырғанда, есіме, Сәкен ағамның жанағы сөздері түсті. Терең ақыл ойы мен айналасын үйіріп алатын бейнесі көз алдыма елестеді. Ол кісі екеуіміз екі дәуірдің куәгері болсақ та, ағаның етіне ащы таяқ көбірек тиіп аш құрсақ өскен, қорғаны жоқ, ауызынан құдайы түспейтін шал-кемпірдің қолында, жетім ауылда жетілген жан ғой. Зердесі өте тұнық, танымы терең, талғамы бөлек, ел ертеңін ертерек ойлаған ғалым еді. Барымызды бағалай білсек, біз ешкімнен кем болмаймыз деген

қамқор көңіл иесі бола білді. Ағаның тұла бойында сырт көзге онша байқала білмейтін мұндай асыл қасиеттерін айта берсек, оның жарқын бейнесі аспандай береді, асқақтай береді, шыңға біткен шынардай даралана береді-ау, шіркін! Ол кісі елден ерекше көрінуді қаламайтын. Жүрісі де, күлкісі де, киім киісі де сондай қарапайым еді. Кішілігі мен кісілігі өзіне сондай жарасымды, жүзіңе қарап жымиып күлгенде, дидарынан жылылық есіп тұрғандай жүректерге жылу төгетін екі көзінің орнында екі сызық тұрушы еді. Әлгінде, ғылым жолында аянбай еңбек етті дедім ғой. Ол жайында өзімен иықтаса қатар жүрген әріптестері мен замандастары, сол бағытта күндіз-түні шұқшиып көз майын тауысқан зерттеушілер, ғалымдар әлде қайда тереңірек біледі ғой. Сол кісілердің айтып жазғандары жөн болар. Менің айтайын дегенім, Сәкен аға өмірі атақ қуып, мансап іздеген жоқ. Ол қарапайым эпидемиолог ретінде медицинаға бар өмірін арнады. Байтақ жатқан қазақ даласында ағаның табаны тимеген қарыс жер қалған жоқ шығарау. Хабарласа қалсақ: «Тұраш тәтем, ағаларың тағы да іссапарға кеткен», – деп күлуші еді. Әйел баласының ішіндегі бір керімі ғой. Ағаның үйде жоқ екенін де білдірмей, есіктен келген жандармен есен-саулық сұрасып төріне шығарады. Жоқ нәрсені бардай етіп, бар дүниені көлдей көбейтіп көз алдыңа жайып тастайды. Қанағаттан қазан асып, мейріммен шай құйып, құмғанын қайнатып, Асқар мен Әлиясын ойнатып, мектебі мен балабақшасына апарып, сол үйдің берекесін кіргізіп отырады ғой. Ал аға ауылда жүргенде жағасын кірлетпей, қағаз-қаламын да іздетпей, қиылып қарап, ізетпен қоштасып, қолтығынан демеп, арғымағын мінгізіп жұмысына шығарып салатын. Оны көзіміз де көрді, шынайлығына көңіліміз де сенді. Әйел үшін үйге келген ағайын-туысты қабағынан танып, жадырай күліп баға білген, отағасының жай күйін біліп жанын түсініп,қалауын тапқаннан артық бақыт барма екен, деймін. Аға мен тәтемнің сол сыйластығы есіме түскенде, алдыңда тербетілген ақ бесігің, қасиетті қара қазанында құдай бұйыртқан мол несібің болғаны қандай керемет деп масаттанамын. Одан артық не керек?! Атам қазақ ондай нәзік жан иелерін, қонған елі мен жерінен ерекше бір ырыс пен байлық, сарқылмайтын кен тапқан, Алланың сүйген пендесі деуші еді. Сәкен аға докторлық дисертациясын жазуды қолға алғанда, оның соңғы нүктесіне дейін, әрбір сөзі мен үтір-сөйлемінен қате кетпес үшін, Тұраш тәтем машинкада отырып қабақ шытпай-ақ, шаршап шалдықпай-ақ күндіз-түні көз майын тауыса отырып, қарып терген екен. Сол төңіректе әңгіме бола қалса, Сәкен аға жымиып қана, көз қиығымен жұбайына ризашылығын білдіруші еді. Аядай ғана ауылда үлкендердің аузынан шыққан әр сөзіне көңіл аударып, қас-қабағына қарап өскен баламыз ғой. Сәкен ағаның сол бір елеусіз көзқарасында, тілмен айтып жеткізе алмайтын бір ризашылық, ықылас, алғыс сезімі тұнып тұратын. Құдай қосқан қосағы мол қуаныш сыйлаған ер адамның жүзінен мен сонда алғаш рет жақсы көру дегеннің қандай болатынын, әйелін үнсіз ғана аймалау, іштей емірену сезімінің не екенін сезгендей болғам! Осындай адал сезім, менің де маңдайыма бұйырса екен деп тілегем. Мұндай сезім, менің өміріме ұмытылмас өнеге болып, көңіліме жұбаныш сыйлаған. Алдамшы дүниенің бар байлығынан да қымбат көңіл сыйластығын, бірге қызмет істейтін осындай ортада Санжар Аспандияров атындағы мемлекеттік университетінде тағы да көргем. Тамсанып, таңғалғам. Үйде ғана емес, үлкен білім ордасындағы қарақұрым ортада, осындай мәртебеге

ие болу кез келгеннің пешенесіне жазыла бермес бақ шығар. Медицина ғылымының докторы, профессор Сәкен Әміреевтің ғылыми еңбектерін насихаттауға арналған конференцияда құжатты фильмге түсіру үшін Алдаберген ағаның баласы Ақан екеуіміз барғанда, тағы да куәгер болғанмын. Тәуелсіз елдердің көпшілігінен және Ресей мен шет елдерден, өз ішімізден келетін қонақтарға құрмет пен қошемет білдіру үшін университет ректорынан бастап проректорлар, декандар мен олардың орынбасарлары - ой, несін айтасын, шен шекпенділердің барлығы, сол жерде жиналып ағаға құрмет, ілтипат білдіріп жатты. Бізді стол басынан, тіпті, қимылдатпады-ау! Сол көрініс менің жан дүниемді байытып, қиялымды шарықтатқан еді. Әлемнің бар жарық сәуле сұлулығы, көркемдігі, сол жерге ғана төгілгендей, төңіректің бәрі нұрға толып, құшақ-құшақ гүлден көрінбей қалған. Жүздерінен нұр төгілген небір арулар Сәкен ағаны кезек-кезек құшақтап, Алматыдағы ауруханалары мен емханаларының ақ халатты абзал дәрігерлері мен өрімдей жас шәкірттері суретке түсіп, күні бойы босатпады. Адал маңдай тері, таза еңбек пен келген абырой, бедел, атақ-даңқ осындай болады екен ғой. Осыншама құрмет қуаныштан, ыстық ықылас, құшақтардан, ағамыз жарылып кетпей қалай отыр екен деп қарап қоямын. Сәкен ағам сол бір сабырлы қалпы, алдына келгендердің барлығына иіліп, бізді құшақтағандай бауырына басып, ешкімді алаламай-ақ, таза пейілмен бәрін жалықтырмай қуантып отырды. Адалдықты танып, тани білетін, тұщымды толғау, өнегелі әңгіме айтылатын үлкен төрге лайықты төр иесінің, парасат иесінің отырысы қандай жарасымды! Бүгінгі ұрпақ ол кісілер көрген азап пен қайғы-қасіреттің, ауыр мехнаттың, жоқшылықтың, тапшылықтың бірін де көрген жоқ. Құдайым көрсетпей-ақ қойсын. Бұл кездесу ұзақ уақыт сәтін күтіп, сағатын тосқан өте бір қайырлы іс болды. Бір басына ағалықты да, даналықты да, даралықты да түгел сыйғызған қайырлы іске, қайтарымсыз-ақ қамқорлық жасаған адам ғой. Оны осы конференцияға жиналған көптеген оқымысты ғұламалар, әсіресе, өзіне ғылыми жетекші болған Ресей ғалымдары жоғары баға берді. Өйткені Сәкен аға сол үлкен үйдің есігін баяғыда өзінің ұлттық сыпайы мінез, ақыл-ой тереңдігімен ашып, өнеге, тәлім, таным-білімі мен мойындатқан еді. Одан бері де талай жылдың жүзі болыпты. Өз елінде қандай аты шулы дөкей болса да,орыстың азуы алты қарыз, арыстан жал оқымыстылары қазақ баласының қара шаңырағына басын ие, еңкейіп кіріп,құбылмалы мінезі жоқ әріптестерінің дастарханынан дәм татқаны есімде. Алыстан келген сыйлы кісілерге біз де, ауызын ашса жүрегі көрінетін, әсіресе ағайын-туыс бас қосқанда, осындай лауазым иелері алдында өз ойын ірікпей, арасына әдемі әзіл қосып, ойын орынды, орнықты жеткізе білетін Алдаберген аға күйеу баласы Шаймердан бауырымыз екеуіміз, қал-қадірімізше құрмет көрсеткенбіз. Тұраш тәтемнің жанында томпаң қағып, марқұм Сәуле құдашам да жүрген еді. Беу, дүние-ай десеңші! Сонда Сәкен ағам үзіліп кетердей болып көрінетін қыпша бел қымбат хрустальдарды екі саусағымен ғана аялай сәл жоғары көтеріп, аттарынан ат үркетін ғалымдардың денсаулығы үшін тост көтергені жадымда қалып қойыпты. Ешқандай жалпақтау да, жарамсақтану да, асыра сілтеп, мақтау да жоқ. Терезесін тең ұстап сөйледі. Қарапайым ғана қазақы мінезбен, аса құрметті қонақтарға көрсетілетін ұлттық сый-құрметтің бәрін көрсетті. Шіркін, дастарханда не жоқ дейсің! Құстың сүтінен басқаның бәрі бар-

ау! Әуелгі де тартыншақтап отырған төрдегілер, маңдайлары біраз жіпсіген соң сөз тиегін ағытып, кезек-кезек көсілді-ау келіп. Алдарына білектей сары ала қазысы бар үйеме табақ ет келгенде, «орекеңдер» тілін жұтып қойғандай, осының бәрі бізге ме? - деп таңырқап, көздері бақырайып, бетімізге қараған. Солар үшін екені айтпаса да түсінікті еді. Үлкен дәмнің үстінде бізге де сөз кезегі тиіп, қонақтарға лебіз білдіргенбіз. Арғы жағына ел қонып, шырайы кірген ғалымдар, алдымен, ерекше қонақ жайлылығымен жомарттық үшін деп, ақ пейілді халқымыздың атына алғыс айтып, тіл үйірген осыншама дәм-тұзы үшін от анасына, бүкіл қыздарымызға ризашылығын білдіре келіп, Сәкен ағаның адал еңбегінің төскейі мен сай-саласы мыңғырған мал мен жанға толы, ауыл шаруашылығы ерекше дамыған, теңіздей толқыған егіс алқабы бар Қазақстан үшін ғана емес, жалпы Орта азия мемлекеттері үшін өте маңызды екенін айтқанда, кеудемді бір мақтаныш сезімі кернеген еді. Сөз соңында олар бұл ғылыми жұмыстарыңызды орта жолда қалдырмай басқа елдерге де тарату керек, оның аясы өте кең деген еді. Ғалымдардың көріпкелдікпен айтқан сөздері шындыққа айналып, эпидемиолог ғалым ағамның еңбектері, іргелес жатқан өзбек пен қырғыз, тәжік тілдеріне аударылып, жоғары оқу орындарында оқулық ретінде еңгізілді. Өз елімізде, ана тілімізде жарық көріп, медицина саласының қызметкерлері мен шәкірттердің қолына тиді. Ұстаздар қауымы әлі күнге дейін бұл шығармаларды, оқу құралы ретінде негізге алып отыр. Бұны қалай ұмытасың Тамшылы деген аласа ғана тау бөктерінде өткен ғасырдың қырықыншы жылдарының басында туған, орыс тілінен мүлдем хабары жоқ қара бала, ғасыр соңында ғұлама ғалымға айналып, Мәскеу, Ленинград, Новосібір сияқты орыстың ірі қалаларының оқымыстыларының өзін таңқалдырыпты десе кім сенеді.Егер де, Сәкен ағаның үйінде солармен иықтаса жүріп, әдебиет әлемінде қазақтың атын бүкіл әлемге танытқан, қаламынан теңдесі жоқ небір жауһарларын қалдырған Пабло Неруда сыйлығының алғашқы иегері жазушы Әнуар Әлімжанов, белгілі, қоғам қайраткері, жазушы, Тоқтар Бейісқұлов, Құрманғазы оркестірінің құрамында қара домбыраның үнін дүниенің төрт бұрышына таратқан ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Монғолиядағы қандастарымыздың арасында үш жыл еңбек еткен, белгілі ұстаз Мәлгеждар Әубәкіров, қазақ театр өнерінің ең беделді,танымал өнер тарландарының бірі, Социалистік Еңбек Ері Серке Қожамқұлов, Кеңестер одағы мен Қазақстанның халық әртісттері Қапан Мусин, Сабира Майқанова, Сейфолла Телғараев, Қамал Қармысов, Әмина Өмірзақова, Зәмзәгүл Шәріпова, Ыдырыс Ноғайбаев, Асаналі Әшімов, Фарида Шәріпова, айта берсе осылай жалғаса беретін өнер алыптары мен ағалы-інідей қатар жүріп сыйласа білген, қазақтың тұңғыш профессионал режиссері Асқар Тоқпановтың тоқпағымен өсіп, ер жеткен режиссер Маман Байсеркенов, ұзақ жылдар бойы қаржы саласында еңбек етіп, үлкен бір банкті басқарған Ришат Садықов, қазақ жігіттерінің арасынан шыққан тұңғыш гинеколог дәрігердің бірі, Кеңес одағы кезінде сонау Алжир мемлекетінде жұмыс істеп кайтқан Жомарт Нұрқасымов көкелеріміз отырса, қонақтарымыз қандай күйде болар еді. Мұны көзге елестетудің өзі, кімге болсын зор қуыныш сыйлайтын еді. Ал Сәкен ағам осындай дарабоздардың бәріменен де бір дастархан басында думандатып, сырнайлатып, әндетіп, талай қуанышты күндері мен жылдарын, балалық шағын, жастық дәуренін бірге өткізген. Маған да

ықыластары түсіп маңдайынан иіскеген, қол ұшын созып, қолтығымнан демеген. Аруақтары риза,топырақтары торқа болсын! Алла тағала алдарынан ұялтпай құраннан төгілген әсем нұр, жатқан жерлерін жарық етсін дегіміз келеді. Олар жайында көңілімнің сонау бір түкпірінде көмілген шоқтай болып, әлі күнге жаныма жылу беріп келе жатқан әдемі ойларым мен естеліктерім таусыла қойған жоқ. Күнделік жазуды әдетке айналдырмаған соң, құр жадыңа сену де ұзаққа апармайды екен. Жылдар өте келе санаң да сыр беретіні көрінеді. Болашағымызды Алла біледі ғой. Ертеңімнен бір жолата күдер үзгім келмейді. Мен үшін Әміре ұлы Сәкен ағаның орыны ерекше. Көңіл көгімде ол кісі бауырмал да көпшіл, адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі, адал сезімін өзіне өмір бойы азық етіп, сол жолдан табаны таймаған, кісілігі мен кішілігін тең ұстап өткен бекзаттардың бірі болып қала береді. Сол асыл бейнесі көмескіленбей де, көркін де бұзбай, жымиып қана тұратын бейнесімен көңілімде сақталады.

Інілік зор құрметпен еске алушы Серіков Аманжан Еңсебайұлы ҚР мәдениет қайраткері, Қазақстанның халық артисі Ә. Байжанбаев атындағы сыйлықтың және «Құрмет» орденінің иегері.

КЕМЕРДЕ ЖОЛЫҚҚАН КЕМЕЛ АДАМ

Сәкен аға мен Тұраш апаймен 2015 жылдың жаэында Түркияның Кемер демалыс аймағында танысқан едік. Қызым Тоғжан Алматы медициналық колледжін бітірген соң С. Ж. Аспендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне түсіп, сол қуанышын атап өтейік деп демалысқа келгенбіз, Түркияға бір ұшақ қазақ ұшып келгендей едік, жан-жаққа бөлінген кезде Кемер демалыс орнын таңдаған біз ғана болып шықтық. Келсек, төңірегіміз түгел неміс, украиндар мен орыстар. Тамақ ішсек те , теңізге барсақ та біртүрлі жалғызсырап жүрдік. Бір-екі күннен кейін таңғы асқа барсақ, аға мен тәте отыр екен, қуанғанымыздан қастарына барып отыра кеттік. Ол кісілер де төңіректеріне қарап. қазақтар жоқ екен-ау деп отыр екен. Таныса келе, тез тіл табысып кеттік. Жерлес екенбіз. Тұраш апа туған апамдай, Сәкен аға болса, әкеміздей болып бір-бірімізге тез бауыр басып кеттік. Аға қызымның медицналық оқу орнын таңдағанын естігенде тіптен қуанып, ақыл кеңесін айтып, ақ жол тілеп ақ батасын берді. Сол жылдан бастап ағайын туыстай араласып кеттік. 2018 жылы қызым тұрмысқа шықты, тойға шақырдым, жәй таныс адамдар ғой деген жоқ, ақ тілегі мен ақ батасын арқалап тойға келді.

Қазір арамызда аға жоқ, бірақ Тұраш апаймен туған әпкемдей араласып, қуанышымды да, қайғымды да бөлісіп тұрамын. Сәкен аға сондай кішіпейіл, қарапайым жан еді. Жұмыс барысында университетке бара қалсам, ағаға барып сәлемдесіп тұратынмын. Сонда туған қарындасы келгендей құшақ жая қарсы алып маңдайымнан сүйетін. Сәкен аға мен Тұраш тәте жастарының үлкендігіне қарамастан бірінші болып үйлеріне шақырып, дастарқандарынан дәм де таттым. Ата-бабаларымыз жақсы да жаттық жоқ дейді емес пе, Сәкен аға сондай жаттығы жоқ, бар қазақ менің бауырым деп жүретін адамгершілігі мол, кісілігі

көп жан еді. Ол кісінің дәрежесіндегі кейбір адамдар ханға сәлем бермес еді, ал аға болса, ешуақытта өзінің мансабы мен атақ дәреежесі туралы сөз еткен емес.Бірде тағы университетке жолым түсіп, кафедраға бардым, аға студенттермен сабақ өтіп жатыр екен. Орталарында буы бұрқыраған ақ шәйнек, үстелдің үстіндегі ақ жаймада тәттілер, бауырсақ шашылып жатыр, студенттер шетінен жарыса сабақ айтып, бір -бірімен пікір таластарып дәрісте емес, алқалы басқосуда отырған секілді көрінді.Сөйтсем ағаның сабақ өту тәсілі осылай екен.. Бұл тәсіл де ағаның ешбір адамда кездесе бермейтін жақсы қасиеттері мен адамгершілігінің бір жарқын көрнісі болса керек. Қай профессор үйінен тамақ арқалап келіп, жастар аш құрсақ жүреді ғой , аз да болса үйдің дәмінен ауыз тисін деп ойлайды дейсіз., Айта берсек, ағаның жақсы қаситтері өте көп. Сәкен аға Пайғамбарымыз сүйген нағыз көркем мінез иесі болды. Ағаның бойындағы асыл қаситтерден менің ойға түйгенім, адам қанша білімді, танымы терең болса, солғұрлым биіктеп кемелдене түседі екен. Кішіпейілдігі мен қарапайым мінезі Сәкен ағаны сол кемелділік тұғырына көтеріп тұратын. КОВИД деген пәле келмегенде, Сәкен ағамыз ортамыздың тұғырлы тұлғасы болып әліде аман-сау жүре берер ме еді, кім білсін... Халқының денсаулығын қорғаған жан ағамыз өзінің денсаулығына қамқор бола алмады. Жаратқан иеміздің пешенесіне жазған тағдыр жазу осылай болар. Бірақ,шүкір, тәуба деген асыл сөздерді таяныш етсек, шүкір дейміз ағаның соңында өшпес мұрасы– ғылыми еңбектері мен оқулықтары, өнегесі мол ұрпағы, ағаның ізін жалғар немерелері мен шөберелері қалды. Ағаның жағып кеткен отын маздатып, шаңырағының ұйытқысы болып отырған Тұраш апамыз бар. Алла апайымызға ұзақ ғұмыр беріп, бала-шағасының қызық-қуанышын ұзағынан көрсін. Сәкен ағаның алды пейіш, арты кеніш болып, ұрпағын рухымен қолдап жүргей! Сіз біздің жадымыздан өшпейсіз Кемерде жолыққан кемел аға!

Нұржамал БАЙСАҚАЛ,

Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер одағының Өзбекәлі Жәнібеков атындағы сыйлығының лауреаты, Алматы облысы, Панфилов ауданының Құрметті азаматы.

АҚ БАТАСЫ АҚ ЖОЛ БОЛҒАН ЖАН АҒА

Сәкен ағалармен мамам екеуміз Түркияға демалысқа барғанда танысқанбыз. Ата көрмеген мен үшін Сәкен аға асқар тау атамдай көрінді. Әңгімесі де, айтқан ақыл-кеңестері де жүрекке қонымды, жанға жайлы еді. Дәрігер мамандығын жүрегінде жылуы бар, адамдарды өз туысындай жақсы көретін, үнемі ізденісте жүретін адам да ғана таңдайтынын және бұл мамандықтың қыз баласына сондай жарасымды мамандық екенін айтып, маған «жолың ашық, жұлдызың жоғары, жағасын кір шалмас, ақ желеңді абзал жан бол!» деп ақ батасын берген еді. Ағаның берген ақ батасы жолымды ашып, С. Ж.

Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін үздік бітіріп, одан кейін өзім қалаған эндокринология саласы бойынша резидентураға түсіп бүгінде Алматы қаласындағы 12-емханада эндокринолог дәрігер, Орталық ауруханада осы сала бойынша кеңесші болып жұмыс істеп жүрмін. Ағаның «алдыңа келген әр науқасты өз жақыныңдай қабылда» деген сөзі үнемі менің жадымда тұратындықтан алдыма сырқаттанып келген адамдарды шынайы ықыласыммен қабылдап, шығарып салуға тырысамын. Адамдар алғыс айтып жатса, Сәкен ағаның «дәрігердің ақшасы аз, бірақ абыройы биік мамандық, науқас жандар сенің алыңа алдымен Аллаға, содан кейін ақ халат киіп отырған саған сеніп келеді, жақсы сөздің өзі оларға ем» деген сөзі ойыма оралып, оны дәрігерлік жұмысымда қағида етіп ұстанып жүремін. Тұраш апа мен Сәкен ағаның адамға деген сенгіштіктері мен адамгершіліктеріне мына бір жағдайды мысал еткім келеді. Кемерде дүкен аралап жүргенбіз. Маған таза былғарыдан жасалған бір куртка қатты ұнады. Мамам киіп көріп еді, сондай жақсы жарасты, мамама алыңызшы десем, ақшам жетпейді дейді. Мұны естіген Тұраш апай «менде ақша бар, алсаң алып алшы, қызыңа қатты ұнап тұр ғой» деп бізге жетпей тұрған жүз долларды ұстата салғаны. Мамамның рахмет Алматыда да осындай куртка бар шығар, содан кейін алармын дегеніне қарамай, біздің жақта мұндай күртелер қымбаттау ғой, алып ал деп, ақыры алғызды. Ол кезде ақшаның құндылау кезі ғой, біз ол ақшаны қайтара аламыз ба жоқ па ойына да алмастан жүз долларын ұстата салған Тұраш апай мен Сәкен ағаға риза болған едім. Мұндай жақсылық жасау, бір көрген адамға сеніп артып ақша беру дегеніңіз сирек кездесетін жағдай ғой. Осының өзі ол кісілердің адамгершіліктері мол адамдар екенін көрсетсе керек. Сәкен ағаның қайтыс болғанын естігенде туған ағамызды жоғалтып алғандай ұзақ уақыт сене алмай жүрдік, Аға маған эпидемиология туралы қазақ тілінде жазылған оқулық кітаптарын сыйға тартқан еді. Бірақ менің бұл мамандықты таңдауға рухым жетпеді, аға жолын дұрыс алып жүре алмасам үлкен сын ғой деп ойладым. Бірақ Сәкен ағамның жағаңды кір шалмасын деген сөзін қағида етіп ұстанып келемін. Аға сеніп айтқан жақсы маман болуға тырысамын. Алғыс алған сәтте мерейім өсіп қалады. Тойымызда өмірлік тәжірибелерін, отбасы болудың, бақытты ғұмыр кешу туралы мағыналы сөз айтып, шаңырағымызға шаттық тіледі. Өсіп, өніңідер деген аталық ақ батасын берді. Шүкір ата тілегі қабыл болды. Қазір үш перзентіміз бар. Жақсының шарапаты деген осы болар. Жаңыңыз жанатта болып, рухыңыз көкте шалқысын, ақ баталы, ақ тілекті Сәкен аға!

Тоғжан Нұрланқызы,
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің түлегі, эндокринолог- дәрігер.

Аға деген ізетке лайық жан еді

Дүние жалған арбайды,
адамгершіліктен өзге ешнәрсе
әлемде бірақ, қалмайды.
(Фирдоуси).

Алматыға жолым түссе, міндетті түрде арнайы бұрылып сәлем беретін елге сыйлы азамат, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым-дәрігер Сәкен Әміреев аға. Ол Қазақтың ұлттық С.Ж. Асфендияров атындағы медициналық университетінің эпидемиология кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Кездескен сайын тура туған інісіндей құшақ жая қарсы алып, ризашылық сезіммен амандық-саулықты сұрап, ыстық кофе, немесе шай іше отырып, ғылым мен өмір төңірегінде әңгіме-дүкен құратын едік.

Жақсының жанында бірер уақыт болғанның өзі адамға ерекше бір күш-қуат, жігер қосып, арман-қиялға қанат бітіріп, ой-санаңды жаңғыртып, көңілдің көкжиегін кеңейте түсетін қасиет барын білеміз. Ортамызда Сәкен Әміреұлы секілді жаны жайсаң, көңілі көктем, жүрегі жомарт абзал азаматтар көбірек болса, мына дөңгелеген құйтырқы дүние мәнді де сәнді, қызықты да бақытты болар еді-ау деген ойға кетесің еріксіз сол сәттерде.

«Тектіге - ар қымбат, ғашыққа - жар қымбат, батырға - намыс қымбат, қорқаққа - жан қымбат, діндарға - иман қымбат, білімдіге - уақыт қымбат, дарындыға - өнер қымбат, мансапқорға - тақ қымбат, дүниеқоңызға - мал қымбат, саудагерге - алтын қымбат...» - деген бұрынғыдан келе жатқан қазақта нақыл бар. Зерделеп көрсеңіз, бұл сөздердің философиясы терең, даналыққа тұнған, зор мәні бар, аса құнды нақылдар. Сәкен аға үшін бұл дүниеде адамгершіліктен қымбат еш нәрсе жоқ еді.

С. Әміреұлы Алматы облысының Алакөл ауданының Екпінді ауылында 1940 жылы қарапайым отбасында дүниеге келіп, орта мектепті үздік бітіргеннен соң дәрігер болуды армандап Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне құжаттарын тапсырады. Бағы жанып, сынақ емтихандарынан сүрінбей өтіп, сол 1958 жылы студент атанды. Оқу озаты бола жүріп қоғамдық жұмыстарға етене жақын болды. Қолына дәрігерлік диплом тигенде оған Қазақтың эпидемиология, микробиология және гигиена ғылыми-зерттеу институтына жолдама қоса берілді. Сөйтіп, сол мекеменің ғылыми қызметкері болып орналасып, алдағы бүкіл өмірі ғылым мен ұстаздықпен тығыз байланыста өрбіді. Ғылыми ізденісінің бағыты - жұқпалы аурулардың таралу себептері және оларды болдырмау шаралары на негізделді. Мәскеуде 1970 жылы кандидаттық, ал 1989 жылы докторлық диссертаиия қорғады. 1995 жылдан бері медициналық университеттің кафедра менгерушісі.

«Кісілікте кішілік бар», «Ұлық болсаң кішік бол» деген бабаларымыздан келе жатқан сөздердің мәнісіне барсақ, оны күнделікті өмірімізде орындауға тырыссақ, қалай болар еді - мына зыр қағып ұршықтай дөңгелеген дүние, оқтай зымырап, сынаптай жылжып өтіп жатқан жылдар?! Әділдік, шындық, адалдық сияқты адамдықтың асыл қасиеттері әр адамның бойынан табылып жатса, сәулелі күніміз жарқырай түсіп, нұрлы әлем көкжиегі кеңейе түспес пе еді? Әттең, өкінішке қарай, өмірде олай емес. Өтірік сөйлеу, орындалмайтын уәде

беру, басқаларға жағу үшін жалпаңдау, жалған тірлікке жақын болу, жылпостық, жасанды бауырмалдық және т.б. жиіркеніште теріс қылықтар мен ойнақы мінездер қазіргі өмірімізде көбеймесе азаймай тұр. Мұны біразымыз «қазіргі заманның ағымына сай кісі екен» («современный человек») деп кейде олардың жағымсыз теріс іс-әрекеті мен мінезін орынсыз мақтап, тіпті қолдап та жатамыз.

Профессор С. Әміреевтің өмірге, қоғамға, еңбекке деген көзқарасы өзгелерден мүлде өзгеше болды. Оның өмірлік қағидасы: халқыңа адал қызмет ет, қолдан келгенше басқаға көмек-жәрдем бер, ұстаз болдың екенсің білікті әрі білімді мамандар дайындауға бар мүмкіншілігіңді жұмса. Сондықтан болар, ол әрдайым беріле қызмет етіп, халықтың денсаулығын жақсарту, жұқпалы аурулардың алдын алу және олармен күресу жолдарын іздеуден жалықпай, эпидемияларға қарсы жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында шаршамай талмай тер төкті. Онысы жеміссіз, табыссыз емес. Сәкен ағаның атқарып жүрген еңбектерімен етене таныс Ресейдің ғалым-дәрігері, академик Б.Л. Черкасский өзінің «Путешествие эпидемиолога во времени и пространстве» (Мәскеу, 2003) былай деп жазады: «Профессор С. Амреев признанный ученый-эпидемиолог, крупный специалист по изучению эпидемиологии бруцеллеза. Он является правоверным последователем социально-экологической концепций эпидемиологического процесса, которая затем явилась методологической основой его докторской диссертации по бруцеллезу...».

Ал, республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері, медицина ғылымының докторы Кеңес Оспанов пен Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері медицина ғылымдарының кандидаты Еркін Дүрімбетов профессор Сәкен Әміреев жайлы мынадай жылы лебіз білдірді:

- Медицинаның эпидемиология саласының қызметімен таныс жұрт оның дәрігерлерін «көрінбейтін майданның қызметкерлері» деп орынды атайды. Шынында, эпиедемиолог тергеуші тәрізді жұқпалы ауру шыққан ошаққа (орынға), мекемеге барып, мән-жайды зерттеп, оның болу себебін анықтауы керек. Сонымен қатар оның көпшілік арасына таралмауын қадағалап, алдын алу (профилактикалық) іс-шараларды жүргізеді. Біздің қызметтің емші-дәрігерлерден тағы бір ерекшілігі - жұмыс нәтижесі бірден көрінбейді, ауруды емдемейді. Олардың ауруларды болдырмауда, таралмауына атқарған ісі көпшіліктің көзіне түсе бермейді. Сондықтан эпидемиологтардың атқарған қызметін жалпы халық ұғынып, орынды бағаламайды, кейбірі тіпті білмейді де. Емдеуші-дәрігерлерге айтатын алғысын, ризашылық сезімін оларға білдіре бермейді.

Дәрігер-ғалым Сәкен Әміреев елімізде эпидемилогия ғылымын күнделікті өмірмен, практикалық қызметпен тығыз байланыстырып, оның шешілмей жатқан күрделі жұмбақ жақтарын терең зерттеп, дер кезінде тиімді ұсыныс жасап отыратын көреген білікті де білімді ғалым. Ол кісіден алар тәлім-тәрбие, дер уақытта кеңестік көмек көл-дария. Біз әрдайым Сәкеңмен тығыз байланыста болып, ақыл-кенес алып, пайда болған проблемаларды кең талқылап, нәтижелі істер атқарудамыз. Ғалым болғаннан кейін осы Сәкен ағадай болу керек: пайдасын елі, жұрты көретіндей.... Сәкең өмірден көргені, ойына түйгені мол, әлі де халқына берері көп білімді, білгір маман- эпидемилог.

Қазақта «Кеткен күшіңді сұрамайды, біткен ісіңді сұрайды» дейтін ұлағатты сөз бар. Айналаңдағы жұртқа, қоғамға, тіпті өз отбасыңа сенің жұмсаған күшің емес, тындырған ісің керек. Бар еңбегің, маңдай терің, тіпті құның тек сонымен бағаланады. Сол жолда ауырасың ба, өлесің бе, ол есепке алынбайды.

Бұл жағынан алсақ, профессор Сәкен Әміреұлы - ұстаздық пен ғылымды тең ұстаған көреген азамат, 300-ге жуық ғылыми мақалалардың, 4 монографияның, 40-тан астам тиімді ұсыныстардың, көптеген құнды әдістемеліктердің авторы. Еліміз егемендік алғаннан кейін республикамыздағы медицина жоғары оқу орынларының қазақ топтарындағы студенттердің оқу құралдарының жоқтығынан қиналғандығын ұққан ұлтжанды профессор Сәкен Әміреев қазақ тіліңде өз мамандығы саласында бірнеше оқулықтар жазды. Атап айтсақ, оның 2 томдық «Эпидемиология», «Медициналық паразитология» оқулықтары - шебер, жатық та ұғымды тілмен студенттер мен ұстаздар, аспиранттар мен ізденушілер үшін жазылған құнды еңбектер. Әр жылдары баспадан шыққан «Эпидемиологический надзор за зоонозами», «Бруцеллез», «Зоонозды аурулар ошақтарын тексеру эпизоотиялық-эпидемиологиялық картасы», «Эхинококкоз» атты монографиялары да көпшілік үшін сұранысы төмеңдемеген бағалы дүниелер.

Тәжірибелік эпидемиолог-дәрігерлер үшін ТМД кеңістігінде бұрын-соңды жарық көрмеген екі томдық «Стандарты и алгоритмы мероприятий при инфекционных болезнях» («Инфекциялық ауруларда жүргізілетін шаралардың стандарттары мен алгоритмдері») атты көлемді де құнды еңбегі Алматыда 2007-2008 жылдары баспадан шықты. Ол кітаптары ғалымдар мен қарапайым дәрігерлер арасында жоғары бағаланып, күнделікті тәжірибелік жұмыста пайдаланылатын, басшылыққа алатын еңбекке айналды.

Ел аузында «Жол қадірін жүрген біледі» деген қанатты сөз бар. Бар ақыл-ойын, жинаған мол тәжірибесін қағазға тізіп, оны ғылыми дәрежеде қорытып, байытып, басқалар үшін пайдалы, құнды, тартымды кітаптар мен оқулықтар жазу жеңіл тірлік емес екенін, оның қадірі көз майын тауысып, талай дүниені ақтарып, өзен жағасыңдағы қиыршық құмнан алтын шайғанмен пара-пар екенін көпшіліктің сұранысына ие болған монография, кітап, бағалы ғылыми еңбек жазғандар жақсы біледі. Сол кітаптар мен оқулықтар жұмыс уақтында емес, демалыс күндері мен күнделікті жұмыстан кейінгі ұзақ түндерде жазылатынын біреу білсе, біреу білмес. «Ғылым - инемен құдық қазғаңдай» демекші, көпшіліктің ойынан шығатын тартымды кітап жазу еріккеннің ермегі емес, баюдың жолы да емес, «өлең айтсаң, жаныңды жеп айтасың» дегендей, көз майынды тауысып, жазу үстелі басында шұқшиып, мызғымай, тапжылмай ұзақ отыру қияметтің қияметі екенін ұққанымыз ләзім. Бұрынғы замандағыдай ол еңбегің үшін қомақты қаламақы да алмайсың...

Профессор С. Әміреевтің ғылыми еңбектері тек Қазақстанда емес, ТМД елдерінде, АҚШ-та, Израильде, Испанияда, Түркияда, Монғолияда және де басқа шет елдерде белгілі. Халықаралық конгресстерде, конференцияларда жасалған ғалымның тартымды, өзекті баяндамалары мен хабарламалары көп жұрттың көңілін аударып, ұсынған жаңалықтары, тың ойлары өзге жұртты да қызықтырды. Шетелде жасаған баяндамалары мен баспадан шыққан бірнеше еңбектері әртүрлі сыйлықтарға, дипломдарға ие болды.

«Шәкіртсіз - ұстаз тұл» дегендей, Сәкен Әміреұлының да ұстаздық қызметі ізсіз қалған жоқ, артында оның ғылыми ісін жалғастырып жүрген шәкірттері, құдайға шүкір, аз емес. Ол дайындаған 4 ғылым докторы, 20-дан астам ғылым кандидаттары мен көптеген білікті мамандар бүгінгі күндері еліміз медицинасының әр саласында абыройлы қызмет атқаруда. Сәкен аға олармен байланысын үзбей, ұстаздары ретінде ақыл айтып, әріптестері ретінде ой-пікір бөлісіп отырады. Бұл да оның адамгершілік игі қасиеттерінің адам қызығарлық бір қыры десек, артық айтқанымыз емес.

Қазіргі кезде ғылым жайында, оның жаңалығы, пайдасы туралы әртүрлі сөз көп. Ойдан-қырдан (диссертациялардан, басқа елдерде баспада жарық көрген мақалалардан) жинаған материалдардың басын біріктіріп, көшіріп, өзінше «мұртын басқандай» өзгертіп, атып-шатып, «шапанның өңін айналдырып», тігісін жатқызып, диссертация ретінде ұсынып жатқандар да табылады. Біреулердің қолдауымен «біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы» дегендей, немесе «көз қысты, бармақ басты» болып, сабын көпіршігіндей көпіріп тұрған, қауқарсыз, желбуаз диссертациялар қорғалып жатқанын да білеміз. Бірақ, «Итмұрынды тізгенмен моншақ болмас» дегендей, ертең әлгі «жаңа піскен ғалымымыз» ұлттық ғылымға, оны алға жүргізуге өз үлесін қоса ала ма екен? Олар керісінше, пайдасынан зияны мол болып, білікті де білімді, еңбекқор, түйсігі мол, жаны таза ғалымдардың жағасына жармасып, аяғынан шалып, қадамын аштырмай кедергі, тіпті кейбіреулерге қиянат жасайтыны белгілі.

Бірде Сәкен аға ғылым жайлы сөз болғанда тақпақтап былай дегені есте калыпты:

Күшті болса, күңдігін табады,
Ақылды болса, жылдығын табады.
Ғылым болса, өшпейтін етіп,
Өмірінің шындығын табады.

Шынында, саналы ғұмырын ғылымға, ұстаздыққа арнаған азамат өмірінің бекерден бекер бос өтпей жатқанын сезініп, өзінің адамзатқа пайдалы іс атқарғанынан рахат тауып, көңілі марқаятыны белгілі. Ғылымға шын берілген талай ғұлама ғалымдар киімінің көктігіне, қарнының аштығына көңіл аудармай, уақытпен санаспай беріле еңбек етіп, есімдері мәңгілік тарихта қалғанын жақсы білеміз. Олар дүние мен байлыққа, тақ пен атаққа қызықпай, ғылымды бірінші кезекке қойды, соның жолында барлық ғұмырын сарп етті. «Білімдіге - уақыт қымбат» деген аталы сөз, сірә, осыдан туындаған болар...

Сәкен Әміреұлында бос уақыт, демалыс мүлдем жоқ десе болғандай. Республикалық Жоғары аттестациялық комиссия мүшесі, Денсаулық сақтау министрлігінің эпидемиолог-кеңесшісі, медицина университетінің ғылыми кеңесінің, ғылыми-практикалық журналдың редколлегия және диссертация қорғау кеңесінің мүшесі, аспиранттар мен докоранттардың ғылыми жетекшісі және тағы да басқа қоғамдық игілікті жұмыстар ешбір дамыл бермейді, демалтпайды. Олардан басқа студенттерге күнделікті дәріс беру, ғылыми конференцияларға қатысу, эпидемиология саласы бойынша сарапшылық жасау, диссертанттардың жұмысымен танысып, оларға өз пікірін білдіру, бағдар-бағыт көрсету, ақыл-кеңес беру және де басқа жұмыстар бос уақыт қалдырмайды. Сәкен Әміреұлы соған қарамай шаршап-шалдығуды, қабақ шытып, ренжуді

білмейді. Биіктерді аңсаған қыран тәрізді әрдайым қомданып, қанаттанып, көңілі жадырап, ашық-жарқын жүреді. Оның еңбекқорлылығына, табандылығына, ізденімпаздығына, интеллектуалдылығы мен парасаттылығына тәнті боласың.

Сәкен ағамыздың қас-қабағына қарап, отбасына әмәнда жылылық сыйлап, шаңыраққа бақыт-береке ұялатып, өмірдегі сенімді серігіне, тірегіне айналған Тұраш Есмұратқызының мамандығы - биолог. Зейнеткерлікке дейін ұзақ жылдар бойы ғылыми-зерттеу институтында қажырлы еңбек етті. Екеуі ұл және қыз өсіріп, оларға жоғары білім беріп, үлкен өмірге жолдама берді. Немерелері, шүкіршілік, жас шыбықтай желкілдеп өсіп келеді. Олар - ата мен әжелерінің көңілдерін жадыратып, рахатқа бөлеп, өмірге ризашылық сезімін тудыратын көз қуаныштары.

Сонау XI ғасырда өмір сүрген кемеңгер ойшыл Жүсіп Баласағұн:

Ақыл болса, жаһан тұтар ер кемел,
Білім болса, билер елді ер де ерек.
Қос қасиет басын қосса - ер бүгін,
Бүтін Ерге тиер әлем - жер бүгін!
Ізгілік пен жақсы қылық амалы,
Солармен Ер екі дүниені алады!
Қайырым күтсең ақылыңмен аңғар да,
Қайырым жаса қайырымды жандарға!
Кісі мәңгі тұрмас, мәңгі - ат, ары.
Мәңгі қалар оның жақсы атағы!

деп жырлағандай, дәрігер-ғалым, ұстаз - профессор Сәкен Әміреұлы секілді жақсы ағаның адамгершілікке толы дархан мінезі, ізгілікті жүрегі, өзгелерге шапағаты, ұлағатты ұстаздық еңбегі жүрген ортасына нұр сеуіп, ғылымның қия жолында өзі салған сүрлеуімен жаңа биіктерге көтеріле беретініне сеніміміз мол.

Сағындық ОРДАБЕКОВ,
медицина ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.



Узан Мулдашевич Искаков,
заслуженный деятель Казахстана,
д.э.н., профессор

Сакен навсегда останется в наших сердцах!

8 сентября 2021 года после непродолжительной болезни на 81-м году жизни ушел в мир иной доктор медицинских наук, профессор Сакен Амиреевич Амиреев. Это была тяжелая утрата не только для семьи, но и для нас окружающих его. Мы потеряли не только милого и обаятельного человека. Мы потеряли Друга с большой буквы! Друга, который был всегда отзывчив, всегда внимателен. Друга, который жил в сердцах многих людей и был в нашей жизни.

Уход Сакена был тяжелым для нас и тем, что многие не могли проводить его в последний путь, проститься...

Сакен Амиреевич рос в большой и дружной семье. В семье росли четверо мальчиков и самый младший был он. Несмотря на то, что он был младшим, он проявлял заботу о своих старших братьях и детях, которые жили в сельских местностях. Он со своей любимой супругой Тураш, живя в городе Алматы, помогал своим родным учиться в вузах и колледжах, женил и выдал замуж своих племянников. И эти все мероприятия проводились с участием нас, его друзей. А в последствии он с Тураш женили сына Аскара и выдали замуж свою дочь Алию, которые подарили этой семье внуков и внучек. На всех этих праздниках присутствовали не только его родственники, но и близкие друзья и коллеги. Эти грандиозные торжества семьи Амиреевых были яркими, красочными и незабываемыми во всех отношениях.

Я познакомился с Сакеном Амиреевичем в начале 70х гг. прошлого века, т.е. более 50 лет тому назад. Представляется мне (в то время работал я в киноколледже), как родственник поступившего к нам студента. Он, как родной его дядя, хотел бы узнать: как учится его племянник, какова его посещаемость, поведение? Я пригласил классного руководителя, который охарактеризовал его как прилежного студента и хорошо воспитанного мальчика. И Сакен чуть не в слезах воспринял эту радостную информацию, отблагодарив этого преподавателя.

С тех пор началась у нас крепкая дружба, в том числе и семейная. Нас объединяли общие интересы, общие знакомые, общие взгляды на жизнь и на науку. Так уж получилось, что мы тесно общались с Сакеном Амиреевичем и участвовали во всех знаменательных событиях их семьи, происходивших не только в городе Алматы и селе Екпенды Кабанбайского (бывшего Андреевского) района Алматинской области, где он учился и закончил школу. Сакен был

творческой натурой. Он со своей любимой супругой Тураш к любому праздничному торжеству своей семьи или его близких людей очень тщательно готовились. Праздничные мероприятия четко планировались, распределялись роли выступающих: кто-то пел, кто-то читал стихи или

готовил речь. Сакен, обладая богатым как казахским, так и русским языками, эффектно и красиво поздравлял родных и особенно друзей.

Сакен и Тураш принимали активное участие в мероприятиях, праздниках наших детей и готовили интересные поздравления. Мы сейчас с детьми с удовольствием смотрим эти поздравления в записях. И чтим память Сакена...

Сакен Амиреевич являлся одним из ведущих ученых в области медицины. Всю свою трудовую деятельность посвятил этой благородной системе.

После окончания Алма-Атинского медицинского института с отличием был направлен в Казахстанский институт эпидемиологии, микробиологии и инфекционных болезней, где он дорос до руководителя лаборатории, занимающейся исследованием болезни бруцеллез. И он тогда с упоением, как сейчас ясно помню, рассказывал мне, что бруцеллез - это инфекционное заболевание, возбудителем которого являются бактерии рода Brucella и передается человеку от больного животного. И он мне говорил: «Имей ввиду, что наша страна является аграрно-индустриальной, поэтому для нас очень важно всеми методами и мерами не заразиться этой опасной болезнью.» И я сейчас, по истечение более 50 лет, размышляю, как мой друг в таком молодом возрасте думал о будущем нашей страны и ее народе? Поэтому неслучайно, что его пригласили в мединститут заведовать ведущей кафедрой.

Сакен Амиреевич бессменно руководил кафедрой «Эпидемиологии» института в течение многих лет, не оставляя в стороне и научно-исследовательскую деятельность, написав несколько монографий и статей. В 1970 году Сакен защитил кандидатскую, а в 1989 году в г. Москве и докторскую диссертации.

Являясь одним из видных специалистов в области подготовки медицинских кадров, Сакен Амиреевич пополнил страну значительным количеством специалистов медицинской отрасли, в том числе и научных. Он подготовил 14 магистров, 27 кандидатов и 12 докторов медицинских наук. Этот большой вклад Сакена Амиреевича навсегда останется в памяти как поколения настоящего, так и будущего. Такой богатый и насыщенный путь ученого, Человека с большой буквы никогда не забудется! И к этой оценке, я как близкий друг добавил бы, что Сакен был яркой, красивой и харизматичной личностью. Он был доброжелательным, очаровательным и очень добрым человеком.

Сегодня мы можем сказать, что наш Сакен, состоявшийся как супруг, отец, дедушка, ученый и как близкий друг многих друзей как в Казахстане, так и за рубежом.

Сакен Амиреевич всегда мог поддержать родных и друзей в трудную минуту, найти выход из сложной ситуации.

В нашей жизни сегодня, без Сакена, возникают ситуации, когда нам срочно нужен он. Но его нет...

Мы все скорбим...

Сакен Амиреевич рано ушел из жизни, но навсегда остался в наших сердцах.



Сен емеспе, досым !

Сен емеспе, досым Сәкен, әкелген Әмір атамыз дүниеге.
Жетісу өңірінен жарып шығатын жалғас болсын деп өміріне.
Жетемін деп атамыздың қойған мақсатына.
Жол салдың ғылыми саласының ордасына.

Сен емеспе, досым Түрекеңмен бақытты шаңырақ құрып
Үлгілі отбасы боп АТА – БАБАЛАРЫҢНЫҢ ізін өріп
Енді сен Асқар менен Әлияңа отау тігіп
Сүйіп –құшып отырсың немерелеріңді өз балаларыңнан артық көріп.

Сен емеспе, досым текті қуып қайрат, жүрек, ақыл арқасында
Отырсың бүгінде медициналық биік тұлғалы ғалымдардың ортасында
Бәріде, қазағымның тұлғалары сендей болса
Жарқырай берермеді қазақ азаматтардың ордасыда !

Сен емеспе, жан-жағыңа жинайтын адамдарды құшақ жайып
Отырады ол адамдар шуағыңда бір марқайып
Соның ішінде болып жүр ғой достарыңмен бауырларың
Көбейе берсін досым сыйлы ағалардан алған баталарың.

Алматы қаласы, досың Узан Мулдашұлы
11.01.2020 жыл.

Тауы биік аға еді...



«Аға» деген сөздің салмағы мен абыройы жаспен, туыстықпен емес, өмір жолымызда танысып, игі істерімен сүйсінткен ағаларымызға деген құрмет, сыйластықпен өлшенеді. Қазақтың «аға тұту», «аға көру» деген ұғымдарының өзі жай ғана жасы үлкен адамды аға деп атаудан биік мәртебені білдіретінін мен қазақтың нар азаматтарының бірі әрі өзі еңбек еткен саласының білгір маманы болған медицина ғылымының докторы, профессор, академик Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісіне ғылым мен білімінің өркендеп, өсуіне ерекше үлес қосқан ұстаз, ғалым. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті эпидемиология кафедрасының негізін қалаушы, вакцинология мектебінің директоры болған Сәкен Әміреев ағамызға арналады.

Мен ол кісінің туған ағасының баласымын. Кеңес заманының тәрбиесін көп көрген адам, оның үстіне басшылық қызметтегі үлкен лауазымы бар кісі, мүмкін өзіне де менің ағалағаным ұнайтын болар. Әлі күнге дейін есімде, мені Әбеке деп еркелетуші еді.

Ағамның ғылыми жұмыстары, әрбір мақаласы, әрбір сөзі мен ісі маған көп тәрбие берді. Сәкен ағамен әр кездесу, ол кісінің әңгімелері мен естеліктері бәрі мен үшін үлкен өнеге.

Бір адамның бойына біткен қасиетті топ-топқа бөліп жіктеуге келмейді, өйткені болмыс, тәжірибе, білім қосылып қалыптастырған қасиеттер адамның түр-тұлғасын тұтастырып, мынау іскерлік қабілет, мынау адамдық қасиет деп анық бір аражік қоймайды. Сәкен ағадан үлгі қылып алған ол кісінің өнегелі қасиеттерінен әр адам өзіне тәрбие алар деген оймен қолыма қалам алдым.

БІЛІМ - ЕР АЗЫҒЫ

Сәкен ағамның мені таңғалдырған әрі мен үшін үлгі болған қасиеті - көп оқитын және көп жұмыс жасайтын. Әдетте, қызметтегі адамдарда күнделікті жұмысты жүргізу, басқару, алдағы күнді жоспарлау сияқты қауырт істер бірінші кезекте тұратыны сөзсіз әрі сол жұмыстардың басқа көңіл сүйсінтетін әдеттерге мойын бұрғызуға шамасын келтірмейтіні де бесенеден белгілі жәйт. Қай сала болса да айтары бар, орынды пікір білдіре білетін ағамның жан-жақты білімі мені өте қатты таңғалдыруымен қатар, осы қасиеті өз-өзімді дамытуға қосымша меже болып келеді.

Медициналық кітап қоры да өте мол еді. Оның үстіне замандастары, әріптестері және өзі де шығарған кітаптарымен оқулықтарын, монографияларын өздері бір-біріне сыйлайтын. Ол кітаптар да бірден сөрелерге көшіп, шаң басып жатпайды, өйткені Сәкен ағам оларды қолына тие сала бір оқып шыққаннан кейін де ара-арасында қарап, оқып отыратын еді. Сол кітаптардың біразына алғысөз, пікір (рецензия) жазды.

Көп оқығанының әсері ме, өзі де көп жазатын. Жұқпалы ауруларға қарсы күресу тақырыбындағы мақалалары мен монографияларының, кітаптарының және оқулықтарының ұзын саны 200-ден асады. Еңбек жолында 12 медицина ғылым докторын, 27 медиңина ғылымының кандидатын және 14 ғылым магистранттарын дайындап шығарды.

Сөздің қадірін өте жақсы білетін. Медицина саласында білім алып, ғылыми жұмысын да сол саламен байланыстырған әрі жас кезінен бастап басшылық жұмыстарда болған адамның сөзге, медициналық термин сөздерге деген талғампаздығы сүйсінтетін. Не жазса да, соның әрбір сөзіне үлкен ықыласпен, ұқыптылықпен қарап, көп түзейтін. Мағынасын түсіндіруде қарапайым сөздерді көп қолданатын.

Екі томдық кітабын қолына алғанда, қатты риза болып, өзі туыстарына таратып берді. Ол кітапты мұқият оқыған адам қай мақаласы болса да, оның әрбір жолының астарында тәрбие, ұлағат жатқанын аңғарары сөзсіз.

Медициналық колледж, институт, университет студенттеріне және қарапайым аурухана қызметкерлеріне, медбике, дәрігерлеріне арнап науқасқа бірінші көмек көрсету туралы оқулықтарды қазақ тілінде жазып шығарды. Сол оқулықтардың біреуіндегі иллюстрация, схемаларды, паразиттік жұқпалы аурулардың дамуы туралы графикалық суреттерді маған жасатқаны әлі есімде.

КІШІПЕЙІЛДІЛІК — КІСІ КӨРКІ

Өнегелі әдеттерінің бірі үлкен-кішіге бірдей сіз деп сөйлейтін кішіпейілдігі еді. Сыпайылықтан құрмет туады, Сәкен ағамның әр адамның жеке басына деген құрметі өзі танитын дос-жаран, әріптес, сала мамандарының туған күн, мерейтой, отбасы қуаныштары немесе қазасы тәрізді оқиғаларды ұмыт қалдырмайтынынан да көрініс табатын. Үнемі біреуге құттықтау, біреуге алғыс жазып жүретін.

Сәкен ағамды қызметкерлері де ерекше бағалайтын. Өзім де есейе келе кейін ағамды тани келе, оның көзін көріп, басшылығымен жұмыс істеген барлық

қызметкерлердің құрметі мен сыйластығын тудырған оның әділдігі, білімі, қамқорлығы сияқты ізгі қасиеттері екенін түсіндім.

Бұндай асыл қасиеттің тәрбиеден бастау алары сөзсіз. Ата-ана барлық баласына бірдей тәрбие бергенмен, балаға ол сана-сезіміне, түйсігіне қарай қонады. Ол кісінің «Әуелі ата-анасын жақсы көрмеген, ағайын-туыстарына болыса білмеген адамның елге жақсылық жасауы да күмәнді» деген сөзінің астарында да осы ой жатқан сияқты. Өзі ата-анасын ерекше құрметпен еске алып отыратын, сол құрметі оның өз бауырларына, олардың балаларына қамқор болуға басшы болды. Ағайын-туыстарына ғана емес, жүрген ортасында айналасына мейірімін шашқан Сәкен ағамның атын оның көзін көргендер сыйластықпен атап, жылылықпен еске алып отыратынына талай куә болдым.

«Адамның асыл қасиеттерінің негізі - тәрбие» деген ойдың түбінде ата-ананың ғана емес, адамның озін-өзі тәрбиелеуі де жатқан болуы керек. Әке-шешенің өнегесі бала болмысының өзегін құрайды, ал қалған қасиетті саналы ғұмырында адам сол өзектің айналасында өзі қалыптастырады. Сәкен ағам да ата-бабадан келе жатқан ұлы қасиеттерді өзіне дарытып, әрі қарай өз жолымен дамыта білген азамат еді.

Інісі Аблан Әміреев
Суретші-ұстаз
Талдықорған қаласы
2023 ж.

Выдающийся казахстанский эпидемиолог Сакен Амиреев

С Сакен Амиреевичем Амиреевым, как заведующего кафедрой эпидемиологии Казахского Национального медицинского университета им.С.Д.Асфендиярова (ранее КазГМУ им С.Д. Асфендиярова), я познакомилась еще в годы работы в деканате санитарно-гигиенического факультета в должности заместителя декана (1995-1998 гг). Необходимо отметить, что в течение всех лет работы в ВУЗе Сакен Амиреевич много сил и энергии отдавал совершенствованию учебного процесса, воспитанию у студентов большого интереса к профессии, чувства долга и ответственности в ходе их обучения.

Он обладал искусством оратора излагав просто сложный материал. Лекции, читаемые профессором Амиреевым С.А., излагались подробно и доходчиво, иллюстрировались большим практическим материалом из обширного личного опыта эпидемиолога, призывал тщательно анализировать полученный материал.

Умение принципиально понять, научить, привить навыки студентам, вызвать у них интерес к научно-исследовательской работе в студенческом научном кружке – эта непростая задача была успешно реализована Сакен Амиреевичем.

Сакен Амиреевич уделял большое внимание укреплению связей университета с учреждениями практического здравоохранения, способствовал привлечению практических врачей к проведению самостоятельных научных исследований. Своими знаниями и солидным опытом практической работы по

специальности Сакен Амиреевич щедро делился как со студентами, так и с врачами, которые ценили его за государственный подход к подготовке эпидемиологов, за принципиальность, искренность, справедливость, порядочность в отношениях с людьми. Сакен Амиреевичем и сотрудниками кафедры систематически проводили семинары для врачей города и области по актуальным вопросам эпидемиологии. Особое внимание уделяли вопросам иммуннопрофилактики, как незаменимое мероприятие для предупреждения распространения и ликвидации инфекционных болезней, осуществлял научное руководство исследованиями по иммунопрофилактике инфекционных заболеваний.

Впервые в мире в 2007-2009 гг. под руководством Сакен Амиреевича в свет вышло 1–е издание руководства под названием «Стандартные определения случаев и алгоритмы мероприятий при инфекционных (паразитарных) болезнях» в двух томах на казахском и русском языках, которое охватывает 115 нозологических форм инфекций и инвазий. Далее руководство переиздавалось. Издание представляло комплексный труд учеников, сотрудников Сакен Амиреевича, отечественных и зарубежных коллег. Мне также посчастливилось участвовать в работе над 1-м изданием руководства. Уникальность этого руководства в том, что применение в повседневной практике данной методики дает врачам возможность безошибочно и своевременно определить случай болезни, соответствующий именно данной патологии по трем базовым критериям-эпидемиологическим, клиническим, лабораторным.

Большую помощь Сакен Амиреевич мне оказал по ходу работы над диссертационной работой по проблеме ВИЧ-инфекции. Личные качества Сакен Амиреевича - принципиальность, доброта, целеустремленность, жизнерадостность, активность, внимательное отношение к людям - снискали заслуженный авторитет среди сотрудников, врачей, студентов.

Профессор Амиреев Сакен Амиреевич был выдающимся ученым эпидемиологом.

Доскожаева Сауле Темирболатовна
доктор медицинских наук, профессор

Достойно прожил жизнь

Каждый человек оставляет свой след на жизненном пути в зависимости от достигнутых высот, проделанной работы, перенесённых трудностей и лишений. Наш старший брат, известный учёный с глубокими знаниями, доктор медицинских наук, профессор Сакен Амиреевич Амиреев скончался 8 сентября 2021 года после непродолжительной болезни на 81 году жизни.

Сакен ага преданно служил своей профессии, воспитал целую плеяду врачей и стремился дать не только профессиональные знания, но и воспитать личности с активной жизненной позицией. Не хочется верить, что среди нас нет нашего старшего друга, человека с большой буквы, которого отличала глубокая человечность, подлинная интеллигентность, высокий профессионализм, жизнелюбие и оптимизм.

Общение нашего брата Сакена с людьми, его вежливость, его простые, серьёзные и глубокие мысли, его остроумные шутки завораживали окружающих. Мы никогда не видели, чтобы он повышал голос или разговаривал с кем-либо грубо.

С Сакен ага нас свела баня Арасан. Более 25 лет постоянного посещения бани Арасан можно сказать, что она нас породнила, были встречи в узком семейном кругу, не забываемые поездки в Иссык-куль. Ежегодно 12 января были встречи друзей банного коллектива, где мы отмечали день рождения Д.А. Конаева не только как главы нашего государства, но и как творца бани Арасан.

Помним и последний 80-летний юбилей Сакен ага. От души радовались, что его окружают и уважают многочисленные родственники, присутствию на юбилее большому количеству его сокурсников, сотрудников по ВУЗу, выступлениям его внучек. Находясь рядом с Сакен ага, подражая ему можно было строить свою жизнь независимо от прожитых лет. Он видел в людях то хорошее, что другие не замечали. Очень приятный и простой в общении, культурный, толерантный, без спеси величия, хотя по заслугам в науке он был действительно великим человеком.

Его уход из жизни огромная потеря не только для семьи, науки, но и для нас-его друзей. Память о нем навечно сохранится в наших сердцах.

Друзья: Айталиев Бахытжан Салимович,
Садуакасов Алибек Жусупбекулы,
Сыдыков Владимир Нурымович

«Ни дня без строчки»
С.А. Амиреев



В научной жизни каждого человека встречаются личности, которые оставляют неизгладимый след и становятся настоящими наставниками. Для меня таким человеком стал мой «отец в науке» - Амиреев Сакен Амиреевич.

Это был Учёный с большой буквы, который всю свою жизнь посвятил эпидемиологии, подготовке студентов и воспитанию молодых специалистов. Его искренняя любовь к людям и преданность науке сочетались с высокой требовательностью и глубокой человеч-ностью.

Возглавляя кафедру эпидемиологии, он внёс значительный вклад в развитие отечественной науки. Несмотря на колоссальную загруженность, он всегда находил время для коллег и учеников,

делясь советом как в профессиональных вопросах, так и в жизненных ситуациях. Его самоотверженность, служит примером подлинного служения науке и обществу.

Я всегда буду помнить моего Учителя и его крылатые слова: «Ни дня без строчки». Эти слова стали для меня не только руководством в научной работе, но и жизненным девизом, напоминая о необходимости постоянного движения вперёд, каждодневного труда и верности избранному пути.

Своими успехами в науке я благодарна ему. С любовью и глубокой признательностью храню память о моём Учителе - Сакене Амиреевиче, который стал для меня примером подлинной человечности, мудрости и преданности науке.

Даниярова Анара Бахиткереевна,
к.м.н., асс. профессор

Үлкен жүректі ұстаз еді

Көрнекті ғалым, педагог, ұстаз және С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің құрметті профессоры - Сәкен Әміреұлы Әмиреевтің есімі отандық ғылымда, денсаулық сақтау жүйесінде және тұтас бір буын шәкірттері мен әріптестерінің жүрегінде мәңгілік сақталады.

Сәкен Әміреұлы мен үшін ғылыми жетекші ғана емес, нағыз Ұстаз болды. Оның шынайы қамқорлығымен мен ғылымға алғашқы қадамымды жасадым, кеңірек ойлануды, ақиқатты іздеуді және жеткен жетістікте тоқтап қалмауды үйрендім. Оның талапшылдығы әрқашан шәкіртке деген мейірімділікпен және жанашырлықпен ұштасып, қиын сәттерде қолдау көрсетіп, жаңа жетістіктерге шабыттандыратын.

Профессор Әміреев – іргелі де қолданбалы эпидемиология мен инфекциялық бақылау саласын бірдей табысты дамытқан сирек ғалымдардың бірі. Ол Қазақстандағы қазіргі эпидемиологиялық қадағалау жүйесінің негізін қалады, сондай-ақ ДДСҰ тарапынан өңірдегі үлгілі құжаттардың бірі деп танылған профилактикалық екпелердің Ұлттық күнтізбесін жасап, тәжірибеге енгізді. Оның бастамаларының арқасында елімізде полиомиелит жойылды, дифтерия түбегейлі жойылды және өзге де қауіпті инфекциялардың сырқаттанушылығы айтарлықтай төмендеді.

Ол 600-ден астам ғылыми еңбек, ондаған монография, оқулықтар мен ұлттық нұсқаулықтардың авторы болды, олардың көбі дәрігерлер мен зерттеушілер үшін таптырмас құралға айналды. Әсіресе әлемдік тәжірибеде баламасы жоқ «Жұқпалы және паразитарлық аурулар кезіндегі жағдайлардың стандартты анықтамалары мен іс-шаралар алгоритмдері» атты екі томдық еңбегінің маңызы ерекше болды.


Сәкен Әміреұлы тұтас бір ғалымдар шоғырын тәрбиеледі: 20-дан астам ғылым докторларын, шамамен 30 ғылым кандидаттарын, ондаған магистрлер мен жас мамандарды даярлады. Олардың әрқайсысында оның ғылыми мектебінің бөлшегі, дүниетанымы мен рухани байлығы бар.

Адам ретінде ол өте қарапайым, шынайы әрі ісіне шексіз адал жан еді. Оның қасында әрқашан жігер, рухани күш және нұрлы оптимизм сезілетін. Ол біз үшін әрқашан кәсібіне адалдықтың, адалдық пен ғылым мен қоғамға жоғары қызмет етудің үлгісі болып қала береді.

Профессор Сәкен Әміреұлы Әміреевтің жарқын бейнесі шәкірттерінің, әріптестерінің және онымен бірге еңбек еткен бақытты жандардың жүрегінде мәңгі сақталады. Оның ғылыми мұрасы мен педагогикалық мектебі Қазақстан медицина ғылымының дамуына және келер ұрпақтың денсаулығына қызмет ете береді.

Бейсенбинова Жанат Бекмуханбетқызы
бірінші аспиранты

Ғылыми-педагогикалық жұмыстардың нәтижелері көптеген алыс шетелдерде өткен конгрестер мен конференцияларда баяндама түрінде таныстырылды (АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Түркия, Израиль, Малайзия, Таиланд).





МАЗМҰНЫ

Сакен Әміреұлы Әміреев, ғылыми,
педагогикалық өмір жолынан қысқаша
деректер----------

Ғалым – ұстаздың өнегелі өмірі----------

Ғылыми жетістіктері----------

Фотожобасы----------

Мерейін арттырған мерейтойлық құттықтаулар----------

Педогогикалық жұмыс----------

Ғылыми жұмыстар бағыты----------

Коронавирустық инфекция – COVID-19----------

Еңбегін елеген сарапаттары----------

Әміреев Сәкен Әміреұлының
оқулықтар және оқу-әдістемелік
еңбектері----------

Ғылыми-әдістемелік еңбектерінің
тізімі----------

Естеліктер----------

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

ӘМІРЕЕВ САКЕН ӘМІРЕҰЛЫ

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ



С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

Алматы қаласы, Төлеби көшесі, 88